

12008/8030

К

*P Сыздықова*

**СӨЗДЕР  
СӨЙЛЕЙДІ**

*РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА*

*СӨЗДЕР СӨЙЛЕЙДІ  
(сөздердің қолданылу тарихынан)*

**МҰҒАЛІМДЕР МЕН СТУДЕНТТЕРГЕ  
АРНАЛҒАП ҚӨМЕҚШІ ҚҰРАЛ**

АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 1980

*Әкем Сәтіғали Құтқожаұлы мен анам  
Жеміс Қалуқызының абзал есімдеріне  
арнаймын.*

Қалың жүртшылық сүйіп оқитын батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, өткен ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармаларында, мақал-мәтелдерде бұл күнде мағынасы күңгірт немесе түсініксіз сөздер кездеседі. Мағынасы бұл күнгіден басқаша болып келетіндері тағы бар. Қітапта осындай сөздердің контекстегі қолданысы, түп-теркіні, мән-мағынасы ашылады. Қітап мұрагалымдер мен студенттерге және қалың қауымға арналған.

C 60501—42 230—80 4306010000  
404(07)—80

© Издательство «Мектеп» — 1980

## А Л Ф Ы С Ө З

Қалың жұртшылық, оның ішінде мектеп оқушылары сүйіп оқитын батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, XV—XIX ғасырларда өмір сүрген қазақтың ақын-жырауларының өлең-толғауларында, бағзы заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерде бұл күнде көп аса қолданылмайтын, мағынасы күнгірт тартқан немесе мұлде түсініксіз біраз сөздер кездеседі. Сонымен қатар, қазірде жиі айтылатын актив сөз болғанымен, жырлар мен ертеректегі шығармаларда беретін мағынасы бұл күнгіден басқаша келетіндері тағы бар. Мысалы, батырлар жырларында жиі кездесетін:

Мінгенде аты *ала-ды*,  
Қылышқ жұнді *кара-ды*,—

деген жолдардағы *ала* сөзі қазіргі «шұбар» деген түсті білдіретін сөз емес, «жылқы», оның ішінде «азбан» деген мағынадағы сөз (*ала~алаша~алаша ат*; орыстың лошадь дегені осы тіркестен шыққан деген пікірлер бар).

Немесе, XV—XVI ғасырларда өмір кешкен Шалқиіз (Шәлгез), Қазтуған, Доспанбет жырауларда:

Толғамалы *ала* балта колға алып,  
Топ бастадым өкінбен...  
*Ала* балта сұрысып,  
Тепсінісп келгенде...—

деген тармақтар бар. Мұндағы *ала* сөзі де түске қатысты емес деп ойлаймыз, бұл — «ұрыс балтасы» деген мәнде, яғни «өлтіру, қырып-жою» мағынасындағы сөз. Бұдан басқа да *ала* сөзі қатысқан «ұрыс, соғыс, қырып-жою, бұліншілік» деген мәндегі туынды сөздер мен тіркестер тілімізде едәуір: *алапат, аламан, алаши, алау, алаулау, ала сурғін, ала қыргын* т. т. Мысалы, қазіргі

тілімізде *алаулау* сөзінің «соғысу, шабуылдасу» мағынасы ұмыт болған, ал Махамбет ақында:

Алты күндей *алаулап*,  
Он екі күндей ой ойлап, —

деген жолдардағы *алаулау* сөзі «соғысу, шабуылдасу» деген мағынада қолданылып тұр.

Ала сөзінің ертеректегі қолданысы (беретін мағынасы) әлдекайда кеңірек болған. Мысалы, *ала топалаң, алаи-түлей, ала сапыран, алас-қапас* дегендердегі *ала* сөзінде «бейберекет, ретсіз, анық емес, тәртіпсіз» деген мән бар. Осы мән ауа-райына, табиғат құбылыстарына қатысты айтылатын *ала құйын, ала қөлеңке, алағанышқ боран, ала таң, елең-алаң* деген сөздерде де байқалады.

Сол сияқты, «Мен салар да, сен салар, атқа жемді кім салар» деген мәтелдегі алдыңғы *салар* сөздері жеке түрганда түсінікті тәрізді: *сал* деген етістіктің есімше тұлғасы сияқты көрінеді, ал шындығында *салар* — парсы тілінде «басшы, көсем, бастық» дегенді білдіреді.

Әпостық жырлар мен ертеректегі ақын-жыраулар мұраларында ғана емес, өлеңдері қекейімізге ұялап, сүйіп өкітін, көп жерін жатқа білетін күні кешегі Махамбет өлеңдерінде де арнайы түсіндіруді қажет ететін сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Мысалы, атақты «Ереуіл атқа ер салмай» дегенінде *ереуіл* — монгол тілінде «тың, мықты» деген ұғымды беретін *эрүүл* сөзінің казакша тұлғасы.

Кейбір жеке сөздер мен қалыптасқан тіркестердің де бұл күндегі қолданылуы, яғни беретін мағынасы мен ертеректегі қолданылуы бірдей еместігі байқалады. Мысалы, *ауыр* сөзін қазір біз салмаққа байланысты ұғымда (*ауыр жүк*) немесе осы ұғымнан шыққан ауыспалы мәнде *ауыр сөз, ауыр тиді, жұмыстың ауыры* деген сияқты тұстарда айтамыз. Ал бұрын бұл сөз *ауыр жұрт, ауыр қол* деген тіркестерде де келіп, «көп, сансыз» деген ұғымды да білдірген.

Көне өлең-жырларда кездесетін, қазіргі көшілік оқушыға түсініксіз бірқатар бейтаныс сөздер, оның ішінде, әсіресе араб-парсы сөздері мен көне сөздер, қару-жарақ, киім-кешек атаулары кейбір кітаптар мен оқулық-хрестоматияларда мүмкіндігінше түсіндіріліп отырылған. Бірақ, өкінішке орай, кей сэттерде қате түсіндірілгендері де аз емес.

Сондай-ақ контекске қарап ұғуға болатын *көбеген*,

*кебенек, жосын, түлей* (Тұлқі жортпас түлейден), *барым* (Талауға салды барымды), *төлі* (Тегіс жып алады, тентегі мен телісін), *кіреуке* (Кіреуке тонды жамылып), *сан* (Қайда барып төгемін, ішімдегі сананы), *үдере, үдеру* (Үдере көшіп барады, немесе: Қей жерде жаяу үдеріп...), *кен* (Әзіреті Қаратай Әулиенің кені еді), *сан* (он сан ноғай, алты сан қазак) сиякты сөздердің де сол контекстегі мағынасын, түп-төркінін ашып берудің артықтығы болмайды. Бұлардың сырны, тегін, мән-мәнісін біле жүру, бір жағынан, қалың көшілік үшін қызыгылдықты болса, екінші жағынан, ана тіліміздің байлығын игере түсулеріне, мұндай сөздерді орымен қолдана білулеріне көмектеседі.

Эрине, ертегі-жырлардағы, бұрын өткен ақын-жыраулар шығармаларындағы сөздердің басым көшілігі бұл күнде де қалың оқушыға әбден таныс, мән-мағынасы түсінікті сөздер. Баса айта кететін нәрсе — қазактың бай ауыз әдебиеті мен өткен ғасырларда өмір сүрген ақын-жырауларының тілі қазіргі көшілікке де өте түсінікті, анық болып келеді, өйткені бұлар — қазактың жалпы халықтық сойлеу тілінің негізінде жырланған мұралар. Бірақ сонымен қатар, бұларда жырланған тақырыпқа (мысалы, жауынгершілікке), көнеден келе жатқан образдарды пайдалануға, ескі тұрмыс-салтқа т. б. байланысты бұл күнде үміт бола бастаған немесе мұлде үмітылған, я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен тіркестердің кездесуі табиғи да заиды. Соңдай сөздердің сырны біліп, қолданылған жеріндегі мағынасын түсіну, олардың түп-төркінін танып отыру өте қажет деп білеміз. Әсіресе, бұл — мектеп оқушылары мен студенттерге, атап айтқанда, болашақ мұғалім, филолог-ғалым, журналист, жазушы-акындарға өтс-мөте қажет-ак.

Бұл — тіл мамандарының азгана тобына арналған таза лингвистикалық талдау емес. Мұндагы көздеғен негізгі мақсатымыз — сөзді фонемалық-морфологиялық тұлғасына қарай бүтарлаған этимологиялық ізденіс емес, сөздің не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданылуын, яғни семантикалық-мағыналық дамуын сөз ету. Сонымен қатар талдаған біркатор сөздердің түп-төркінін, яғни қаї тілдікі скепін де ашып беруді көздеңдік. Бұл соңғы әрекет көбінесе сөздің көне түркілік, өзге түркілік, монгол, араб, парсы тілдеріндік сипаттың ашу түрінде орындалады. Әйтпесе, қазактың өткендегі және қазіргі көркем әдеби тілінде мындаған саналатын өзге

тілдік кірме сөздердің түсіндірмесін, этимологиясын беру өз алдына істелетін, өзге кітаптың (жұмыстың, ізденістің, зерттеудің) міндеті болмақ.

Бұл кітапта әнгіме болатын сөздер мен тіркестер оқушының тез тауып алуы үшін, алфавит тәртібімен берілді. Кей сәттерде реестрге (сөзтізбеке) жеке сөз емес, сөз тіркесі алынды. Сондай-ақ, енді бір тұстарда алфавит жағынан әр жерде тұруға тиіс скі-үш сөз бір реестре берілді. Мысалы, *бұлан*, *құлан*, *тарпан/тарпақ*, немесе: *азамат*, *шора*, *жолдас* дегендер бірінші сөздің алфавиттегі орнымен берілді. Магынасы жағынан бір текстес (мысалы, жабайы жан-жануарлардың атауы) немесе синонимдес сөздер көбінесе осылайша қосақталып берілді. Кейбір сөздердің екі-үш түрлі жазылып, айтылып жүрген жайлары кездесті, оларды ортасына тік сызық қойып, қатар бердік. Мысалы: *күдері/кедіре/күдіре/көдіре; қазына/қазине; қара орман/қара орын* т. т.

Әнгіме мүмкіндігінше көпшілік кауымға түсінікті стилде жүргізілді, дегенмен барлық талдау ғылыми негізге сүйенгендейді, кейбір лингвистикалық терминдер колданылды. Оның үстіне ғылыми аппаратты (ғылыми әдебиет) көрсетіп отырдық. Бүгінгі оқушы кауым орыс тілін де өте жақсы білетіндігін ескеріп, бірен-сарап сәттерде кейбір цитаттар мен сөздің мағынасын ашатын түсініктемелер, сөздіктерден алынған цитаттар орыс тілінде берілді.

Материалдан соң, оның қай текстіден алынғандығы жақшаша ішіне қысқартылып берілді. Бұл текстер жарияланған кітаптардың аты, шыққан жері, жылы көрсетілген тізім осы кітаптың соңында берілді. Сөздіктердің сілтемесі де жақшаша ішіне мейлінше қысқартылып көрсетілді. Мысалы, «Будагов, I, 752» деген сілтеме Л. Будаговтың Санкт-Петербургте 1869, 1871 жылдары I, II том болып шыққан «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» деген сөздігінің I томының 752-беті дегенді білліреді. Немесе «ДС, 573» деген жақшаша ішіндегі қысқартулар «Древнетюркский словарь», Ленинград, 1969» деген кітаптың 573 беті дегенге сілтейді. Жеке авторлардың еңбектеріне жасалған сілтемелер де жақшаша ішіне қысқартылып көрсетілді, олардың да тоғын аты-жөнін кітап соңынан табуга болады.

Көпшілік оқушыга таныс болмағандықтан, кейбір кітаптар мен сөздіктерден алынған цитат мысалдар латын немесе араб әрінтерімен жазылған түрінен өзгерти-

ліп, қазіргі жазуымызбен берілді. Бұл кітапта кейбір сөздердің осы құнгі емлеміз бойынша дұрыс жазылған түрлерімен қатар, өзгешелеу түрде жазылған вариантыры да бар. Олар мысал алынған кітапта солайша жазуына немесе сөз түбірінің о бастағы тұлғалануына байланысты келтірілді. Мысалы, *абжылан* ~ *әбжылан*, *алапа* ~ *алафа*, *қараши* ~ *қараша* т. б. Бұл, әрине, осы сөздерді осылайша екі-үш түрлі етіп жазу керек деген сөз емес.

Келесі бір ескертетіш нәрсе — жырлардан, ақын-жыраулар мұраларынан алынған мысалдардың қай жылғы басылымынан келтірілгендей, беті көрсетілмеді. Бір жырдың екі-үш, не одан да көп басылымы болды, сол сияқты Махамбет ақынның соңғы екі-үш басылымы бар. Біз өлең жолдарын солардың барлығынан да алдық. Сондықтан кейде белгілі жырдың немесе өлеңнің бірер сөзі не әрпі окушының қолында бар басылымдағыдан басқаша болып тұрса, оны осы кітапты шығаруда кеткен қате немесе салақтық деп емес, сол цитаттың өзге басылымнан алынғандығының нәтижесі деп тану керек. Өйткені бір жырдың әр түрлі басылымында азды-көпті айырмашылықтар бар екені аян.

Кітап, ең алдымен мұғалімдер және мектеп оқушыларына, студенттер мен жас қаламгерлерге арналады. Одан қалды, бұл кітапты туған тілін мейлінше сүйіп, оның әрбір сөзіне зер салып отыратын, әр нәрсені білмекке құмартатын көпшілік қауымға да ұсынамыз.

## СӨЗДЕР СӨЙЛЕЙДІ

**Абжыландай толғану.** Қазақтың эпостық жырларынан *абжыландай толғанып* деген сөздерді кездестіреміз. Мысалы, «Қызы Жібек» жырында Төлеген мен Қаршыгана Жібектің көшін тапқанға дейін кездесетін, бірінен бірі асып түскен сұлу қыздардың біреуі:

Алтынды камшы қолға алып,  
Абжыландай толғанып,  
Бұрапалып кетіп барады («Қызы Жібек»),—

деп суреттеледі: Немесе: Алпамыстың қарындасы балттын жас Қарлығаш та:

Алтыншан кемер байланып,  
Абжыландай толғанып («Алпамыс»)

келе жатады. Бір ғажабы — бұл тенеу-образ сұлу қыздың ие батырды суреттегендеге айтылады. Мысалы, жас батыр Алпамыс:

Саймандарии сайланып,  
Алтыншан кемер байланып,  
Абжыландай толғанып,  
Қызыл наїзә колға алып,  
Шұбарға карғып мінеді («Алпамыс»).

Оны жырдың 1961 жылғы басылымындағы (Алматы, «Гылым») баспасы) ғалыми түсіндірmede бұл фразаға. Как водяная змея, символ быстроты и стремительности деп анықтама берген. *Абжыландай толғанып* деген тенеудің әдебиет зерттеушілерінің көбі шашандықтың білдіретін немесе сұлу қыздың жүрісінде тал шыбықтай бұрапалған түрін суреттейтін образ деп таниды. Оған жылданың су ішіндегі тез қимызы, прелецдереген көрінісі негі: болып тұр деп біледі. Бұл жартылай дұрыс, жартылай бұрыс. Тіркестің ненің образы (символы) екені

көрсетілгені дұрыс, ал ол образға негіз болған нәрсе су жылан деп тану — жаңсақтық. Кейбір зерттеушілер абызылан сөзінің төркінің парсының *аб* (су) деген сөзі мен қазақша жылан деген сөздің бірігуінен жасалған деп түсіндіреді. Сөйтіп, абызыланды «су жылан» деп үк-қаннан кейін, су жыланның «жүріс-тұрысыны», «кеекін-кейпін» іздеп, оның «тал бойынан» табылған қасиеттерін сұлу қыз бен батыр жігітті суреттейтін образды тіркеске икемдестіреді. Ең алдымен, абызылан су жылан ба? Жоқ. Ол жөнінде алғаш пікірді А. Махмұтов айтты да, ол осы сөздің төркінің жаңаша «төрітті» (тудырды). Зерттеуші мұндағы *аб* бөлігі парсы сөзі емес, кейбір түрік тілдеріндегі *аба*, *ап* сөзі дейді, якутша: *аба, ап* — «аңыз дәм, суда өсетін улы шөптің тамыры; сикыр, арбау, жадылау», алтайша: «екі жүзділік» деп келтіреді де, абызылан «арбайтын, сикырлы жылан», мұның ең бастапқы мәні «улы жылан» деген этимология ұсынады (Этимол. сөздік, 17). Шынында да, якут тіліндегі «волшебство, колдовство, магия, обольщение, прельщение» деген ұғымды білдіретін *ап* сөзінің төркіні монголдық *аб*, *hab* сөзі, мағынасы «чары, волшебство, колдовство». Егер *аб жылан* дегеннің бірінші компонентін «сикыр, арбау» мәніндегі сөз деп таисак, эрине, *аб* сөзі қазақ тіліне якут тілінен келді деуге болмайды, ол монгол тілінен не оте ертеде енген сөз, немесе ежелгі түркі-монголға ортақ сөздердің бірі болмақ. Бұл жорамалға саятын және бір дәлелді осы тіркестің *толғану* сөзімен келуінен іздеуге болады. *Толғану* сөзі қазірде негізінен «ойлану, терең ойға бату» деген ұғымда қолданылатыныдырын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» тек осы түсінікті бергендігінен көруге болады. Ал бұл сөздің «жынырылу, оралу, бір нәрсені айналу, төңкерілу» деген мағынасы қазірде қазақ тілінде ұмытылған. Л. Будагов *толғамақ* (толғау) сөзінің өткен ғасырдағы қазақ тілінде «обвернуть, окружить, кружить, вертеть, крутиТЬ» мағынасы бар екенін көрсетеді (Будагов, I, 752). Шагатай тілінде *толғаштырмақ* сөзінің ауыспалы мағынасының бірі «проводсти, соблазнить, обмануть» екенін де Л. Будагов сөздігі білдіреді. *Толға-* сөзінің ертедегі түркі тілдеріндегі бір мағынасы «накручивать, наматывать» екендігін XII ғасырдағы Махмұд Қашғарі сөздігі танытады. «Он сматывал себе шерсть» дегенді сол көздегі түркі тайпаларының бірқатары «ол өзіне йүн толғанды» деп айттындарын мысалға келтіреді (ДС, 573).

Сонда *аб жыландаі толғану* дегендегі *толғану* сөзі «ирелсіндеп жылжыған» немесе «шишырылып, оралған» деген ұғымды, одан барып «арбаған, қызықтырған» деген ауыспалы мәнді білдіреді. Тері, бұл тіркестің образ-дияқ қызметі жыланның әйтеуір жылжуына тенеу емес, оның адамды арбайтындаі, қызықтыратындаі көрінісіне тенеу болса керек.

*Толғау* (*толғану*) сөзі ауыспалы мәнде «қызықтыру» дегенді білдірер болса, *әбжыландаі толғану* деген тіркестің екі сөзінде де адамды өзіне тарту, қызықтыру ұғымын табамыз.

*Әбжылан* сөзін «арбаушы, сиқырлаушы, қызықтырушы» деген образ ретінде қолдану тек жырлардағана емес, ақын-жырауларда да кездеседі.

Мысалы, *Бұхар жырау* (XVIII ғ.):

Ұргашының жақсысы  
Әбжыландаі сумаңдал,  
Боз жорғадай бұлғады (Бұхар, 36).—

Дейді. Немесе: *Жамбыл* осы образды айдаһарға қатыстырып айтады. «Өтеген батыр» жырында айдаһар (қазақ ұғымында ол да жылан):

Жұз құбылып толғанып,  
Өтегенді шақырды (Жамбыл, I, 144).—

Деп келеді. Тек қана әбжылан емес, жалпы жылан атаулыны арбаушы, сиқырлаушы образында ұсыну қазірге дейін жоқ емес. Мысалы, Фабит Мұсірепов «Оянған өлкеде» Игілік бидің қонақ күтіп жүрген сылаң тоқалы Айғашшаны қысыр жыландаі жүйткіп жүр деп суреттейді (Ф. Мұсірепов, Таң. шығ. 1955, II том, 10).

*Толғану* сөзінің «орау, жиыру, шишуру» мағынасында сөртеректе казақ тілінде де қолданылғандығын «толғай-голғай оқ атқан», «толғамалы ақ сүңгі», «толғамалы наиза» деген сиякты тіркестерден де көреміз (Бұл жөнніде осы кітаптағы *толғану*, *толғамалы*, *толғау* сөздерін караңыз).

Сөйтіп, бір кездерде *әбжыландаі толғану* деген тіркең жагымды образды білдіруге жүмсалған. Қеле-келе жылан сөзінің көбінесе жагымсыз образға қатысты айыллатыны себеп болып, жаудың жагымсыз іс-әрекетінің бейнесін беруге қолданылатын болған. Мысалы, әбжыландаі ысқырды. Тіпті қазіргі сөздіктер *әбжыландаі толғанды* деген тіркесті «айбат шекті, бұырқанды» деп түсіндіреді (Кеңесбаев, 9). Бұл түсінік, әрине, бір жақ-

ты, көбінеше осы күнгі қолданысына қарай берілген анықтама. Бұл — әбжылан тіркесіндегі *аб* сөзінің «сикырши, арбаушы» мәнінің мұлде көмескіленуінен туған жайт, яғни соңғы дәуірлерде әбжылан сөзі жалпы жылдының, улы жылданың синонимі ретінде таныла бастағаны байқалады. Өйткені қазіргі қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігі әбжыланды 1) «үлкен жылан», 2) ауыспалы мағынасы «жауыз, қанішер» деп көрсетеді: (ҚТС, 1974, II, 35).

**Аға.** XIX ғасырдың I жартысында өмір сүрген атақты Махамбет ақында:

Сан шерулі қол болса,  
Батырлар болар *ағасы* (Махамбет, 40), —

деген жолдар, XVI ғасырда өмір сүрген Доспамбет жырауда:

Азаулының Аймәдет ер Доспамбет *ағаның*  
Хан ұлына несі жок?  
Би ұлынан несі кем?  
Азаулыда *аға* болған ерлер көп еді... —

(Ертедегі әдебиет нұсқалары, 106<sup>1</sup>) деген жолдар бар. Ноғайлының Ер Шобан деген батыры Қабардының Биғазы дегенінің жылқысын айдал әкетіп бара жатқанда, артынан келген құғыншыны айбынтақ болып, касымда мынадай-мынадай мықты жолдастар (батырлар) бар деп суреттегендеге:

Қан жұқпас қайқы қара болат өтпеген...  
Бү жиынның ішінде  
Ер Жаксымбет *аға* бар, —

дейді. Мұндағы *аға* сөзі — Жақсымбет батырдың көркем әпшітті смес, ол қызметті *ер* сөзі атқарып тұр, бұл жердегі *аға* да «басшы, қол басы» деген ұғымда қолданылған термин тәрізді сөз. Демек, бұлардағы *аға* сөзі осы күнгі «жасы үлкен ер адам» мағынасынан басқараС қолданыста тұрғанын аңғартады. Түркияда бұрын *аға* титулы әскери адамдарға, коменданттарға, янычарлардың бастықтарына берілетін атақ болған (Будагов, I, 60). Бұл пікірді өзге ғалымдар да растай түседі. Орта

<sup>1</sup> Осы жерде және әрі қарай XV—XIX ғ.-да өмір сүрген деп танылған жүрген Асанқайғы, Шалқиіз, Доспамбет, Қазтуған, Марасека, Жиембет, Ақтамберді жыраузардан келтірілген мысалдар «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (Алматы, 1967) және «Алдастан» (Алматы, 1971) деген кітаптардан алынды.

гасырлық түркі ескерткіші «Шейбанинаме» зерттеген атақты шығыстанушы И. Березин: «Османские тюроки слову аға присвоили значение «господин военный, господин начальник», — деп жазады (Библиотека восточных историков, изд. Березиным, т. I. СПб. 1849. Шейбанинада, 20-бет).

Орта гасырлардағы хан сарайларында *есік аға* (ишик аға) деген жоғары дәреже де болған: ишик аға — главный хранитель «высокого порога» (дворцовых дверей), камергер. Одна из высших должностей в средние века при ханском дворе» (Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв., А. 1969, 537). Ертеңектегі қазақ қауымында да *аға* сөзі басшыға, оның ішінде әскери басшыға айтылатын дәреже мағынасын бергенге үқсайды. Мысалы, Шалқиіздің:

Батыр жігіт жау бастар,  
Аға жігіт кол бастар, —

дегені колды (әскерді) бастайтын жігіттің *аға* аталғанын дәлелдей түседі. Махамбет ақынның да:

Сан шерулі қол болса,  
Батырлар болар *ағасы*, —

Немесе:

Исатай деген *ағам* бар,  
Лқ кіреуке жағам бар, —

дегендерінде *аға* деп жасы үлкен адамды айтып отырған жок, кол басшыны, қарулы топты, көтеріліске шыққан жыныды бастайтын адамды атап отыр. Қазақтың батырлар жырында:

Қол *ағалың* қыламын, —

деген тіркес те кездеседі. Мұнда да қол *аға* «қолбасы (әскери басшы)» деген ұғымда. *Аға* сөзінің белгілі бір әскери топтың басшысы, бастаушысы деген атақты білдіргендегін Жалайыр Қадырғали Қосымұлының «Жәми'ат-тауарих» атты шежіресінің (XVI ғасырдың соңы — XVII ғ. басы) тілінен де көреміз: Уа Мұгәті бағалур мың кішінің бегі срді, йа'ни мың ағасы (Жами'ат-тауарих, Қазан, 1851, 39-бет). Мұнда *бек* сөзі мен *аға* сөзін синоним етіп ұсынған. *Бек* сөзі — мұнда термин (орынша эмир деген аударыпты), *аға* да соңдай.

*Аға* сөзін әскери емес, жай «басшы, бас адам» мағынасында жұмсау да қатар жүрген. Мысалы, С. Сейфул-

лини арғын Байдалы бидің сөзінен деп: Рулы елге жа-расқан, Үлгі айтатын *aғасы*, — деген жолдарды келтіре-ді. (С. Сейфуллин, VI, 59), сол сияқты Сүгір ақын бір толғауында:

Кешегі өткен ер Сырым  
Кіші жұздің *aғасы* —

деп *aға* сөзін «ел басы, әлеуметтік (әскери емес) бас-шы» мағынасында жұмсайды. Қайткенде де өткен ке-зендерде *aға* сөзі «жасы үлкен ер адам» деген тұра мағынасымен қатар, «бас, басшы, ел (ру, тайпа, халық) басшысы, әскери басшы (кол басы)» деген ауыспалы мағынада жиі қолданылып, терминдік сипатқа ие болған сөз екенін көреміз.

*Aға* сөзінің бір кездегі «бас, басшы» деген ауыспалы мағынасы ертеректе қалыптасқан *ел aғасы, от aғасы* деген тіркестердің бар екендігімен де дәлелдене түседі. *Ел aғасы* — белгілі бір колективтің (айталық, бір ауылдың) басшы адамы, *от aғасы* — бір шаңырақтың (семьяның) басты адамы, иесі. Кейін *отағасы* сөзінің мағынасы жалпыланып, «жасы үлкен ер адам, сыйлы адам» дегенді білдіруге жұмсалып кеткені (көбінесе қаратпа сөз ретінде жұмсалатын болғаны) байқалады. *Ауыл aғасы* («Главный в ауле», Ильминский, 54), *жігіт aғасы* деген тіркестер де осы сияқты.

XV—XVI ғасырларда *aға* сөзінің осы күнгідей «бірге туғанның немесе туысқанның ішінде ереккі кіндіктің жасы үлкені» деген негізгі мағынасы, әрине, болған. Бер-тін келе, XVIII—XIX ғасырларда *aға* сөзінің «қол басшы, әскери басшы» мағынасы ұмыт болып, ол ауыспалы мәнде қолданылғанда, «жасы үлкен, сыйлы, құрметті адам» деген ұғымды білдіре бастаған. Мысалы, Нұрым жыраудың (XIX ғ.):

Сагышып ансан, *aға* деп  
Енді сәлем бере алман, —

деген жолдарындағы *aға* — жасы үлкен, құрметті адам. Ол бұл сөзді Өтембек деген әскери адам емес, жай адамға айтады. Сөйтіп, *aға* сөзінің негізгі мағынасынан көшкен «қол басы (жұз басы, мың басы, түмен басы не-месе жұз бегі, мың бегі, түмен бегі)» деген ауыспалы мағынасы қазақтың XV—XVI ғасырлардағы ақын-жырауларының тілінде қолданылған.

Адырна. Махамбет ақынның атакты жырларының бірінде «Адырнасын ала өгіздей мөніреткен» деген жол

бар. Мұндағы *адырна* сөзі ақын мұрасының жинақтарында «садақтың оқ тіреп ататын тарамысы» деп түсіндірлген. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері де бұл сөзді осылай түсіндіреді. Сонымен қатар, мұның *адырана* варианты бар екені де көрсетілген. Қазақ совет энциклопедиясы *адырна* сөзінің мұлде басқа екінші нәрсені де білдіретіндігін береді. *Адырна* деп жауынгершілікте, анылықта қолданылған қазақтың сыйызы сияқты көне үрлемелі музыкалық аспабын да атаган дейді (КСЭ, I том, 125). Соған қарағанда, Махамбеттің жогарыдағы өлециңдегі *адырна* сөзі садақтың кермесінен гөрі, музыкалық аспапқа жуық келмес пе екен деген ой туады. Махамбеттің өлециңен өзге қазақ текстерінде *адырна* сөзі *мөніреу*, *аңырау* сөздерімен тіркеспейді.

Мысалы, Шалқиңде:

*Адырнасын атқа алған,  
Атқан оғын тайға алған.*

Казтуғанда: *Адырнасы шай жібек оққа кірісті*. Бұл жердегі *адырна*, сөз жок, садақтың тарамысы.

Бірақ, садақты мықтап тартып, оқты алысқа жіберудің поэтикалық образын садақ тарамысының қатты сернігендін шыққан зуылы, дыбысы арқылы беру әбден сыйымды. Сондықтан адырна «*мөніреуі де, аңырауда*» мүмкін.

*Адырна* сөзінің төркінін зерттеушілер «бөлу, ажырату» дегенді білдіретін *айыру* дегеннен шығарады. Түркі тілдерінде *й~д* (*айак~адақ*) дыбыстары алмасатыны мөлім (*айыру* сөзі көне түркі тілдері мен қазіргі бірқатар түркі тілдерінде *адыр-* түрінде келеді). Мұндағы -*ни* етістіктен есім тудыратын жүрнақ болу керек дейді (Этимол. сөздік, 21).

Сөйтіп, садақтың тарамысы мағынасында болсын, музыкалық аспап мәнінде болсын, *адырна* сөзі — қазақтың көне жырлары мен бұрынғы ақын-жыраулардың тілінде қолданылған, қазірде ұмыт бола бастаған сөз.

**Азамат, шора/шоры, жолдас.** XVIII ғасырда жасаған Актамберді жырауда:

*Ей, азаматтар, шоралар,  
Атты мінсең, зорды мің, —*

деген жолдар бар. Мұндағы *азамат* сөзі дәл қазіргі мағынасында емес. Бұл сөздің бұрын терминдік мағынасы болған. Ш. Ұәлиханов былай деп көрсетеді: «*Азамат* — означает человека свободного, имеющего жену и незави-

симого от родственников состояния, человека, совершен-  
нолетнего и выделенного из имущества». Сонымен қа-  
тар, бұл сөз бір дәуірлерде «жасақшы» («дружинник»)  
ұғымын да бергенге ұқсайды. Шора сөзі азамат дегендің  
синонимі дей келіп, Шоқан шора азамат тіркесі таза  
әскери мәнді сөз, ол «товарищ, дружинник» деп және  
көрсетеді (Ч. Валиханов, I, 20). Ақтамберді өлеңдерінде  
колданылуы Шоқаның айтқанын раставиды.

«Айман — Шолпан» жырындағы Айман қызы Әлібекке  
сәлем айтып:

Аты болса байласын,  
Азаматын сайласын,—

дегенде, азамат сөзінің «жасақшы» ұғымы танылады..  
Азамат сөзін Махамбет жіні қолданған:

Арғымак, сені сактадым;  
Күлағын сенің серек деп.  
Азамат, сені сактадым,  
Бір күніме керек деп...  
Азамат ердің баласы  
Аз үйіктар да көп жортар, —  
Дүшпанға кеткен кегі бар...  
Алқалаған жер болса,  
Азамат басы құралса...

Бұл қолданыстағы азамат сөзі жай ғана адамға байла-  
нысты емес, жауынгерлерге (жасақшыға) байланысты  
айтылып тұр.

Ер Сайын қасындағы қырық жігітіне:

Ей, қырық жігіт азамат,  
Маган бола өлменіз,—

дейді. Мұнда да азамат — жауынгер, жасақшы. Заман-  
озған сайын азамат сөзінің мағынасы өзгерген. Өткен  
ғасырда бұл сөз «жалпы ересек, ер адам» дегенді біл-  
діргенін сол кездегі сөздіктер раставиды: Азамат —  
взрослые мужчины вообще, собрание, толпа людей.  
(Кирг.-русс. сл. 1897).

Қазақ тілінде осы мағынадағы азамат сөзінің сино-  
нимі жолдас сөзі болғаны байқалады. Мысалы, Махам-  
бет сніл бір өлеңдерінде:

Қасыма ерген жолдастар...  
Жолдастарым, мұңайма,—

дейді.

Сейтіп, азамат сөзі ескі жырларда, ертеректегі қазақ  
тілінде «колона кару үстап, ел корғауға, не ел жаулау-

«а аттанатын адам, жасақшы» дегенді білдірген. Қазіргі күнде азamat «кәмелетке жеткен ер адам» деген мағынада (осыдан «адамгершілігі мол, саналы, құрметті адам» деген ауыспалы мағынада да жұмсалатынын білеміз). «Жасақшы» ұғымындағы азamat сөзіне шора сөзінің синоним болғандығын В. В. Радлов та айтады. «Чура (шора) в смысле дружинника, воина, соратника, в прошлом широко употреблялся у казахов» (Радлов, т. I, ч. V, 23). Ал Н. И. Ильминский: «шора — сын богатыря и сам богатырь» (Ильминский, 150) деп танытады. Бұл пікірлерді қазақтың батырлар жырының тілі растайды.

Ей, жігіттер, шоралар! —

Дегендес, сөз жай жігіттерге емес, жасақшы жігіттерге арналған. Тіпті бұл жердегі жігіт деген сөздің өзі терминге жуықтау. Орта ғасырларда түркі тілінде жігіт (*айгіт*) сөзінің терминдік мағынасы болғаны ғылыми әдебиетте көрсетілген: «айгит — термин служит для обозначения наемного конного воина у феодала, или воина, примкнувшего к феодалу в надежде на добычу, своего рода «странствующий рыцарь». (Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. А., 1969, 493). Эрине, қазақтың өлец-жыр текстеріндегі жігіт сөзі дәл осы терминдік мәнде қолданылған деуге болмайды, бірақ контекстегі мағынасы жағынан шора, азamat сөздеріне синоним іспеттес келеді, өсіресе «ей, жігіттер, шоралар» сияқты қатар қолданыста жігіт сөзінің осы құнгідей тек «жас ер адам» деген жалпылама мағынадан гөрі, белгілі бір топ үәкілін атауы басымырақ тәрізді.

Шора сөзінің «жасақшы, жорықтас, жолдас» ұғымында қолданылуы тіпті ертеректе орын алғып, соңғы XVIII—XIX ғасырларда сирегені байқалады. Бұхар сияқты XVIII ғ. жырауы да, Махамбет сияқты жаугершілікті жырлаған XIX ғасыр ақыны да, «жасақшы, жорықтас, жолдас» деген мағынада шора сөзін қолданбайды. Қейінгі дәуірлерде шора «байдың, батырдың, биңдің баласы» деген сияқты сословиелік атақты білдіруге жұмсалған. Ер Шобанның:

Хан ұлы төредей,  
Би ұлы шорадай, —

дегенінде де, одан кейінгі Бұхардың:

Байлар ұғлы шоралар  
Бас қосыпты десін де,

Байлар үглө *шоралар*,  
Көл жагалар жаз күні.  
Байлар қызы *бикештер*  
Көл бұлғайды-ау жаз күні,—

дегенінде де *шора* сөзінде жоғарғы мысалдардағыдан таза «жасақшы, дружинник» мәні сезілмейді. Бірақ қайткенде де *шора* сөзінде әлеуметтік топты көрсететін магына бар. Ханның тақта отырмаған үрпагы (ұлы) *төре* деп аталатыны сияқты, байдың, бидің ұлдары мен қыздары да жай бай баласы, би баласы, байдың қызы аталмай. *шора*, *бикеш* деген сияқты арнаулы атпен атадғанын білдіреді. Сондықтан болу керек, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» *шора* сөзінің беретін мәғынасын «мырза, бек, шонжар» деп көрсstedі де, оның қазірде қолданылмайтын көнерген сөз скенін ескертеді (КТС, II, 1961, 492).

Кейбір зерттеушілердің *чура* (*шора*) сөзі мәғынасы жағынан көне түркі тілінде қолданылған *օғлан* сөзімен тең түседі, ал *օғланның* мәғынасы «біреудің баласы, үрпагы, құл және жауынгер» дей келіп, орта ғасырларда Еділ бойы татарларында тәуелді адамдар көп болды. Олардың ішінде нәсілі түркі еместерін сол кездегі терминология бойынша *чура* деп атады дегенді айтады («Татары Поволжья», 191). Соған қарағанда, *шора/чура* сөзі о баста екі-үш түрлі мәнде жүмсалған тәрізді: бірі — «біреудің баласы, үрпағы», екіншісі — «жауынгер», үшіншісі — «қызметкер» («құл, күн»). Қазақ тілінде 1,2-магыналарда (жоғарыдағы) *шора* тұлғасы, 3-магынада *шоры* варианты қалыптасқанға ұксайды. «Қамбар батыр» жырында:

Ерекссен мәнімен,  
Шауып алғы маңызды,  
Асықпасаң қайтармын  
Катыныңды *шоры* ғып, —

дейді. Мұндағы *шоры* сөзіне осы жырдың 1957 жылғы басылымында «күң» деген түсініктеме берілген.

**Айдын, айдынды, айдындық, көзайым.** Қазақ жырларында *айдынды туған* деген эпитет бар. Ол көбінесе батырга, сұлу қызға, жалпы жағымды образға қатысты айттылады:

Айдынды туған Қызы Жібек («Қызы Жібек»)  
Айдынды туған Оракқа (Ч. Валиханов. I. 131)

Орак батырдың *аидынды тұған*, *аидынды* деген эпитеті өзге жырларда да бар. «Қобыланды батыр» жырында да Орактың есімі аталған жерде:

*Айдынды* Орак, айлы Орак  
Айбалтасы қанды Орак («Қобыланды»),--

деп келеді.

Лайлык сөзінің қазіргі тіліміздегі негізгі мағыналары: 1) айбын, күш-куат; 2) көлдің, тұнық судың жарқыраган беті, ауысналы мағынасы — айқын, ашық, даңғыл деп көрсетілген (ҚТТС, I, 18). Ал *аидынды* сөзі бұл күнде тек қана «айбынды, айбатты, айбарлы» дегенді білдіреді деп танымыз (сонда, 18). Бұл сөздің ескі жырларда кездесстің мағынасы дәл қазіргідей емес.

Көне түркі тілінде *айдың* — айдың сәулесі. Бұл сөздің орта ғасыр ескерткіштерінде осы көрсетілген мағынасымен қатар «жарқыраған, анық, ашық, айқын» мағынасы бары көрінеді. Әрі ол *айдын* тұлғасында да келеді (Құрышжанов, 80, Фазылов, 36). Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында (түрік, азербайжан т. б.) *айдын, айдынлық* сөздері «жарық, жылтырауық, айқын» мағынасын береді. Түркиядағы түрік тілінде бұл түбірден жасалған *айдынламақ, айдынланмақ* егістігі бар: *айдынламақ* — жарық түсіру, *айдынланмақ* 1) жарқырау, жалтырау, анықталу, айқындалу; 2) жарық бола бастау, таң ата бастау. Айдың сөзі қазіргі түркімен тілінде «дұрыс, анық, ұнамды» және «белгілі, әдім» деген мағыналарға да ис. Қазіргі қырғыз тілінде олар сөздің «лучезарность, величавость» деген мағынасы көрсетілген де, оған фольклор тілінен мысал келтірілген (А. Қадахин, 30). Осылардың барлығына қарағанда, *айдын* (айдың, айдуң) сөзінде «жарық, нұр» мағынасы барлығы көрінеді. Зерттеуші Ә. Қайдаров бұл сөздің о бастағы сурарамын *ай+тұн* деген сөздердің бірігүйен шығарады. (Әтимологиялық, 23—24). Осыдан «нұрлы, нұр шашқан, сәулетті», одан барып «ұзы» деген ауыспалы мағынасы нақида болған тәрізді. Бұл мағына тек қырғыз тілі емес, казақ тілінде де орын алған. Айдынды тұған батыр не мисс *айдынды тұған сұлу қызы* дегендеге, біздіңше, *айдын* соң «қаһарлы, айбатты, қүшті» мағынасында емес, «нұрлы, сәулетті, маңғаз» («лучезарный, величавый») мағынасында жұмысалған. Мұны бұл эпитеттің тек батыр емес, қызға да айтылатындығынан да көреміз. Сәулеттілік, нұрлылық — жақсы адамның қасиеті, яғни айна-

ласына жақсылық нұрын шашқан адамдарғана «айдынды болып туады».

Демек, ескі жырларда кездесетін *айдынды туған* деген фразадағы *айдын* сөзінің мағынасы осы күнгі *айдын көл*, *айдын шалқар* деген тіркестердегі мағынасынан да, «Түсіндірме сөздік» көрсеткендегі мағынасынан да, «күш-қуатты» деген мағынасынан да бөлек. Айдынды Орак, Айдынды туған Қызы Жібек дегендерде *айдынды* сөзі «нұрлы, сәулетті» мағынасын білдіреді.

*Айдын* сөзінің «нұр, жарық» мағынасынан «ак, жарқыраган» деген ауыспалы мағынасы туғанын *айдындық* сөзінен көреміз. Бұл да қазірде сирек кездесетін, бірақ ертеректегі тілімізде колданылған сөз. XVI ғасырда жасаган Доспамбет жыраудың мұрасы деген жырдан:

Айдындықтай ак білегін жастапып, —

деген өлец тармағын оқимыз. *Айдындық* сөзі орта ғасыр ескерткіштерінде «жарық сәуле» («свет, освещение») деген мағынада келсе, қазіргі кейбір түркі тілдерінде, мысалы, түрік тілінде, «жарық сәуле, жарық түскен жер» және «нұрлы, жарық» деген ұғымда қолданылады. Жарық сәуле, жарық (жарқын) болу күн сәулесіне қа-тысты. Сондыктан «жарық» ұғымы «ак» деген ұғымға онай алмасады. Қазактың халық өлеңінде келетін *Ақ жүзің аппақ екен атқан таңдаі* деген жолда аппактық пени атқан таң тенестіріледі. Демек, *айдындық* (жарық сәуле) сөзі *аппақ* сөзімен мағыналас. *Айдын, айдындық* сөзінің «жарық сәуле, нұр» мағынасы бертиңгі дәүірлердегі қазақ тілінде көмексілене түскендіктен, біздің тои-шылауымызша, білек сөзімен бірден тіркеспей, -дай жүриған жалғап қолданылған, яғни *айдындық* білек емес, *айдындықтай* білек. Тіпті бұл тіркестің как орта-сында келген *ак* сөзі *айдындық* сөзін түсіндіре түсуге келген «жәрдемші» болып түр. Сөйтіп, *айдындықтай* *ак* білек деген «аппақ білек», яғни «ак+ак білек» деген тіркес, мұндағы *айдындықтай* деген сөз *ак* сөзінің спино-нимі ретінде жүмсалған.

*Айдын, айдындық* сөздерінің түркі тілдеріндегі мән-мағынасын іздестіру үстінде өте бір қызық фактіні кез-дестірдік. Қазақ тілінде сағынып күттірғен біреуі кел-гендे, «балаң (інің, апаң т. т.) келіп, *көзайым* болып жатырмысың!» деген сөз бар. Осындағы *көзайым* сөзі түсініксіз, қандай түбірлерден жасалғанын да айту қын. Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілі сияқты

кимшің тобына жататын қарайым (караим) тілінде көз айдының деген тіркес бар екен, ол қуанышты оқиға дегенді білдіреді екен, ал көзүң айдын болсын деген фразаның магынасы «да будет тебе добрая весть», сөзбесінде аударғанда «да просветляют твои глаза» деген екен (Караимско-рус.-польский сл. 52). Сонда қазак тілінде де немесе қазақ халқын құраған тайпалардың біреуінің тілінде бір кезде көз айдының тіркесі «куанышты оқиға, хабар» деген мәнде қолданылып, одан көз айдының болдың ба, яғни «куанышты оқиғаға кездестің бе, балаң (інің, апаң т. т.) келіп қуанып жатырыңың ба?» деген сиякты фраза жасалған деп тонылауга болады. Келе-келе қазақ тілінде көз айдының тіркесінің магынасы күнгірт тартып, сыртқы тұлғасы жағынан да өзгергені, яғни көз айдының -тан көз айымдың, одан көз айым (көзайым) болғаны байқалады.

Айпарадай, «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырындағы Баян сұлу бір жерде:

Айпарадай ак жүзім сіз көресіз, —  
десе, скінні бір жерде:

Айдай болған ак жүзім көрмейсіз бе? —

Дегенді. Жалпы түркі тілдерінде ай — әйел сұлулығының символы, әйел көркінің әдемілігін айға теңеу ежелден бар. Зерттеушілер ортағасыр ескерткіштеріндес ай сөзінің бір магынасы «сұлу, әдемі, сұлу қызы» дегенді атайды (Фазылов, 321). Тегі, бұл ай сөзінің ауыспалы магынасы болар. Осыдан кейбір түркі тілдерінде, мысалы, қыргыз тілінде: «1. госпожа, 2. супруга» магынасында айым сөзі пайда болғанға үқсайды (Юдахин, 36). «Жұбай» магынасында айым сөзі қазақ тіліндегі жырларда да кездеседі. «Алпамыс батыр» жырында:

Отаудагы айымдарың  
Сөзден келер қайымдарың,—

деген жолдар бар. Бірақ қазақ тілі үшін «жұбай», «әйел» магынасындағы айым сөзі қәнігі емес. Өйткені өзге жырларда бұл сөз кездеспейді, ал «Алпамыс» жырында өзбек, қаракалпак тілдеріне тән жеке сөздердің, тіпті грамматикалық тұлғалардың кездесетіні мәлім. Оның үстінен бұл сөз диуанаңың (диуана болып келген Алпамыстың) аузынан шыққан. Бірақ қайткенде де айым

сөзінің «сұлу әйел», одан «сұлу жұбай», одан жалпы «жұбай» мағынасы бірқатар түркі тілдерінде бар екен-дігін аңғарамыз. Орта гасыр ескерткіштерінде кездесетін *аїй ыуз*, *аїй үузли*, *айтек* (айтәк~айдай), *толун айтек* (толған айдай) сөздері әйелдің көркіне байланысты айтылған. Қазақ тілінде *толған айдай жүзі*>*айдай ақ жүзі*>*айдай жүзі*>*аїй жүзі* деген сөздер сұлу қызды (әйелді) суреттейді.

Ал *айпара* не деген сөз? Түркі тілінде «ай сияқты жарқын» деген мәнде поэзияда қолданылатын *айбар* сөзі бар (Турецко-русс. сл. 1977, 81). Соган караганды, не қазақ тілінің өте ертеде өзінде болған, немесе өзге түркі тілдерінің поэтикалық дәстүрінен енген «айдай, айдай аппак, ақ жүзді» деген мағынадағы *айбар* сөзі болғанға үқсайды, кейін келе бұл сөздің орыны *айдай, аїй жүзді* сөздері басып, *айбар* сөзі сирек қолданылатын, бейтаныс тұлғага ауысып кеткен секілді. Соның нәтижесінде тіпті тұлғасы да *айбара* — *айпара* болып өзгеріліп айтылғаны байқалады. Ал *айбар* сөзінің этиологиясын (төркінін, құрамын) табу біздің бұл кітапшадағы міндеттіміз емес, дегенмен бұл сөз *айға барабар* (нарапар) тіркесінен ықшамдалып жасалуы мүмкін деп топшылауға болады. *Барабар* сөзі түркі тілдеріне парсы тілінен енген, мағынасы «тәң, бірдей», сонда бұл — *айға барабар*>*ай барабар*>*айбар* болып әбден кірігіп біріккен сөздердің қатарына жататын тұлғалардың бірі. Түркі тілдерінде тұракты тіркестер құрамындағы компоненттердің әр түрлі жалғауларды түсіріп айтылуы — бар құбылыс (*айға барабар*>*ай барабар*). Бірдей дыбысталатын буындардың біреуінің түсіріліп айтылуы қай тілге де жат тәсіл емес, сондыктан *барабар* сөзінің құрамындағы екі *бар*-дың біреуі түсіп қалуы ықтимал: *ай барабар*>*айбара*>*айбар*. Қазақ тілінде *заман*~*замана* деген сияқты сөз соңына *a* дауыстысын тіркеп айту дәстүрі *айбар* сөзін *айбара* дегенге айналдырған тәрізді. Түсініксіздеу тұлғага -дай жүрнағы жалғанған сөздер қазақ тілінде молынан кездесетін құбылыс, осының нәтижесінде *айбарадай*~*айпарадай* сөзі пайда болған тәрізді, бұның қайткенде де мағынасы ашық: «ай сияқты жүз, айға тәң ақ жүз, айға нарапар ақ жүз».

**Айтулы, атаулы, атайы.** «Атақты, әйгілі, белгілі, даңқты» деген мағынада жырлар мен ертедегі пүскаларда

айтулы және атаулы сөздері кездеседі. «Қобыланды» жырында жырышы Қызылбастың батыры ер Қазанды сүрттей келіп:

О да айтулы ер еді, —  
Дейді. Жібектің портретін жырау:

Жібек сұлу деген бар екен,  
Айтулының өзі екен, —

деп сурттейді. Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетінің тарихына арналған зерттеулерінде жалайыр руынаң Бөлтірік бидің сөзі деп берген толғауда:

Акку құска оқ тисе,  
Канаттың суға тигізбес.  
Айтулы ерге оқ тисе,  
Киналаның білдірмес, —

деген жолдарды келтіреді. Бұл сөз *айтылуу* түріндегі «славный, прославленный, известный, знатный» мағынасында қыргыз тілінде де бар. Мұнда да ол көбінесе фольклор тілінде кездеседі: *Айтылуу* Жәэренче чечең (Юдахин, 35). «Атақты, әйгілі, белгілі» мағынасындағы қазақша *айтулы*, қырғызша *айтылуу* сөздерінің түбірі – *айт*. Бұл сөздің «сөйлеу, әңгімелесу» деген мағынасы «сөзте тиек болған, әңгіменің өзегі болған атақты адам» деген мәндегі *айтулы* тұлғасына негіз болған болу көрсек.

Татар тілінің диалектілерінде *атаулы* деген сөз бар мағынасы: 1) атақты, белгілі, 2) арнаулы. «Белгілі, әйгілі, даңқты» деген мәнде қазақ тілінде бұл күнде *атақты* сөзі колданылады. Бірақ бұл сөз, сірә, кейінгі дәуірлерде жаңданған сөз болар. Бұрынырақ бұл мәнде *атақты* дегениен горі *атаулы*, *айтулы* сөздері не өзге сөздер көбірек колданылған болар. Өйткені күні кешеге дейін *атақты* сөзінің «жаман атақ, өсек» деген мәні де болған. Мұны казактың откен ғасырдағы сөздігін жасаған Е. Будагов та көрсетеді. Сондықтан соңғы ғасырда дейін кездесетін *атақты* сөзін екі түрлі мәнде түсінуге болады. Бірі – «әйгілі, белгілі, жақсы аты бар», екінші – «жаман аты бар, өсекке шықкан».

*Ер, батыр, жүрг* деген сөздермен тіркесте кейде *атауын* сөзі кездеседі. Сырт караганда бұл жоғарыда сөз стихия *атауын*, *атақты*, *айтулы* сөздерінің бір варианты тәрілді болып көрінеді. Өйткені бұлардың бірінің орнынға екіншісін алғыстауруышылық бар. Бірақ мұның түбірі де

мағынасы да өзгеше, мәні — «мықты, күшті, берік». XVI ғасыр жырауы деп танылып жүрген Шалкиәде:

Атайы ердің тұсында  
Тұшары тұрар шарқ ұрып.  
Атайы ердің баласы  
Атадаи жалғыз тудым деп,  
Басына кын іс келсе,  
Ісін көпке салар ма? —

Деген жолдар бар.

Мұндағы атайы «мықты, күшті» деген мәнде. Осы сөздің атайман варианты Қазақстанның кейбір жерлерінде (Обаған, Костанай, Қызылорда, Орынбор, Бөрте т. б.) «өте, тым, тіпті» және «мықты, күшті» деген мағыналарда жұмсалады (Диалек. сөздік, 33): *атайман жігіттер, атайман жылқы, атайман түйе*. Атайы сөзі кейде атайын тұлғасында да келеді:

Атайын ермен жол шексең  
Канжыгац жауда қалар ма («Шайыр», 33).

**Ала.** Түркі тілдерінің осы күнгі сөздіктерінде *ала* сөзінің «ат, жылқы» мағынасы көрсетілмейді, өзге де сындық мағыналарымен қатар, жылқының «пегий, пестрый» деген түсін білдіретіндігі айтылады. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде де, екі тілдік сөздіктерінде де *ала* дегеннің «ат» мағынасы көрсетілмейтін. Тек қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігінің I томында *ала* сөзінің 2-мағынасы көне, ол «жылқы ішінде көрнекті, жүйрік ат» деп танытылады. Шынында да қазақтың эпостық жырлары мен өткен ғасырлардағы акын-жыраулардың мұраларында *ала* сөзі «ат», оның ішінде «азбан» ұғымында жиі кездеседі.

Ерлер мінер *алага*,  
Көңілім толды санаға («Алпамыс»).  
Мінген аты *ала* елі,  
Қылышық жүніді кара елі («Қобыланды»).  
Токым салдым *алага* («Қобыланды»).  
Міне алмаған *алага-ай* («Махамбет», 41).

*Ала* сөзі, біздінше, бұл мысалдарда жалпы «ат» (мейлі «көрнекті, жүйрік» болсын) дегенді емес, «азбан» дегенді білдіреді. Кейбір түркі тілі сөздіктері *ала-ша* (*ала*) деген сөзді орысша *мерин* деп көрсетеді. Ал орыс тіліндегі *мерин* сөзі Ушаков сөздігінің көрсетуіне караганда, қалмактың *мөрін* сөзінен алынған; *мерин* — кастрированный жеребец (Ушаков, 2 том, 186).

Ала сөзі түркі тілдерінің қыпшак тобында *алаша* вариантында жиірек қолданылған. Татар тілінде *алаша* — мерин. (Тат.-рус. словарь, 1906).

Казақ тілінде жылқыға қатысты тұстарда *алаша* деғениен гөрі, *ала* тұлғасы жиірек кездеседі. Бірақ *алаша* тұлғасы да жоқ емес. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

Алаша аттың басы деп,  
Қалмакы ердің касы деп, —

деген жолдарда Тарғын жекпе-жекке шығатын қалмактың «алты құлаш ала аты» *алаша at* деп те аталады. *Алаша* варианты Түркменстан казақтары тілінде түйенің будан тұқымын атауға жұмысалады. (Диал. сөздік, 24).

Сірі, «азбан» мағынасындағы *ала* сөзі — халық поэзиясында күшті, мықты жылқының символы, өйткені *азбан* — үйірге түсіп жүрген, яғни әбден есейіп, күш жигін еркек майдың актатылған кездегісі. Оның мықтылығы сондай — ол «ертеңиен шапса, кешке озған, майдан шапса, төске озған, томага көзді қасқа азбан» болып суреттеледі. Сондыктан да батырлардың мінгсін мықты аты *ала* (*азбан*) болып келеді. Батыр өзінің күш-қайратын танытқысы келгенде, «жылқы ішінде аламын» дейтін де осыны дәлелдейді. *Азбан* мен *ала* сөздері — синонимдер, бірақ поэзия тілінде жылқыға қатысты тұстарда жиірек қолданылатыны *ала* варианты болғанға ұксайды. Өйткені, *азбан* сөзі тек жылқыға емес, актатылған конқарға, бұқаға да қатысты айтылады.

*Ала* — көп мағыналы сөз. Оның бірқатар мағынасы бұл күнде өте көмексіленіп кеткенге ұксайды. Соның бірі — *ала* сөзі қатысқан жерде (тіркесте, біріккен сөзде, қос сөзде) «өлтіру, қырып-жою, бұліншілік» ұғымының болуы. Батырлар жырларында соғыс каруының бір түрі — *айбалта* (секира) атауы кездеседі. Ал XV—XVI ғасырлардан калған деп жүрген нұскаларда бұл қару *ала балта* болып келеді. Егер *айбалта* сөзіндегі *ай* компоненті сол карудың формасына (жарты ай төрізді іштеп) байланысты айтылса, *ала балта* сөзіндегі *ала* иені білдіреді? Ориен, бұл — балтаның түсін (бояуыш) білдіріп тұрган сөз емес. *Ала* сөзін мағынасы ұрыс-сөргиска, бейберекеттікке, бұлшылшылшылшылкке қатысты біраз сөздер мен фразалардан үшінratамыз. Олар: казақ тіліндегі *алараг*, *аламан*, *алаш*, *алий-түлей*, *ала сапыран*, *ала топа-лан*, *ала қыргын*, *алау*, *алаулай*, *ала тоныр* болс. түрк-

мен тіліндегі аламан, алаговурды, қырғыз тіліндегі аламан, ала топалаң, Л. Будагов сөздігінде берілген алақ, алақмақ, аламан, аламанчы, алама, алай, қазіргі түрік тіліндегі алашы, алантаран, алау, карақалпак тіліндегі аласат сөздері. Л. Будагов джагатай (шагатай) тіліндегі алау сөзінің мағынасы «талау, талан-таражға салу, бұлдіру» деп көрсетеді, осы түбірлес алақты, алақмақ, яғни алақу сөзі «таланды, тоналды, талан-таражға түсті, бұлінді» деген мағынаны, алакышмақ — «бірін-бірі тонаманақ» деген мәнді білдіреді дейді (Будагов, I, 79).

Қазақ тілі сөздіктерінде (не бұрынғы, не қазіргі) көрсетілмегенмен, алаулау сөзі қазақ тілінде де болған. «Қобыланды» жырындағы:

Алаулаган қалмактан  
Кегімді барып алармын, —

деген жолдарға және Махамбеттегі:

Алты қундей алаулау,  
Он екі қундей ой ойлан, —

деген жолдарға қарағанда, алаулау — «шабуылдау, соғысу» мағынасын береді. Махамбет өлеңдеріне берілген түсініктегі бұл сөзді «жалындау, қүйіп-жанып» деп ұғындырынты (Махамбет, 35). Әрине, бұл түсіндірме жаңсақ.

Аламан сөзінің түбірі де «талау, тонау» мәніндегі ала деп тануға әбден болады. Өйткені көптеген түркі тілдерінде аламан сөзінің екі мағынасы бар: бірі және негізгісі — талау, тонау, шабу мақсатымен жиналған топ, отряд. Л. Будагов: Аламан, аламанчы сөздері түркмен, азербайжан, шагатай тілдерінде «тонау, талау, тонаушы, талаушы отряд» деген мәнде деп көрсетеді (Будагов, I, 79). Ұйғыр тілінде аламан «1) толпа, 2) разбой, грабеж» (Ұйғ.-русс. сл., 51). Қазіргі түркмен тілінің түсіндірме сөздігі аламан сөзінің, біріншіден, көне сөз екендігін, екіншіден, мағынасы «шабуыл мақсаттарымен жиналған топ» екендігін көрсетеді (Түркмен дилинин сөzlүгі, 37). Бұл сөз сонау XII ғасырдың өзінде түркі тілдерінде бар екен, мағынасын Махмуд Кашиғари «тонау үшін жасалған шашкын» деп көрсетеді (ДС, 229).

Қыргыз тілінде аламан сөзінің бір мәні «бейберекет жасалған шабуыл» және бір мағынасы «трофей, согыста түскен олжа» (Юдахин, 45). Мұны казақ тіліндегі

«ұрыс-соғыста түскен олжа» мағынасындағы (кейін жазы «олжа, пайда, табыс») алапа сөзімен салыстыр Батырлар жырларында: «Аламанға дем берген» (Мәхамбетте де: Аламанға жел беріп), «Ноғайлының аламан» дегі келеді. Мұндағы *аламан* — «қөпшілік кауым». Бірақ, сіра, жай қөпшілік емес, атқа мінгі (лемек, потенциалды шабуылшы) қөпшілік болар. Қазіргі Гурьев, Маңғыстау тұрғындары тілінде *аламан* — «сарбаз, шапқыншы қол» (С. Омарбеков, 99). Осыға қарағанда, *аламан* сөзінің о бастағы мағынасы «шабуылшылар» деген болған болу керек, одан «сарбаздар қол, өскер» мағынасына ауысуы оңай. Және бір қызы жай — *аламан* сөзі — жинактау ұғымындағы сөз. Аламан жеке сарбаз, жеке шабуылшы емес, олардың жинақы атауы (сондыктан да өткен ғасырдағы сөздіктердегі *аламан* — «отряд наездников, партия для разбоя и грабежа», «толпа народа» дегі көрсетілген (Будагов, I, 79 Ильминский, 51)). Қазіргі түрік тіліндегі «жаналғыш (палац)» мағынасындағы *алашы* сөзі де, XVIII—XIX ғасырлардағы каракалпак шайырларының тілінде кездесетін, «жаугершілік, қынышылық» мәніндегі *аласат* сөзі де, қазақ тілінің говорларында кездесетін «аласапыран, бұлік, бұлдіру» мағынасындағы *аласат*, *аласат* салындарі де, «алай-дүлей, аласапыран, дүрлігу» мәніндегі Түркмения казақтары мен Сыр бойы қазақтарында қолданылатын *алагай-бұлағай* сөздері де бір төркіндес.

Ала қырғын, ала сапыран, ала топалаң тіркестерінде «бұліншілік» ұғымын бұлардағы ала компонентійкіндей түседі.

Демек, XV—XVI ғасырлардағы қазақ әдеби тілінде кездесстін *ала* балта қарапайым жай балта емес, соғыс кұралы — ұрыс балтасы, «кісі өлтіретін балта». Ала сөзінің «соғыс, ұрыс», мәніне қатысты колданылған және бір үсем, біздінше, *ала берен*, *ала ту* тіркестерінде келгені. *Берен* — сауыт, *ала берен* — ұрысқа киетін киім (сауыт). Сөкен Сейфуллин Құлет ақынының Қаркаралымен тоштасқан бір толғауынан келтірғен тексте:

Әкем күйеу болған жер,  
Иңем бір келіп болған жер.  
Ал бүркешілік салынып,  
Ала берен киген жер, —

деген жолдар бар (С. Сейфуллин, VI, 132). Мұндағы ак бүркешілік салынған — шешесі, ала берен киген — әкесі. Бул жердегі *ала* сөз жок, түсті білдіріп тұрған жок.

Сол сиякты *ала ту* деген тіркес о баста тудың түсіне қатысты емес, «ұрыста ұстайтын ту» деген ұғымда тұған төрізді. Ол ала тудың түсі жасыл, ақ, көк т. б. болуы мүмкін.

Аламан сөзінің төркінің біраз зерттеушілер түркінің *ал-* (алу, алмақ) етістігінен шығарады: *ал+a+ман*. Бұл сөздің этиологиясы жайында арнайы пікір айтқан зерттеуші А. Махмұтов *ал~ала* тұлғалары чуваш тілінде «қол» дегенді білдіреді, ал қол сөзінің «әскер» ұғымы қоса бар, сондықтан *аламан* сөзі *ал~ала* (қол, әскер)+*ман* (адам) деген екі түбірден құралған күрделі сөз деп топшылайды (Этимол. сөздік, 29).

Біздінше, *аламан*, *алаши*, *алақу* (*алаулау*) сөздерінің төркіні — *ал-* етістігі де емес, оның «кол» мағынасындағы қолданысы да смес, монгол, қалмақ тілдеріндегі «1) убивать, умерщвлять, колоть, забивать скот; 2) убийственный, смертельный, смертоносный» (Монг.-русс. сл., 28) деген мағыналардағы *ала(x)* сөзі. Тегі, бұл түркі тілдеріне монгол тілдерінен енген кірме сөз де емес. түркі, монгол тілдерінің екі тобына да о баста ортақ болған сөз болар. Түркі тілдерінде оның жеке тұрып «өзінде» мағынасында қолданылуы жойылған да, түйнің, тізбекті сөз түбірінде сақталған болу керек.

Ала сөзінің үшінші бір мағынасы бірқатар түркі тілдерінде «келіспеушілік, араздасу, бөліну» екені көрсетіледі. Қыргыз тілінде *ала* 2. рознь, несогласие, разлад, раздор (Юдахин, 45). Қоңе түркі тілдерінде де *ала* сөзінің бір мағынасы «недобрые помыслы, козни» екенін Махмұд Қашғари көрсетеді: *Qarşa garısın kím bilir, ki-si alasın kím tapaq* — «Қарғаның қарасын кім білдер, кісінің аласын кім табар». Қазірде қолданылатын «Жылқы аласы сыртында, адам аласы ішінде» деген мақал Қашғари заманында да (XII ғ.) дәл осы түрінде болғанын көреміз. *Ала көз, ала бұрту, ала ауыз* тіркестеріндегі «келіспеушілік, қастық» мәнін жасауға *ала* сөзінің семантикасы негіз болғанын байқау қын емес. Бұл жердегі *ала* сөзінің не түске, не соғыс-ұрыс ұғымына, не жогарыда көрсетілген «азбан» мағынасына қатысы жок.

Алапа. Бұхар жыраудың Шоқан Ұәлиханов жазып алған бір толғауында (Абылай ханға ариған жоқтауында):

Қырық сан кяра қалмакты  
Жарлығына қараткан...  
Алағасын арттырып,  
Ариалан атты қуанткан... (Валиханов, І, 191). —

деген жолдар бар. Мұндағы *алафа* сөзі бұл күндеге бейтапыстау. Қазақ тілінің толық түсіндірме сөздігі *алана* сөзінің көне сөз екенін көрсетеді де, оған Қазақ Совет энциклопедиясы берген анықтамаларды береді. Бұл екі кітаптың түсіндіруінше, *алана*-ның бір мағынасы «олжак, пайда, табыс», екіншісі — «пара, алым, ауыз баstryқ», үшіншіден, бұл сөз — кәделі сыйлықтың, жонжоралғының атауы (ҚТС, 1974, I, 196). Ал Шокан жазбаларын жариялаған кезде, осы толғауды зударушылар академик Э. Марғұлан мен Дж. Қармышева *алафа* сөзі келген жолды «окружил себя ореолом величия» деп аударады (Валиханов, I, 170). Демек, бұл жерде *алана* сөзінің және бір мағынасы көрсетіледі. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін жинап зерттеушілердің мәліметінше қараганда, бұл сөз Қазақстанның әр өлкесінде әр түрлі мәнде жұмсалатыны байқалады. Гурьев. Манғыстау аймағында бұл сөз — кәденің атауы, Семей, Абай аудандарында «қалыцмал», Костанай, Қызылорда өңірлерінде «олжак, пайда, табыс», ал Жамбыл. Шу аудандарының материалдарының көрсетуі бойынша, бұл сөздің мағынасы «адамгершілік, бедел». Жоғарыдағы Бұхар толғауындағы *алафа* (*алана*) сөзінің контекстегі мәні осы соңғы мағынаға жуықтайды: *алапасын арттырып* ~ *беделін арттырып* деп түсінуге болады.

Біздінше, о баста *алана* (*алапай*) сөзі «соғыс-ұрыста түскен олжак» дегенді білдірсе керек. Оның бұл мағынасы қыргыз тілінде сакталған. Ал түбірінен жасалған «олжак, трофей» мәніндегі сөз өзге түркі тілдерінде де бар. Мысалы, түрік тілінде *аланж*: 1) добыча; трофей; 2) захват, конфискация (Турец.-русс. сл., 43); Қазақ тілінде де *алана*-ның «олжак» мәні жай олжак емес, соғыста түскен олжак екенін Қазақ энциклопедиясынан көруге болады: ерте заманда жаудан түсетін олжак *алапай* (*алана*) деп аталған (КСЭ, I, 246). Тіпті «алапага қызықпа» деген халық мәтесі, энциклопедия мени түсіндірме сөздік көрсеткендей, «парага қызықпа» деген үгімді емес, «жаудан түскен олжака қызықпа», «бұлған елден бүтілдіргі алма» дегенмен салыстыр дегенді білдіретін тәрізді. Келе-келс көне сөз мағынасы құбылып, бір жерде «жалпы олжак», бір жерде сол олжаның

бір түрі — «кәдеден түсетін олжа» (одан барып кәденің өз атаяу) деген мағыналарда қолданылатын болған. Сөйтіп *алаш* омоним сөз (екі түрлі мағынадағы бір тұлға) болып шығады.

Алаш. Қазақтың ауыз әдебиеті тілінде, әсіресе жырларда, сонымен қатар өткен ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде, тіпті күні кешегі Бұхар, Махамбет, Шернияздарда, айта берсек Абайдың өзінде *алаш* сөзі өте жні қолданылған. Бұл сөз екі-үш мағынада жұмсалғаны байқалады. Бірі *ел, жұрт, байтақ* сөздерінің синонимі ретінде. Мысалы, қызыма күйеу таңдатам дегенді жыршы:

Бұл ҳабарды Әзімбай  
*Алашқа* тегіс жүргізді («Қамбар»), —

деп суреттейді. Махамбет ақын:

*Алаштың* байлыгынан не пайда...  
Тарығып келген ерлерге  
Қайыры оның болмаса, —

дегенінде *алаш* деп тұрғаны жалпы «ел-жұрт, халық». Шернияз ақын Исатайдың ел қамын ойлайтын жақсылығын айтқанда:

Исатай ел еркесі, ел серкесі,  
Бір мен емес, *алашқа* жайылым еді, —

дессе, мұнда да *алаш* — «қалың көпшілік, ел, халық» деген мәнде қолданылып тұр.

Сонымен қатар бұл сөз «белгілі бір этникалық құрам (айталық, хандық немесе рулар құрамы), қауым» деген нақтылы, тар мағынаны да білдіргені байқалады. Оның бұл терминдік мағынасы *алты сан алаш, он сан алаш, алты алаш* сиякты тіркестерде келгенде, тіпті айқын сөзіледі. Сондықтан *алаш* сөзі жеке келіп те, жоғарғы тіркестермен келіп те, «қазақ қауымы» немесе «оның белгілі бір бөліктепері (рулары, рулар тобы, жүзі) деген мағынаны да бергені және байқалады. Мысалы, Бұхар жырау Абылайға:

Он сан алаш баласын  
Жұмсақ бір тұрсың қолынан. —

дегенінде Абылайдың қазақтың көп руларының басын біріктіріп билеу әрекетін айтып тұр. О баста *алты сан алаш* — XIII ғасырдың бас кезінде, тегі, монгол шабуылдағы қарсы үйымдастқан, алты тайпадан — қыншақ, найман, қаракесек, алшын, қоңырат, жалайыр тайпалат-

рынан құралған одақты білдірген. Кейін бұл одақ алты сан алаш деген атпен Жошы ұлысының қарамағына кірген (КСЭ, I, 247). Ал бірақ қазақ ақын-жыраулары бұл тіркесті «жалпы қазақ қауымы», тіпті кейде одан да тарылтып «өз руластары» деген мәнде жұмсаған. Мысалы, Махамбеттің:

Алты сан алаш ат бөліп,  
Тізінің берсе қолыма,  
Зулар едім бір көшке,—

дегенінде «қазақ қауымы», оның ішінде өз ортасы «он екі ата байұлы» деген сияқты ұғым бар, өйткені дәл осы жолдардың алдында:

Он екі ата байұлы  
Жылылып келсе бұл іске,—

дейді.

Алаш сөзі «ел, жұрт, қауым» деген жалпы мағынаны білдіруімен қатар «қазақ елі, қазақ қауымы» деген нақтылы терминдік мәнде де қолданылған. Алаш сөзінің қазақ тайпалары одағына байланысты ертеректен бері қолданылып келе жатқанын XVI ғасырдың соны мен XVII ғасырдың бас кезіндегі тарихи шығарма—жалаіыр Қадырғалидың «Жами'ат-тауарих» атты шежіресіндегі «лач мыңы деген тіркестен байқаймыз. Мұндағы тарихының алаш мыңы деп отырғаны ішінде қаңлы, жалаіыр, қатаған сияқты ірі-ірі рулары бар тайпалар одағы, ал алаш мыңы деген сөз қазіргі зерттеушілердің айтуына қарағанда, XV—XVI ғасырларда қазақ халқын әлдіретін этионим (халық аты) болған (Ч. Валиханов, I, 639). Ұлықбектің еңбектеріне қарағанда, алаш атауын қазақ тайпалары монгол жорығы басталмастан бүрый (XIII ғасырга дейін) қолданған (КСЭ, I, 247). Откен ғасырлардагы қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктерді құрастыруышылар да, Л. Будагов, В. Радлов сияқты лексикографтар да қазақ тіліндегі алаш сөзін «бүкіл қазақ халқы» деген сөздің синонимі деп танытады. Алаш сөзі «казақ халқы» деген ұғыммен барабар деген түжірымды орта ғасырлық түркі тіліндегі тарихи шығарма — Бабурнаме материалдарына сүйсніп, өзінің қарға сөздерінде Абай да айтады. Ол алаш сөзінің түп-төркінің Алаша хан атынаи, ал хан есімінің өзін қалмақша «лачын (алач) «жан алушы» деген сөзден шығарады, өйткені Алаша ханиның аты Ахмет дейді (Абай, II,

224). Осы мәліметті Сәкен Сейфуллин де бере келіп, бұл сөз нөфайлы заманынан, яғни қазақ атанған тайпалар қазақ болмай жүргенінде қолданылған сөз дейді. Оған дәлел ретінде «ноғай, казак — бәріміз бір алаштың баласымыз» деген мақалды көлтіреді (С. Сейфуллин, VI, 21—24).

Алаш сөзінің үшінші мағынасы — жоғарыда көрсетілген мағынаға қарама-қарсы «жау, жат» деген мәнде жұмсалуы. Мұны С. Сейфуллин жақсы көрсеткен. «Е-е, мен сенің ағайының емес, алашың ба едім» және «алашың туысқандай болсын» дегендерді мысалға көлтіреді (С. Сейфуллин, VI, 285). Алаш сөзінің «ел» және «жау» деген қарама-қарсы екі мағынасы өткен ғасырларда қатар қолданылып келген. Мысалы, Бұхардың:

Өзіңмен бірге туысқан  
Алаштан бетер жат болар, —

дегенінде, немесе Махамбеттің:

Бесеуіміз жүргенде,  
Алашқа болман деуші едік, —

дегендерінде алаш — «қарсы жак, дүшпан». XVI ғасыр жырауы Шалқиіздің:

Алаштан байтақ озбаса,  
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді,

дегенінде екі сөз көне мағынада келген: *алаш* — мұнда «жат ел, жат (жау) жұрт», *байтақ* — «өз елі, өз жұрты». *Алаш* сөзінің жағымсыз мағынасы монгол, қалмақ тілдерінде бар. Монголша, *алач* сөзінің бір мағынасы «убивающий, убийца», қалмақ тілінде *алач* — «головорез». Бұл сөздің қазақ тіліндегі «жау, дүшпан» мағынасында қолданылуына оның монгол тілдеріндегі ұғымы да себепкер болуы мүмкін, яғни *алаш* сөзінің «кісі өлтіріш», одан шыққан ауыспалы мағына «жау, дүшпан» деген ұғымы қазақ тілінде өте ертеден келе жатуы ықтимал, яғни бұл сөз осы мағынада монгол-туркі тілдеріне ортақ сөз болуы да мүмкін. немесе соңғы ғасырларда үнемі сыртқы жауларының бірі болып келген монгол тайпалары — қалмақтар мен жонғарлардың тіліндегіше «жаналғыш, баскесер» мағынасынан ауысып, «жау, жат» мағынасында қолданылып кетуі мүмкін. Сөйтіп, өткен кезеңдердегі қазақ тілінде *алаш* сөзі «ел, жұрт, көпшілік, қауым, халық» мағынасында және осы-

тән қарама-карсы «жау, дүшпан, жат» мағынасында қолданылған.

Бертін келес Абай сияқты қаламгерлер бұл сөздің мағынасын тарылтып, «жалпы қазақ елі, халқы» емес, әйгейір «ел іші, біреудің айналасы, жақыны, туысы» деген мәнде жүмсаган. Мысалы,

Малға достың мұны жоқ малдан басқа,

Аларында шара жоқ алдамасқа.

Табиына табынып, қалбақ қағып,

Тойғанынан калғанын берсе алашқа (Абай, I, 197), —

дегенінде *алаш* сөзі «жақыны», «айналасы» деген ұғымды береді, өйткені бұл өлеңдегі әңгіме мал жиу үшін барша айла-әрекетін жасап жүрген «малға достар» тұралы, олар тойғанынан қалғанын бүкіл елге, халыққа беретіндей мықтылар емес, «қалбақ қаққан» жай пысықтар, олардың *алаши* — жақыны, туысы, айналасы тана.

Казіргі қазақ әдеби тілінде «ел, қауым, халық» дегенінде синонимі ретінде *алаш* сөзі өте сирек қолданылады (ал «қазақ халқы» дегенін баламасы ретінде мұнда қолданылмайды деуге болады), онда да поэзия тілінде ұшырасады. Мысалы, Қадыр Мырзалиевтің «Данышпан» деген кітабынан:

Көмейлі капитал

*Алашты* —

Халықты

Сүлткей сорды кеп, —

деген жолдарды оқимыз. Мұнда *алашты*—халықты деп арасына сыйықша қойылып қатар келтірілуі *алаш* сөзін «жалпы бұқара көпшілік» деген мәнде пайдаланылғанығын танытады.

**Алдияр.** Қазақтың эпос жырларында, ертегілерінде, Махамбет жырларында ханға, жалпы дәрежесі жоғары әдамға қарата айтылатын *алдияр* сөзі жи кездеседі.

*Алдияр* бас хандарым,

Жаша келді Қамбарың («Қамбар»).

*Алдияр* тақсыр ханымыз (Махамбет, 88).

Ноқан *алдияр* сөзін «алла жар болсын» дегенинен шыққан деп таниды (Ч. Валиханов, I, 226). Кейінгі этимологиятар да осы пікірді қуаттайды (Этимол. сөздік, 33). Қырғызша-орысша сөздіктің авторы К. К. Юдахин де *алдияр* сөзін араб, иран сөзі (*алла+шар*) деп таниды да, монархтар мей хандардың құрметті титулын білдіре-

тін орысша «ваше величество» дегенге сай) тарихи көне сөз деп түсіндіреді (Юдахин, 49). Біздіңше, бұл — жаңсақ пікір. Ертеректе, хандық дәуірде, казактар колданған алдияр сөзі монголша алдар сөзімен төркіндес болу керек. Ол «данқ, атақ, мәртебе, дәреже» дегенді білдіреді. Бұл сөз қалмақ тілінде де бар. Алдияр қалмақша «ұлы» деген мағынада. Алдияр қазақ тілінде жеке түреп та, алдияр тақсыр, алдияр хан сияқты тіркестер түрінде де қолданылған. Бәрінде де ол — «мәртебесі биік ~ мәртебелі ~ ұлы» деген мәнді білдірген. Ал бұл әпитет хан, бек, сұлтан сияқты билеушілерге ғана айтылғаны мәлім. Шынында да бұл сөз орысша «ваше величество» деген тәрізді құрметті титулды білдірген. Әрине, алдияр сөзі қазақ тіліне монгол немесе қалмақ тілінен кейінгі ғасырларда енді ме, әлде ежелден түркі-монгол тілдеріне ортақ сөз бе — әзірге кесіп айту қын. Сірә, бұл сөз түркі тайпалары тілінде монгол шапқышылығы (XIII ғ.) кезінен бастап қолданылған болар. Оның ішінде хандары тек қана Шыңғысхан әuletінен болып келген қазақ қауымында сол хандарға алдияр деп айту орын алған болу керек. Өйткені алдар (алдияр) сөзі көне түркі тілінде жоқ, өзге түркі тілдерінін де барлығына тән емес.

### **Алқалау, алқалы. Махамбет ақында:**

Алқалаған жер болса,  
Азamat басы құралса...  
Алқалай келген кенесте  
Дем құрыған күн болған  
Алқалы кенес құрған күн... —

деген жолдар бар. Алқалау сөзі ертеректегі ақын-жыраулар тілінде де бар. Шалқнізде:

Алқалаған ауыр қолдар тоқтарға  
Арыстанбек ұлы Сұлтан бар.

Алқалау сөзінің түбірі — алқа. Алқа-ның қазіргі мағынасы: 1) жиын, топ, 2) коллегия (КТТС, 1974, I, 224). Бұл — арабтың ҳәлқа деген сөзі, мағынасы — «дөңгелек», одан барып «адамдар тобы» деген ауыспалы мәнде қолданылған. Сірә, бұл сөз түркі тілдеріне өте ертеде енген болу керек. Этнографтардың айтуына қарағанда, Орта Азияны және Қазақстанды мекендейген халықтардың ислам дәуіріне дейінгі әдет-ғұрпында жылына бір рет өлгендердің бейітіне баратын дәстүр болған. Бейіт

Басына жиналған әйелдер алқа құрып қол үстасып, ауық-ауық алақан соғып, дұға оқып, ортандың айналып жүретін болған. Соны алқа деп атаған (Снесарев, 155). Түркі тілдеріне парсы тілінен алқа сөзі осы кездерде кірген болу керек (ал парсы тіліне бұл сөз араб тілінен сиғен). Қазақ тіліндегі алқа-қотан, алқа құру және алқалау сөздері осы мәндегі алқа сөзімен сабактас. Кейін келе діни ритуалға қатысты алқа құру дәстүрі жойылғанмен, «дөңгелек құрып айнала отыру», немесе «бірнорсөн айнала қоршау» деген мәнде алқалау етістігі қолданылатын болған. Жогарыдағы Махамбет Өлеціндегі алқалау сөзі кеңесу, ақылдасу үшін жиналатын жиынға қатысты тұста айттылған. Ал қазақ қоғамында (орине, өзге жүрттарда да) кеңесу, ақылдасу үшін алқа қотан отыру, яғни дөңгелек құрып айнала отыру дәстүрі болған. Бұдан барып алқалау сөзі «кеңесу, топ болып отырып ақылдасу үшін жиналу, бас қосу» деген ауыспалы мағынаға да ие болғаны байқалады. Ал соңғы Шалқиіз Өлеціндегі алқалау сөзі «коршау» деген мағынада қолданылған. Алқала сөзі бұл күнде осы соңғы «айнала қоршау, қамалау» деген мәнде жұмсалады да, оның «жиналу, бас қосу» мағынасы ескі нұсқаларда сақталған.

**Амандасу.** Амандасу сөзі қазіргі әдеби тілімізде «сәлем беру, сәлемдесу, амандық сұрау» деген мағынада қолданылады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» осылай зертте көрсетеді (КТТС, 1974, I, 250). Ал ертеректе бұл сөз қазақ тілінде қарама-қарсы мағынада да қолданылған, және «қоштасу, қош айттысу» дегенді білдірген. Батырлар жырларының:

Амандасын слменен,  
Түн-өскен жерменен.  
Қалмаққа қарай жөн тартты.  
Хон айттысып Қамбарға  
Амандасын жылады («Қамбар»), —

деген жолдарынан «сәлемдесу» емес, «қоштасу» деген мағынадағы амандасу сөзін көреміз. Мұнда амандасу сөзі «амандық сұрау» емес, «амандық тілеу» мәнін береді. «Айман — Шолпан» жырында еліне қайтарылған Шолпанды шығарып салған Арыстан туралы:— Шолпанмен амандасып кейін қайтты,— дейді. Мұнда да амандасу — амандық тілеп, қош айттысу. Бұл сөздің соңғы мағынасы ауызекі сөйлеу тілінде де кездеседі.

Сонымен қатар ескі әдеби нұсқаларда *амандасу* сөзі «көрісп сәлемдесу» мағынасында да жиі жүмсалған. Қалмақ келіп қызыңды бер деп қысқанда, қыз әкесі Әзімбай:

Жіберді тарту кылып тогыз адам,  
Камбарға қайтындар деп *амандасып*.

Сонымен, бұрын *амандасу* сөзі қарама-қарсы екі мағынада жүмсалған және ауызекі сөйлеу тілінде қазірде де осылай қолданылады деп түсіну керек.

**Арай.** «Алпамыс» жырында баласы жокта Ұлтан құлға пенде болып, түйе бағып жүрген Алпамыстың әкесі Байбөрі түйелерге:

Айдасам жөнге жүрмейсің,  
Қарагымның артында  
Есіз қалған үлегі  
*Арай, жаным, арай!* —

дейді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бұл жердегі *арай* сөзін «сабыр, ұстам, тоқтам» деп түсіндіреді (КТС, 1974, I, 306). «Алпамыс» жырының ғылыми басылымында бұл сөздің көңіл күйді білдіретін парсының сөзі деп анықтайды (Алпамыс батыр, Алматы, 1961, 82). Ал дұрысында *арай* — түркі сөзі, алтай түркілерінің тілінде «медленно, осторожно, постепенно, тихо, еле-еле» деген мағыналарды білдіреді. Байбөрінің аузынан шыққан *арай* да «ақырын, жаным, ақырын» деген мағынада жүмсалған.

Түсіндірме сөздік *арай* сөзінің бірінші мағынасы «таң атар кездегі күн шапағы, шұғыласы» дегенді көрсетеді (КТС, 1974, I, 305). Бұл мағынаның түп-төркіш түркі-монгол тілдеріне немесе монгол тілдеріне тән *арай* сөзіне қатысты болу керек. Монгол тілінде *арай* «едва, еле, чуть, почти, немного» дегендерді білдіреді (Монг.-русск. сл. 41). Қазақ тілінде *арай* — енді-енде шашырай бастаған таң шапағы болғандықтан, мұнда «енді-енде, білінер-білінбес, әрең-әрен» деген мәнді камти айтылған.

*Арай* сөзінің «ақырын, етеп, біртіндеп» мағынасын Мұхтар Әуезов қолданған. «Абай» операсының либреттосында жазушы Ажардың аузына:

Өлмек ем сол әнге үйип *арай-арай*,  
Ол бірге өшпек болды *арай-арай*.

Көрдім де бекінгенің бірге өлмекке  
Тірлікке мен шақырыдым *арай-арай!* —  
деген сөздерді салады.

Ару. Қазірде де тілімізде бар *ару* сөзін ертедегі қалып әдебиеті нұсқаларынан жиірек кездестіреміз, мұнда бұл сөз екі түрлі ұғымда келеді. Бірі — *әйел*, қызы деген сөздерден бұрын тұрып, «сұлу, сүйкімді», «абзал, ардакты» дегенді білдіреді, немесе жеке тұрып, «сұлу қызы, сүйікті әйел» деген мәнде жұмсалады. Доспамбет жырау өзі туралы толғауының бір жерінде:

Алғаным Әли ағаның қызы еди,  
Қас *арудың* өзі еди.  
Майдайың қүнге тимеген,  
Желгे шашы урмеген.  
Сернілің адам бетін көрмеген, —

Дейді. Сонымен қатар. XV—XVII ғасырлардағы нұсқалардан *ару ат*, *ару ұл*, *ару батыр* деген тіркестерді ұшыратамыз.

Ақтабан *ару торы ат* жайлаған («Ер Шобан»)  
Лайсұлдың *ару Әметі* тұрганда...  
Лайсаның *ару ұлы* Қолай бар (Шалқиіз).

Бұл күнде *ару ат*, *ару жігіт* деген тіркестер күлакқа жат естіледі. Қазірде *ару* сөзі әйелге, көбінесе сұлу жас қызыга катысты қолданылса, ертеректе *ару* сөзінің «пак, таза, кіршікей» және діни ұғымдагы «әулие, иғі» және осылардан барып «иғі, мінсіз, иғілікті, асыл, құнәсyz, пак» деген ауыспалы мағыналары болған. Сондықтан көне түркі ескерткіштерінде *арығ тон* (таза киім), *аруғ изүк* (адал тамак), қылқы *аруғ* (мінез-құлқы иғі), *ару құміс* (таза құміс) деген тіркестерді көреміз. Көне түркі ескерткіштеріндегі *аруғ қызлар* тіркесі осы құнгі қазак тіліндегідей «жалпы сұлу қыздар» емес, «құнәсyz пак қыздар» деген ұғымда келеді. Орта ғасырлардағы түркі жиzelарында да *ару* (*ары*, *арығ*, *аруғ*, *арық*) сөзінің таза, кіршікей, әулие, иғі мағыналары сакталған. Мұнда да *ары тон* (таза киім), *ары гауһар* (шынағы гауһар), *арық гүл* (таза гүл), *арығ сұв* (таза, ағын су), *арығ сипат* (иғі сипат) деген тіркестерді көреміз. Бұл енді, тегі, тек түркі емес, түркі-монгол тілдеріне ортақ ежелгі сөз болу керек. Өйткені монгол тілінде де *арығ* сөзі «таза» мәнін береді. Монголша *арығ ус* — ауыз су (таза, ішуге келетін су), *арылах* (мұндағы -x — түйік тістіктің жүриагы, казакша -y — *арулау* дегендегі

сиякты) — «тазарту, тылыу (жауынның ашылуы), жойылу, жоғалу» мағынасын береді, ал *арулах* казақша *арулау* дегенмен мәндес діни сөз; *арын* — 1) киелі, әулие, таза, адам, 2) үсті-басы таза жүрстін деген мәндегі сөздер.

Жоғарыда қазақ өлеңдерінде кездескен *ару* сөзінің жылқыға және ер адамға қатысты айтылған сөттері бұл сөздің көне мағыналарының қазақ тілінде де қолданылатындығын танытады. Дегенмен *ару* сөзінің көне мағыналарының баршасы қазақ тілінде біз сөз етіп отырған дәуірлерде-ак сақталмаған. Мысалы, бұл сөздің су, кім, тамақ сияктыларға қатысты қолданылуы кездеспейді. Тек адам мен оның жан серігі — жылқыға байланысты қолданысын көреміз және «игі, мінсіз» деген-нен аудысқан, «өте жақсы, абзал» деген мәндерде көлгөнін байқаймыз.

*Ару* түбірінен жасалған туынды сөздер де ұмытылған, мысалы, *арусыну*, *арулық* сөздері бұл күнде жок, немесе *ару* сөзінің қолдану яссы тарылыш, белгілі бір тіркесте гана сақталған. Ол — *арулау* етістігі. Бұл сөз өлікті «ақ жуып, арулап қою (көму)» тіркесінде гана қолданылады. Өлікті *арулат* таза жұдырыу тіркесі қыргыз тілінде де бар. Ол — «өлікті тазалап жуу» деп түсіндіріледі (Юдахин, 71). Ал қазақ тілінде өлікті *арулат жуу*, таза *арулау*, *арулат көму* (қою) тіркестері бар. Сірә, мұнда «тазалу», «тазалап жуу» мөнімен катарап (ол мәнді ақ жуу тіркесі де береді), «қастерлеу, әулие тұту» мәні де бар тәрізді. Әйткені *ару* түбірінің діни ұғымдағы бір мағынасы — «әулие» («святой, священный»), «құдайы» («божественный»), осыдан өлген адамдарды *арулат көму* — оны әулие тұтып, құдайдай қастерлеп жерлеу дегенге де саяды. Бұл сөздің «әулие, әулиедей қастерлі, ардақты» мәні көрі, ардақты әйелге айтылатын *аруана* тіркесінде де байқалады.

*Ару* сөзінің «таза, игі» ұғымы қазақ тілінде, біздінше, және бір жерде сақталған сиякты. Ол — *ар ма!* армысыз! деп амандақсанда айтылатын сөзде. Мұның өзі де көне. Қазірде қолданыстан шығып бара жаткан сөз. Қазақтың жырлары мен ертегі-ақыздарында көбірек сақталған. Қөріскеңде *арбаң* деп амандасу қыргыз әдебиетінде, әсіресе оның онтүстік диалектісінде кездеседі. Оның морфологиялық құрылымын К. К. Юдахин *ары+баң* деп береді де, мағынасын «шаршау, шаршап-шалдағу, арықтау» мәніндегі *ару* етістігімен байланысты-

рады, яғни *арбаң* — «шаршама (не уставайте)» деген сөз деп түсіндіреді. Біздің топшылауымызша, қазак, қырғыз және татар тілінің кейбір диалектісінде кездесетін *ар ма*, *армысыз*, *арбаң*, *арұмы* сөздерінің түбірі «шаршау» мағынасындағы *ары* емес, «таза», одан барып, «ауру-сырқаудан таза, есен-сау, аман» мағынасындағы *ары* (*арығ*, *ару*). Сөзі болар дейміз. *Ару ма* (татарша *ар мы*, қырғызша *ары ба сөздері*) — «деніңіз таза ма, ауру-сырқаудан аман, есен-саұмысыз» деген ұзақ амандықтың шағын варианты болар. Ал *ару ма* (*ары ма*) деген жеке сөз бен шылаудың *арма* (қазақша көбінесе *ар ма* деп жазылып жүр), *арбаң* болып, ортағадағы *ы* (*у*), *ығ* дыбыстарының түсіп қалуы — тілде бар құбылыс. Бұл амандыққа: *бар бол!* деп сөлем қайтару «бәрекелді! рахмет!» деген мағынаны білдіреді деп ойлаймыз.

*Ару (ары)* сөзінің «таза, құнассыз» мағынасы қазақ тіліндегі *арылу* етістігінде де сақталған. *Арылмақ* сөзі Казіргі түрлік тілінде екі түрлі үқас мәнде жұмсалады: 1) тазару, таза болу, 3) аурудан сауығу, жазылу (Түрк.-русс. сл., 1977, 62). Татар тілінде де *ару* — таза, *арұлық* — тазалық, *аруламақ* — тазарту, *ару су* — таза су. Казіргі казақ тілінде *арылу* сөзі «бірнәрседен құтылу, тазару» одан барып «ақталу» деген гүйспалы мәнде жұмсалады. (КТС, 1974, I, 360).

**Аса жұрт.** «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан» жырларында *аса жұрт* тіркесі кездеседі.

Асулав келген коңыр қаз,  
Аса жұрттың елінде...  
Аса жұртқа барғанда,  
Елдің кәркі мал дейді («Қыз Жібек»).  
Баласы *аса жұрттың* мейман келді («Айман-Шолпан»).

Бұл жердегі контекске қарағанда, *аса жұрт* тіркесі «ист жұрт» дегенге мәнзейді. «Қыз Жібек» жырының бір басылымында бұл тіркесті осылай түсініп, «жат ел» тегін мағынада деп сілтеме береді. Бірақ *аса жұрт* тіркесінің бұл күнде мағынасы көмексілелене түскендіктен, екінші бір жырда («Айман — Шолпанда») бұны «аскан жұрт» деп түсіндіреді. Бірақ контекстегі мағынасы екіншінде де бірдей. Бұл тіркесті Махамбет ақын да келтірді.

Ахаманга жол бердік —  
Аса жұртты менгердік.

Бірак Махамбет қолданысында бұл тіркес мағынасы «жат жұрт» дегеннен ғері, «өз жұрты» дегенге көбірек келеді. К. К. Юдахиннің сөздігіне қарағанда, *аса* сөзі қыргыз тілінің солтүстік диалектісінде қолданылады, ол — араб тілінен енген сөз, мағынасы «туысқан адам, семья мүшесі» (Юдахин, 74). Мүмкін, о баста арабтың *аса* сөзі қазақ тілінде де жұрт, *ру* («Қызы Жібекте»: *аса руга* барғанда) сөздерімен тіркесіп, «туысқан ел, өз жұрты» дегенді білдірген болар, одан қарама-қарсы мағынаға ауысуы — тілде болатын құбылыс.

**Асра жұрт.** «Қобыланды батыр» жырында: *асра* (*асыра*) жұрт деген тіркес те кездеседі.

Асыра қыпшақ баласы  
Жатканнан соң байлауда...  
Арыстан туран скен деп  
Асыра жұрты қуанды.

Көне түркі тілдерінде *асра* деген сөздің бір мағынасы «низкий, смиренный, покорный» дегенді білдірген (*асра қоңул* — смиренное сердце — ДС, 61). Жоғарыдағы жыл жолдарындағы *асыра* сөзі де «бағынышты, бағынған, бас иген» деген мәнді білдіреді. Жалпы жұрт сөзі — түркі тілдерінде өте көнеден келе жатқан, терминидік мәні болған сөз. Ұзақ уақыт сакталып келген терминидік мағынасы — «ел, белгілі бір қауым, этникалық құрам, белгілі бір атымен аталған халық» деген мағына. Жұрт сөзі казақ тілінде осы мағыналарда әр алуан әпитетпен қолданылып келген: *астана жұрт*, *аса жұрт*, *асра жұрт*, *ауыр жұрт*, *байтақ жұрт* т. т. Қарашалпақ тілінде *кесе жұрт* тіркесі қолданылады, мағынасы «басқа ел, бөгде жұрт».

**Астана жұрт.** «Батырлар жырларында», Махамбетте, Шернияз, Нұрым сияқты өткен ғасырларда жасаган акындар тілінде *астана жұрт*, *астана халық* деген тіркестер кездеседі. Мысалы, Махамбетте:

Айгайда белдік байланған,  
*Астана жұртын* айналған. Нұрым жырауда:  
Лұзын көңкөң тенгерген.  
*Астана жұртын* менгерген.

1878 жылғы А. Старчевский құрастырган екі тілдік сөздікте, 1897 жылы Орынборда шықкан «Қазақша-орысша сөздікте» *астана жұрт*, *астана халық* дегендер «многочисленный народ» деп аударылыпты. Л. Будагов

бұл сөз түркі тілдеріне парсының *астан*, *астанә* (порог, дверь, дворец) деген сөзінен ауысқандығын айта келіп, казак тілінде *астана жұрт* тіркесі бар екенін көрсетеді де, оны «многочисленный, великий народ» деп аударады (Будагов, I, 40). В. В. Радлов бұл сөздің азербайжан тілінде «порог, двор, придворный штат» деген мағыналары барын көрсетеді (Радлов, т. I, часть I). Сірә, қазіргі казак тіліндегі *астана* сөзінің «белгілі бір мемлекеттің, елдің орталық қаласы» деген ұғымы бұл сөздің парсы тіліндегі «двор» мағынасынан алынған болу керек, яғни үкіметтің резиденциясы орналасқан қала дегенді білдіреді. Ал өткен ғасырларда қолданылған *астана жұрт* тіркесінде, біздің байқауымызша, В. В. Радлов көрсеткендей, «придворный штат» деген мән бар төрізді, яғни «белгілі бір «дворга» (хандыққа) қараған жұрт» деген мағынада айтылса керек. Жоғарғы тексттерде бұл тіркес «кол астындағы, өзіне қараған, сонынан ерген халық, жұрт» деген мәнде қолданылғанға үксайды. Сонда *астана жұрт* тіркесі «көп, ұлы халық» дегенинен ғөрі, «біреудің (ханиң, батырдың) кол астындағы («табалдырығындағы») ел-жұрт» деген мағынаны білдіретін тәрізді. *Астана* сөзінің «табалдырық» мағынасы казак тілінің говорларында сақталған. Ж. Досқараевтың көрсетуі бойынша, Жамбыл облысынан тұрғындары үйдің табалдырығын *астана* деп атайды (Досқараев, II, 13).

**Ауыр.** Қазақтың батырлар жырлары мен лиро-эпостарында, XV—XIX ғғ. ақын-жыраулар тілінде *ауыр аскер*, *ауыр қол*, *ауыр жұрт*, *ауыр дәүлет* сияқты тіркестер көздеседі. Мысалы:

Алқалаган *ауыр қолдар тоқтарға*  
Арыстаңбек ұлы Сұлтан бар («Ер Шобан»).  
Тебір-серге қалғанда,  
Тенселер сойдя *ауыр ногай жұртыңыз...*  
Тебірсене *ауыр жұртын тыңдырmas* (Шалқиіз).  
*Ауыр аскер* қосымен («Кобыланды»).  
*Ауыр аскерге жолықтың* (Радлов, VII).

*Ауыр аскер* қол түрінде бұл тіркесті Махамбет ақын да бірнеше рет пайдаланады. Мұндағы *ауыр* сөзі бұл күнде салмаққа және қындыққа қатысты айтылатын сөз (ауыр баға, ауыр жұмыс). Оның «қайғылы» (*ауыр хибар*) «өте ұлкен, төзуге болмайтын» (*ауыр қылмыс*), «қауіпті, катерлі» (*ауыр жира*), «байсалды» (*ауыр қозғалыу*) деген ауыспалы мағыналары да жоғарыдағы екі

мағынасынан өрбіген. Ал ауыр қол, ауыр жұрт дегендеге ауыр сөзі «көп, сансыз» деген мағынада келген.

Махамбет ақын бір өлеңінде «ауыр әскер қол» десе, екінші бір жерлерде осы үғымды «мың сан әскер қол», «сан шерулі қол», «көп әскер» деген синонимдерімен белдіреді. Дулат Бабатайұлы бұл үғымды «ұлы шерік қол» деп береді. Бұл сөздің (*ағыр тұлғасында*) ортағасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде «багалы, құшті» және «көп, сансыз» («многочисленный») деген мағыналары бар: *ағыр өзік* — многочисленное войско (казакша *ауыр қол* дегеннің тұра эквиваленті) (Наджип, Арханизмы... 80; Фазылов, I, 104).

«Қозы Қөрпеш» жырында ол дәүлет сөзімен тіркеседі де, онда да «көп, мол, сансыз» дегенді белдіреді:

Ауыр дәүлет беріпті алла иссіп («Қозы Қөрпеш»).

Ауыр сөзінің қазақ тілінде жұрт сөзімен тіркесіп қолданылатынын Шоқан да айтады. Ол профессор Н. Н. Березинге жазған хатында Токтамыс хан жарлығындағы кейір түркі сөздерінің казақ тілінде бар-жоғын көрсетеді. Соның бірі — *ногайлының ауыр жұрт* тіркесі; қазақтар өзінің батырлар жырларында Алтын Орданы «ногайлының ауыр жұрты» деп атаған дейді (Валиханов, I, 121). Л. Будагов *ағыр* (*ауыр*) сөзінің өзге түркі тілдерінде (азербайжан, түрік) «мацизды, ұлы, ұлкен, қымбат, бағалы, сыйлы» деген ауыспалы мәнде қолданылатынын да көрсетеді (Будагов, I, 61). Ауыр сөзінің бұл мағыналары қазақ тілінде болған. Мысалы:

Алдастан *ауыр* кылыш суырган («Ер Шобан»). —

дегендегі *ауыр* сөзінің мағынасы салмаққа қатысты емес, «бағалы, құнды», демек, «өткір кылыш» деген үғымда. Ал көне түркі тілдерінде *ағыр* сөзінің екінші мағынасы «бағалы, қымбат», «сыйлы, құрметті» дегенді белдірген (ДС, 19).

Бұл күнде *ауыр* сөзі «көп, мол» мағынасында жаңадан тіркес құрап қолданылмайды. Ертедегі әдебиет нұсқалары мен жырларда кездесетін *ауыр жұрт, ауыр қол, ауыр әскер, ауыр дәүлет* дегендегелегі *ауыр* сөзінің мағынасы қазіргі мағыналарынан өзгеше деп тану керек, ол — «көп, ұлы, ұлкен, қымбат, бағалы» деген ауыспалы мағыналар. Әрине, бұл сөздің осы күнгідей салмаққа, киындыққа қатысты мағынасы және осылардан ауысқан өзге де мағынатары ертедегі қазақ тілінде де болған.

**Байсалды. Байсал табу.** *Байсал* сөзі қазіргі әдеби тілімізде жеке тұрып көп қолданылмайды. Ол не *байсалы* деген туынды сөз түрінде, не *байсал табу*, бойы *байсал тарту* деген тіркес түрінде келеді. **Байсалды** сөзі «сабырлы, ұстамды, байыпты» деген сын есім мағынасында көбінесс адамға байланысты айтылады. Ал бұл сөздің қазақ тіліндегі ертеректегі мағынасы адамға қарынысты «сабыр» дегеннен гөрі, жалпы мәндегі «тыным, тыныштық» деген екендігі байқалады. *Байсал табу* деген тіркестің «тынышталу», «тыным табу», «тыну» деген мағынасы осыған саяды. Қазақ тілінде ертеректе «көш байсалды болсын!» деген тілек сөз болған. Мұнда *байсалды* сөзі осы күнгідей «сабырлы, ұстамды» деген мәнде емес, «тыныш, тыныштықты» деген мағынада келген.

Байтөбеті маңылдаап  
Байсал тауып үрген жер...  
Көштің байсал тапқаны —  
Көкорайға конғаны.  
Даудың байсал тапқаны —  
Тәрешіге барғаны (С. Сейфуллин, VI, 53), —

деген ескі нақыл сөздерде *байсал табу* фразасы «тыным табу» («орналасу, шешілу») дегенді аңғартады.

Бұхар жыраудың: «*Байсалды үйге түсіңіз*» дегеніншегі *байсал* сөзі де — «тыныш, ұрыс-керіссіз» деген мәнде. Демек, *байсалды, байсал табу* сөздері бұрынырақ қазіргіден өзгешелеу мәнде де жұмсалған.

**Байтақ.** Откен дәуірлердегі қазақ тілінде *байтақ* сөзі актив қолданылған. Шалқиіздің бір толғауында:

Алаштан *байтақ* озбаса,  
Сынайшылық сүрмен-ді, —

деп келеді. *Байтақ* сөзі «Батырлар жырында» тіпті жіп кездеседі. *Бұларда*:

Байтагымның ішінде  
Он сан елім ногайлы...  
Менен қалған *байтақ* ел, —

деген жолдарды кездестіреміз. Бұл сөз Махамбет ақында да бар:

Біздің ер Исарай өлген күн,  
Он сан *байтақ* бүлген күн.

*Байтақ* сөзі бұл күндегі әдеби тілімізде «ұшы-кыры жоқ, кең» (КТТС, 1976, II, 41) деген сын есімдік мағынада қолданылады. Ал жоғарғы мысалдарда бұл сөз

осы көрсестілген үғымда емес. *Байтақ* сөзі бұрын қазак тілінде зат есім мағынасында қолданылып, «белгілі бір этникалық-территориялық едініца (мысалы, хандық сиякты), ел, жұрт» деген мағынаны білдірген. Эпоста сюзеренің (ханына) өкпелеп, қайрылмай кеткен батырга кері қайт деп өтіне келген сліші:

*Байтақ беліп береді,  
Патсалыкты құр сона, — деп уәде береді.*

Мұндагы *байтақ* деп отырғаны — белгілі бір территориядагы белгілі бір құрамды ел, яғни кіші-гірім хандық. Бұл сөздің осы мағынасы қазірде де қолданылатын *байтақ* ел, *байтақ жұрт* деген тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепкер болған. О баста *байтақ* ел, *байтақ жұрт* дегендер қазіргідей «барлық ел, барлық жұрт» дегенді емес, жалпы белгілі бір этникалық-территориялық едініца, яғни ел және жұрт деген жеке сөздердің баламасы ретінде жұмсалған (мағынасы жақын сөздердің қатар айтылған қолданылуы — плеоназмдар тілімізде етеп жіні кездесетіні мәлім, мысалы, *ел-жұрт*, *тегегей-теңіз бекер босқа*, құр текке деген сөздер сиякты). Он сан *байтақ* тіркесі — «көп рудан, көп халықтан құралған ел (хандық, мемлекет т. б.)» деген мағынадағы метафоралық тіркес. Осы сөздің бұл мағынасы *байтақ* ел, *байтақ жұрт* дегендерді өткен ғасырдағы қазақша-орысша, орысша-казақша екі тілдік сөздіктердің «многочисленный народ» деп аударуларына себепкер болған тәрізді. Келе-келе, біздің кезеңімізде, *байтақ* сөзінің о бастагы мағынасы өзгеріп, «кең, ұшы-қыныры жоқ, ұлкен; барлық» деген мәнге не болып, өзге сөздермен тіркесте ғана қолданылатын болған. Мысалы, *байтақ да-ла*, *байтақ өлке*, *кең байтақ*, *ұлан байтақ*. Ал қыргыз тілінің диалектісінде бұл сөз «алыс, қырып» және «өте ертедегі, баяғы» деген мағынада жұмсалатындығы көне сөздердің алғашкы мағынасының көмекілсіліп, ауыспалы бірнеше мәнге не болатындығын танытады.

*Байтақ* сөзінің өзі қазақ, қырғыз сиякты түркі тілдерінс өте ертеде парсы тілінен енген болу керек. Парсыша *пайтахт* сөзі «астана (дәлме-дәл: тақтың төменигі жағы)» дегенді білдіреді. Түркі тілдерінде «тактың төменигі жағы» дегенинен «такта отырған билеушінің (ханының) аяқ астындағы (қол астындағы) бағынышты ел» деген ауыспалы мән пайда болғанға үқсайды. *Байтақ* сөзінің «жұрт» деген мағынаны білдіретіндігін қазақ

тілінде көне мұраларда және жырларда кездесеті: *астана жұрт тіркесі дәлелдей түседі*. Бұл — *байтақ жұрт* дегениң тұра дублеті. *Мағыналары бірдей*.

Казак тілінде *байтақ* сөзінің «*астана*, *орталық қала*» мағынасындағы қолданысы да жок емес. Алпамы батыр:

Байсын деген өз елім  
Жиделі *байтақ* каламыз, —

дейді. Мұндағы *байтақ қала* тіркесінің өзі «*орталық астана қала*» дегенді аңғартады.

Байтақ сөзінің қазақ тілінде «*кен, үлкен, ұшы-қиырсыз*» деген ауыспалы мағынада қолданылуы тіпті ауыз әдебиетінің өзінде де байқалады. Мысалы, «*Қобыланды*» жырында:

Жасыл *байтақ* жері бар,  
Лайдынды шалкар көлі бар, —

деген жолдарда *байтақ* сөзі осы күнгідей сын есім мағынасында.

**Барым:** «*Алпамыс*» жырында:

Талқан қып алды шаһарымды,  
Талауга салды *барымды*, —

деген жол бар. Мұндағы *барым* сөзін әдетте «*қосымдағы бар іарсені* (байлықты, малды)» талап әкетті дең туғыніміз де, *барым* сөзінің түбірі *бар* (орысша: есть) сөзі болар дең ойлаймыз. Ал шындығында *барым* сөзі көне түркі тілдерінде «*мал (скот)*» және «*мұлік*» деген екі мағышаны білдірген (ДС, 84). Сонда бұл сөздегі *-ым* қосымшасы тәуелдік жалғауы емес, жүрнақ болып табылады. Жоғарғы сөйлем казіргі тілмен айтсақ, *талауга салды малымды* немесе *талауга салды мұлкімді* дең айтылар еді. Қазақ тілінде *бар малы* (*бар малым, малың*) деген тіркес о баста *барым-мал* болуы да мүмкін, сонда бұл — «*бүкіл, барлық мал*» деген мағынаны емес, жалпы «*мал-мұлік*» деген жинақтау ұғымдағы сөз болып шығады. Қазақ тілінде «*мал-мұлік*» ұғымындағы *барым* тұлғасы ұмыт бола түскендіктен, кейде қынқарып бар түрінде де қолданылғаны байқалады.

**Барымта.** Бұл сөзге «*Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*»былайша анықтама береді: «*Кектеніп жауласқан екі рудың бірінің бірі мал-мұлкін күшпен тартып алуды*» (КТТС, II, 1976, 109). Бұл — дәл анықтама емес. Бірін-

шідеи, барымтаға кектеніп, жауласқан сайын бара бермейді, екіншіден, барымта — руладар арасындаған емес, жеке адамдар арасында да болатын акт. *Барымта* сөзінің мағынасын өткен ғасырдағы казақша-орысша сөздіктер дәлірек көрсетеді. Мысалы, 1897 жылы Орынборда шыққан казақша-орысша сөздікте: *Барымта, ба-ранта* — задержание или захват скота или вещей самоуправно за долг или хищения чего или другую обиду» деп берсе, Л. Будагов бұл іс-әрекеттің ертеректегі мәнін аша түседі: «Баранта в прежнее время (демек, XIX ғасырга дейін — Р. С.) совершалась вследствие междуусобий, происходивших обыкновенно от нежелания одной из спорящих сторон покоряться приговору старшин. В таком случае, обиженная сторона имела законное право добиться удовлетворения силою, т. е. делала нападение на скот и захватывала людей» (Будагов, I, 224). Демек, дауласқан екі жақтың (дау-дамай ру арасында да, жеке адамдар арасында да болуы мүмкін) айыптысы билікке көнбей, кесілген құнды, айыпты т. т. төлемесс немесе түгел төлемесе, даулаушы жақ оны құшын төлету шарасын істейді. Ол — барымталу актісі. *Барымта* — би (билер) кескен үкімді жазықты жақтың дұрыс орындағанын даулаушы жақтың дәлелдеу актісі. Ал *барымта* сөзінің төркіні монголдың *барымт* сөзімен мағыналас деп есептейміз. Монголша *барымт* — 1) основание, доказательство, довод, аргумент; 2) факт, обстоятельство; 3) счет денег мағыналарды білдіреді. Казактагы *барымта* — о баста құр тартып алу, талау емес, өзіне билікпен кесілген айып, құн сияқтылардың тиісті екендігін дәлелдеудің әрекеті. Сондыктан ертеректе тек мал-мұлік емес, адамдар да барымтаға ілігетін болған (мысалы, қанға қан, жанға жан сұрайтын сэттерде). Эрине, барымтага атынган зат (көбінесе мал, оның ішінде жылқы) даулаушыга тиісті мөлшерден артық болып кетеді (немесе айыпты жакқа солай көрінеді), сондыктан *барымтага қарымты* кайтарылады. *Карымты/қарымта* сөзі де монголдың *харуу* сөзімен түбірлес, бұл сөз монголша «кайтару, жауап, есепті қайтару» дегенді білдіреді. Осы мағынадагы *қаруу* сөзі казакта да қолданылады: бір нэрсенін (іс-әрекеттің) *қаруын қайтару* — яғни белгілі бір іс-әрекетке жауап ретінде, оның есесін кайтаратын іс-әрекет істеу. Тері, *барымта, қарымты* дегендер ертеден келе жатқан, монгол-түркі тайпаларының көвшілігінде орын алған

іс-әрекет, жөн-жосық болған болу керек. Сондықтан қа-  
зак тіліндегі барымта, қарымты (қарымта) сөздері соң-  
ғы дәүірлерде монгол тілінен енген емес, оле- өткеде  
бар ортақ сөздер деп санаған жөн. Ал әр кезеңде ба-  
рымтапың өзінің сипатының өзгеруіне байланысты, бұ-  
сөздің беретін мағынасы да өзгеріп отырған. Соңғы  
ләуірлерде, Л. Будаговтың айтуына қарағанда, *барым-  
та* сөзі өткен гасырдың соңғы кезеңдерінде-ақ «жай та-  
лау, тонау» («выражает просто грабеж») деген мағына-  
ны да білдіруге көшкен тәрізді.

**Берен.** Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері бұл сөздің  
көп мағыналы екенін дұрыс танытып келеді. Бірақ ма-  
ғыналарының көшілігі бұл күнде ұмыт бола бастаған.  
Мысалы, көп томдық түсіндірме сөздік *берен* сөзінің бір  
мәні «қымбат, асыл мата» десе, екі томдық түсіндірме  
сөздік «гүл салып токылған масаты, жібек мата» дейді.  
Ал өткен гасырда сөздік құрастырган Н. Ильминский  
*берен* сөзінің екі мағынасын көрсетеді: бірі — ең жақсы  
барқыт, екіншісі — ең мықты болат (Ильминский, 88).  
Біздіңше, Ильминскийдің түсіндірмесі нақты, *берен* деп  
қазақтар жалпы жақсы матаны емес, ең жақсы (кул-  
шырған) барқытты атаған. Қазақтар мақта матаны кө-  
бінесе *мата* деп, барқытты *барқыт*, *мақпал* деп, жібекті  
*шұға*, *шәйі*, *атлас*, *масаты* деп атағаны белгілі. Сондық-  
тан өлең-жырларда кездесетін *берен* сөзінің бір мағы-  
насы «ең жақсы барқыт» деп түсінген жөн. Мысалы,  
«Кобыландыда»:

Байдың қызы жамылар  
Масаты мен берендей.

Бұл сөздің Н. И. Ильминский көрсеткен екінші ма-  
ғынасынан ауысып, берік металл шығыршықтардан жа-  
салған сауытты да (көбе, сауыт, кіреуке сөздерін қара-  
ңыз), асыл болаттай жасалған семсер немесе қылышты  
да (кейде тіпті кездік, пышақтарды да) *берен* деп ата-  
ғаны көбінесе көңс өлең-жырларда жиі ұшырасады:

Қынабынан суырып,  
Қолына алды берендей («Алпамыс»).  
Көрегеде ақ берен  
Мұны да белге шалады («Кенес батыр»).

*Берен* сөзінің «болаттай мықты, күшті адам, асыл  
адам» деген үшінші ауыспалы мағынасы өткендеге де, қа-  
зірде де жиі қолданылады. Мысалы,

Бөкенбайдай жас берен  
Жылқыны іздеп барғасын («Ер Қосай»).  
Сансызбай атты жас берен  
Толғана мойнын бұрады («Кыз Жібек»).  
Тал бойына бір берен  
Таба алмады жарасар («Қамбар»).

Соңғы мысалдағы берен сөзін осы жырды бастаушылар «ақылды» деп түсіндіреді, дұрысында бұл да жоғарғы мысалдардағыдай «батыр, мықты, асыл адам» деген мағынада жұмсалған сөз. Бұл сияқты әр кітапта әр түрлі (бір-біріне жуық болғанмен) түсіндірілуі берен сөзінің өткендегі қолданысының (мағынасының) көмескілене түскендігінен. Сондықтан батырлар жырлары мен лиро-эпостарда, Махамбет, Дулат сияқты ақындарда жиі кездесетін берен сөзін контекске қарай бес түрлі мағынада түсіну керек: 1) ең мықты болат, берік металл; 2) сол болаттан, металдан жасалған қылыш, семсер, кездік, қанжар, пышақ т. б. 3) сауыт, көбе; 4) батыр, күшті, мықты адам; асыл адам; 5) ең жақсы барқыт.

**Бұлу.** Батырлар жырында да, XV—XIX ғасырларда жасаған қазақ ақын-жырауларының тілінде де бұлу етістігі кездеседі:

Он сан ногай бұлғенде,  
Ормамбет хан өлгенде...  
Осы айтканым болмаса,  
Ногайлы еліц бұледі («Қамбар»).  
Кіші қара қалмақ бұлерде...  
Еңсесі ғашық кең сарай  
Мортық болар бұлғен соң (Бұхар).

«XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» атты кітапта (Алматы, 1962) соңғы жолдағы соңғы сөздер бөлгөн соң болып жазылған, алдыңғы жолдағы бұлерде сөзіне бұлғанерде деп түсінік берілген. Әрине, екеуі де қате және бұлар бұлу сөзінің бұл күнде мағынасы көмексі тартқандығынан туған қателер. Бұл сөзді Махамбет те қолданады:

Біздің ер Истатай өлген күн  
Он сан байтақ бұлғен күн.

Бұл мысалдардың барлығында да бұлу етістігі «белгілі бір халықтың ойрандалуы; ыдырауы; тозуы» мағыналарын білдіреді.

Бұлу етістігінен жасалған бұлік сөзін өткен ғасырдағы қазақ тілі лексикографтары «разорение, гибель»

деп көрсетеді (Кирг.-русск. сл., 1897), ал қазіргі күнде бұлғы сөзі «шырық бұзатын дау-жанжал, өкімет билігінен карсы құралды дұмшу» деген мағынаға ие сөз (КТРС, 1976, II, 568).

Казірде актив қолданылмайтын, мағынасы күнгіретіне бастанған сөз болғандықтан, *бұлу*-дің орнына *бұл ну*, *бұлу* деп жазушылық жиі кездеседі. Тіпті *бұлу* сөзін *бұліну* сөзінің өзгеше грамматикалық түлғада түрга варианты деп үгүшшілік та бар. Мысалы, «*Бұлғен* елде бұлдірге алма» түрінде айтылуға тиісті мақалды кейбір кітантарда «*Бұлінген* елден бұлдірге алма» деп жазылжур. Шындығында *бұліну* сөзі «тозу, ыдырау, ойрандалу» мәнінде келсе, оның *бұлу* сөзімен түбірлес екесінік. Ал бірақ ертеректегі қазақ тілінде жоғарыдағы мағынада *бұліну* емес, *бұлу* сөзі қолданылған және оның көбінесе *он сан ногай бұлғенде; он сан байтақ бұледі, ногайлы елің бұледі* деген түрде келуі бұл тіркестің ногайлы одағының (хандығының) ыдырауы, тозу түсінде туған немесе сол түста активтенген образдар сөздер екенін аңғартады.

*Бұлу* сөзі қазақтың мақал-мәтседдерінде де сакталған: *Бұлғен* елден бұлдірге алма; Озбыр олжа үшін өле лі, күншіл күндеумен *бұледі* т. б.

*Бұліну* етістігі белгілі бір жүрттыш (хандықтың, нағашалықтың, тайпалар одағының, үлкенді-кішілі ел ішінің) жаудан жеңілін ойрандалуы, ыдырауы мағынасында қолданылуынан ғөрі, бір нәрсегің бұзылуы, кирауы деген мағынаны білдіруге бейімдеу. Бұдан да баска *бұліну* сөзінің: 1) әлекке түсін әбігерлену; 2) зақым келу; 3) ластанип быттану; 4) өз-өзінен ашуулану сияқты мағыналарды білдіретіні мәлім, ал бірақ бұл мағыналардың бірде-бірсөйн *бұлу* етістігі бермейді. Сондыктан түбірлері бір болғанмен, *бұлу* сөзі *бұліну* сөзінің көне варианты, яғни тепе-тең баламасы деп санауға болмайды. Осы себептен де *бұлу* сөзін *бұліну* деп алмастыруға және болмайды. Өткендеңі мұраларда *бұліну* сөзі соңғы мағыналарда қолданылған. Мысалы, Махамбет:

Жау қарасы көрінді,  
Жынысан аскер *бұлінді*. —

десе, мұндағы *бұліну* — «ойрандалу, ыдырау» мәнінде емес, «әбігерленді, толқыды» (орысша «заволновались») деген мағынада қолданылған.

**Бұлан, құлан, тарпан/тарпаң.** Қазақтың ауыз әдебиे-

ті мен ертеректегі өлең-жырлары тілінде белгілі бір поэтикалық жүк арқалап, жиі қолданылған сөздердің катарына құлан, бұлан, тарпан атаулары кіреді:

Кұланнан атты қодыкты («Қызы Жібек»).

Кұлан жортпас құла дүз...

Емен шайнап, тал қайзар

Кұлан, бұлан баласы (Шалқиіз).

Бұлдіргесі бұлан терісі,

Өрімі құнан білдің қайсы (Доспамбет).

Ерді ырығытқан бұландаай (Сейфуллин, VI, 201).

Тағыдай таңдап су ішкен,

Тарпаңдаай тізесін бүгіп от жеген

Тағы сынды жан едік (Махамбет).

Бұл үзінділердің барлығында да құлан, бұлан, тарпаң — мықтылықтың, қайсаңлықтың, бас имейтін өрліктің символы. Әнгіме осы жан-жануарлардың өздері жаһында емес. Олар образ үшін қолданылған. Олардың ішінде құлан—«тағы жылқы», біздің кезімізге дейін сақталып, осы күннің өзінде қорықтарда өсіп-өніп жатқандықтан, бұл сөз түсінікті. Ал бұлан — орысша лось деп аталатын бұғы текес ірі жануардың атауы, ерте-ректе қазақ жерінде көп болып, бұл күнде жойылып кеткен. Өзге кейбір түркі тілдерінде де бұлан — «лось» дегенді білдіреді (Будагов, I, 289). Бұлан сөзін қазақ ақындары күні кешеге дейін (тіпті қазірде де) еркіндіктің, мықтылықтың образы ретінде жиі пайдаланады. Мысалы, Махамбетте:

Бұландаай ерді кескен күн...

Қара бұланның терісі

Етік қылар күн қайда;

Дулат Бабатайұлында (XIX ғ. орта тұсы):

Бозда жүрген бұландаай,

Үйде түрмас ойқастап.

«Бұланға ерген шешекке аунар, доңызға ерген балшыққа аунар» деген көне мақалда да бұлан — еркіндіктің символы.

Ал тарпаң (тарпан) сөзін В. В. Радлов казақ тілінде «тағы жылқы» (дикая лошадь) деген сөз дейді (Радлов, II, 373). Қазақ совет энциклопедиясы тарпан — европа жабайы жылқысы, кәдімгі жылқының түр тармағы, түсі сүрғылт, арқасы қара жолакты деп анықтама береді (КСЭ, X, 567). Демек, тарпаң да, құлан сияқты, тағы жылқының бір түрі.

Сөйтіп, бұл үш атаудың ушеуі де қазақ ауыз әдебиे-

ті мен XV—XIX г. поэзиясында белгілі бір образ үшін актив қолданылатын сөздер болған.

**Бұршақ.** «Қамбар батыр» жырында өзіне таласқан қалмақ ханы Мақтымды Қамбар жеңіп сұлатқан соңызы Лазымның (Назымның) көңілі орнына түседі, оны жырши:

Мойнына алған сыйылды  
Бүршыны салған бұршағын, —

деп суреттейді де, жырды бастыруышылар *мойнына бұршақ салу* деген тіркесті билайша түсіндіреді: «Бұрынғы кезде басына қатты қайғы түскен адам тілек тілеп, мойнына тас (?) байлайтын әдет болған: қайғысы жойылғанда ғана мойнына салғанын алады екен» («Қамбар батыр», Алматы, 1957, 112-бет). Бұл жерде ескі наным-сенімге байланысты ритуалды дұрыс көрсеткен. Бірақ мұндағы *бұршақ* деп тұрғаны тас емес, бұл жері — кате. Шынында да, өте ертедегі діни наным-сенім бойынша тәңріден (кейін құдайдан, алладан), әулие-әнбінеден бір нәрсені қатты тілегенде адамдар мойнына көбінесе шылбыр, арқан, жіп, белбеу сияқтыларды салатын болған. Оған «Қызы Жібек» жырындағы мына жолдар да дәлел бола алады. Сансызбай мен Корен қалмақтың жекпе-жегінде Сансызбайдың мерт болмауын Жібек сүлу құдайынан тілеп:

Кександалдық шылбырын  
Мойнына орап салады,  
Бір құдайға зар етіп  
Мінәжат қып тұрады.

«Козы Көрнеш» жырында да:

Мойнына кісесін сап жалынды сиді, —

деген жолдарды оқимыз.

Ал *бұршақ* деген «көгеннің желісіне өткізілген, лақ, қозы байлайтын шағын бұлдірге жіп, бір жақ басы — гүйіншек, екінші жақ басы — ескен жіптің түйік ілмегі» (Касиманов, 214). Демек, бұл жердегі *бұршақ* сөзінің аспаннан жауатын *бұршаққа* да, кішкене-кішкене құмалақтай (тастардай) нәрсеге де (мысалы, лобия *бұршагы*) еш қатысы жоқ. Сондықтан, *бұршақ* сөзінің орнына шылбыр, кісе сияқты езге де «жіптердің» қолданыла алатынын жоғарғы мысалдар дәлелдейді.

Бұл сөз казак тіліндегідей мағынада қырғыз тілінде де қолданылады. Сонымен катар мұнда *бұршақ* сөзінің

екінші мағынасы және бары көрсетіледі. Ол жалпы мойынға ілінетін жіл (арқан), осыдан барып «тұтқында, қапаста болу» («неволя») мағынасы туған: *бұрчактан келу* — освободиться из неволи (Юдахин, 162).

**Білік/білек.** Ертедегі ноғайлы, казак жырауларының бірі Ер Шобанның тілінде:

Сылайшылық бұ-ды деп,  
Ала білек оқ салған, —

деп келетін жыр жолдары бар. Мұндағы *білек* сөзі түсініксіз. Бұл сөз көне жырлардың өзінде өте сирек ұшырайды. Сондықтан бір жерде *білек*, бірде *білік*, тіпті енді бір жерде *бұлық* (*дай*) деп жазылып жүр. Соңғы түлғаға қарай зерттеуші Э. Қайдаров *бұл* сөзі жай оғының ағаш сабын (древко стрелы) білдіреді деп табады (Қайдаров, 27). Біздің байқауымызша, «Алпамыс» жырындағы:

Сырым саған түзу-ді  
Салакқа салған *бұлықдай*, —

деген жолдардағы *бұлықдай* түлғасы қате жазылған. Өзге де осы мағыналы жолдармен салыстырсақ, *бұл* сөз *білікдей* болуы керек: арабша жазылуда дауысты дыбыстың *ы*, *і*; *ұ*, *ү*; *о*, *ө* болып оқылуы шартты, контекске қарай кез келгенін қойып оқуға болады, ал соңғы жүрнақтың -дей түрінде жазылуы да араб әрпімен жазудың емлесіне байланысты: қазак сөздерін арабша жазғанда, дауыссыздардың қатаң-ұян болып келуі сактала бермеген. Қазак эпостары ең алғаш хатқа араб жазуымен түсті, қазіргі басылымдары — сол арабша графикадан көшірілген нұсқалар. Сондықтан осы сипаттас (яғни дауысты дыбысы дұрыс оқылмаған) қателерді жиі кездестіреміз. Э. Қайдаров *білік* сөзінің мағынасын дұрыс тапқан тәрізді. Контекске қарағанда *білік* — жақ оғының сырланатын, қырланатын ағаш жағы (яғни оқтың ұшынан өзге жагы). Бұл сөз орта ғасырлардағы (XIII ғ.) түркі-араб сөздігінде де кездеседі, оны зерттеуші Э. Құрышжанов сөздік қолжазбасында «все то, что составляет тягу от середины сошника, лемеха» деп көрсетілген дейді (Құрышжанов, 97). Қазак тілінде *білік ағаш* деген тіркес бар. Ол — арбаның алдыңғы және артқы доңғалақтарын байланыстырып тұратын ағаш. Бұны Жамбыл, Шу өнірлерінде *белагаш* деп атайды (Диал. сөздік, 64). Үй төбесіне салатын арқалықтың

Қазақстаниң кейбір өңірлерінде *белағаш* деп аталатынның диалектологияр көрсетеді. Біздіңше, *білік ағаш*, *белағаш* (білағаш) дегендер түбірлес сөздер.

Сейтіп, *білік* (білек), бел тұлғалары «бір нәрсенің ортаи белі, арқауы (остов)» деген ұғымға ие сөздер. Оқтың ұзын арқауы (*ала білік оқ*), арба доңғалақтарың байланыстырып тұратын арқау ағаш (*білік ағаш*) бел ағаш), үй төбесінің арқауы — бәрі де бел (*біл*, *білік*) *білек* сөздерінің қатысуымен аталады.

*Білік* сөзін және бір жерде кездестіретін тәріздіміз. Откен ғасырда В. В. Радлов жинап бастырған қазақ текстерінің ішінде «аяғына бұғау, қолына білекшін қойып, зынданга бырақты» деген сөйлемді оқымыз. Мұндағы *білекшін* сөзі де, біздіңше, тұтқынның қолын артына қайырып байлау үшін көлденең қойылатын ағашты білдіретін тәрізді. Өйткені егер бұл сөз *білек* (қолдың білегі) дегениен жасалған сөз болса, оның тіркесіндегі стістік қоіын делінбес еді, *салып*, *кигізіп* болар еді. Бұл жорамалымызға және бір дәлел XIII ғасырдың түркі-араб сөздігін зерттеген голланд ғалымы Т. Хоутсма мұндағы *білік* сөзін «оружие, которое носят только за поясом» деп табады (Құрышжанов, 97). Сірә, ғалым *білік* сөзінің түп-төркінінде «бел» («пояс») мағынасы барын сезіп, сол мағынадан шығарып топышласа керек. Мүмкін, жоғарғы *білекшін* (*білікшін*) сөзі «кішкене білік» (Хоутсма айтқан белге қыстырып жүретін сойыл тәрізді қару) дегенді білдіретін болар. Бірақ бұлардың бәрі жорамалымыз ғана.

Даңға шығу. «Қозы-Көрпеш — Баян сұлу» жырында:

Қарабай Сарыбаймен аңға шыққан  
Екеүшің дәүірі даңға шыққан, —

деген жолдар бар. «Ер Сайын» жырында:

Байланының белгісі  
Мали алашқа дақ болған (С. Сейфуллин, VI, 310). —

деп келеді. *Даңға шығу* тіркесі «Ер Тарғын» жырында да кездеседі. Бұл тіркес Қазақстаниң батыс өлкесінде диалектизм ретінде кейде ауызекі сөйлеу тілінде де ұшырайды. Мағынасы: «белгілі болу, атағы шығу, даңғы шығу». *Даңға шығу* дегеннің бірінші сөзінің түбірі — *дақ*. Бұл — жеке тұрып қазірде қолданылмайтын сөз. Ал түркі тілдерінің кейбіреулерінде, мысалы, қыргыз тілінің оңтүстік диалектісінде, *дақ* — «атақ, белгілілік,

даңқ» мағынасында ұшырасады. Осы түбірден өрбіген даңдүү — «белгілі», «атақты», даңдау — «біреуді мақтап атағын жаю», даңдану — «өзін жаксы жағынан көрсету» деген сөздер қыргыз әдеби тілінде жұмсалады. Қазақ тілінде де «өз атағын өзі көтермелей» деген мағынада даңдайсу (*даң+да+й+су+y*) деген етістік кездеседі. Демек, даң сөзі бір кездерде жеке тұрып, «атақ, даңқ» дегенді білдіргені хақ. Бұл жерде өрекше болып көрінетін құбылыс — *шығу* етістігінің барыс септіктеңінде сөзді қажет етуі (әдетте *даңы шыққан* болуы керек қой). Сірә, *бүккө шықты, тауға шықты* дегендей белгілі атаққа шықты (*iлікті*) деген модельге сай *даңға шықты* болып қалыптасқанға ұқсайды. Қазірде бой жетті түрінде айтылатын тіркес ілгеріректе қазақ тілінде бойға жетті тұлғасында айтылған. Мысалы, Асанқайғы толғауында:

Қадірін женге білмесе,  
Бойға жеткен қыз ғаріп.

Даң сөзі осы күнгі әдеби нормадағы даңқ сөзімен түбірлес деген пікір бар (Досқараев, II, 43).

**Дем тарту.** XV—XVII ғасырлардағы елең-жырлар мен эпостарда:

Балдағы алтын құрыш болат  
Ашылып шапсам *дем тартар*  
Сусыным канға канар деп,—

деп келсе, дәл осы жолдарды Махамбет те кайталайды:

Қаркыны күшті қек семсер  
Шапқан сайын *дем тартар*  
Сусыным канға канар деп.

**Дем тарту** тіркесінің мағынасы бұл күнде күнгірт. Сондықтан да кейбір жерлерде ол *дом тартар* деп басылған. Бұл фразеологиям, сірә, парсының *дем* сөзінің катысуымен жасалған болу керек. Бұл сөздің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар: қазақ тіліне енген «әлем» («аяу жүту») дегеннен басқа және бір мағынасы қылыш, оқ, кайши, семсер сияқты құралдардың өткір жүзі, ұшы дегенге саяды. Осыдан барып *дем тарту* тіркесі «өткірене тұсу» деген ауыспалы мәнгे не болуы мүмкін. Немесе қазақ, қыргыз тілдерінде осы сөздің «күш, қуат» деген ауыспалы мағынасы және бар екені мәлім. Мысалы, *дем берді, демеді* («куат берді, жігерлендірді» деген мағынада), қыргыз тіліндегі *дем байлады* («уміт

артты»), *дем кесті, дем сүйтты, дем басты* («күш-куатынан айырды; аптығын басты, үркітті» деген мағынада) деген фразалардағы *дем* сөзі «күш, қуат» деген мәнде. Сондыктан *дем тарту* деген тіркес «күші артты» деген ауыспалы мәнде қолданылған сөздер болуы да мүмкін.

Дындан. «Батырлар жырындағы» сұлу қыздың образын бергенде, оны «Шашын дынданменен тараған» деп келеді. Мұндағы *дындан* — тарақ, бірақ мал мүйізінен жасаган жай тарақ емес, піл сүйегінен жасаган қымбат, әсем тарақ. *Дындан* сөзі парсы тілінде «тіс» дегенді білдіреді. *Дандана* сөзі бір нәрсенің (мысалы, тарақтың) тісі немесе кішкентай тіс деген мағынада айтылады. Ал түркі тілдеріне енгенде, бұл сөз тарақтың тісін емес, өзін білдіретін мағынаға ауысқан және жай тарақ емес, алыстан келген, сатып алатын қымбат тарақ, мысалы, піл сүйегінен жасалған тарақты атаса керек. Үйғыр тілінде *дындан* сөзі «піл сүйегі» деген мағынадағы көне сөз деп көрсетілген. Қазақ тілінде бұл сөз *дандан* түрінде де айтылған болу керек. С. Қасиманов «*дандан* — піл сүйегінен істелген тарақ» деп көрсетеді (Қасиманов, 215).

**Емсеу, жемсеу.** Махамбет ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан атақты сөзінде:

Еділді көріп *емсеген*,  
Жайыкты көріп *жемсеген*  
Таудағы тарлан шұбар біз едік, —

деген жолдар бар. Мұндағы *емсеген* сөзінің түбірі *еңсей* — *аңсау* — «бір нәрсені қатты қалау, тілеу, құмарту». 1912 жылы Қазанда шыққан «Ақын» атты кітапта:

Адыра қалғыр Көк Жайық,  
Садағын сала байланып,  
Астана жұртын айланып,  
Ерлерім *еңсеп* келген жер, —

деген жолдар бар. Осындағы *еңсей* сөзі мен Еділді көріп *емсеген* деген сөз бір деп танимыз. «Шора батыр» жырында:

Тауда өскен тас түлек  
*Еңсайді* де жемсейді, —

деп келеді.

Казақ тілінде *аңсау* вариантында айтылатын бұл сөз өзге кейібір түркі тілдерінде, мысалы, қырғыз тілінде

«ңсөу түрінде айтылады: эңсе — сильно желать (Юдалин, 956). Ал аңсау вариантының қыргыз тіліндегі негізгі мәғинасы «шөлдеу», «сусау» (казак тіліндегі аңқасы кебу дегенмен салыстыр). Бұл жерде қ мен ж дыбыстырының алмасып келуі келесі тармақтағы жемсеген сөзіне үйқасуынан болу керек. Өйткені бұл сөздің еңсөу варианты қазіргі қазак тілі үшін түсініксіз: бейтанасты ау сөздің тұлғасын өзгерте салу — тілде бар құбылыс.

Келесі жолдағы жемсеген сөзінің түбірі — жемсөу. Жем сөзіне -се жүрнағы косылып жасалған. Қоңе -са/-се жүрнағы бір нәрсені қалау, тілеу мәғинасын беретіндегі Махмуд Қашгаридан (XII ғ.) бастап көрсетіліп келеді. Мысалы, Махмуд Қашгари сөздігінде «ол сатқысы келеді» дегенді — сатсады деп, «су ішкісі келеді» дегенді сусады деп, «май жегісі келді» дегенді йағсады (йағ — қоңе түркі тілдерінде «май» деген сөз) деп көрсетілген. Сонда жемсөу — «жем жегісі келу» деген сөз болып шығады. Бұл да қоңе, сирек қолданылатын сөз.

**Еңреу. Еңрету.** Қазіргі қолданысымызда еңреу, еңрету сөздері «қатты жылау, егіле жылау (жылату)» деген мәғинада келеді. Ал ескі жырларда, өткендеғі ақын-жыраулар тілінде бұл сөздердің «жылау» мәніне мұлда жана спайтын қолданыстары кездеседі. Мысалы, «Қозы Қөрпеште»:

Көктайды қарыштатып мен еңретіп...

Сарала сай кез оқты еңретті...

Бақа айғырға қамшысын еңретермін...

деген жолдар бар. Бұлардағы еңрету сөзі «зулату, ызығыту» мәғинасында қолданылған. Бұл мәндегі еңреу, еңрету сөздері ақырау, ақырату сөздерінің фонетикалық варианты сияқты. Ақыратып ән салды, ат ақырап келеді дегендер жоғарғы еңрету дегенмен бірдей мәғинада келіп тұр. Мысалы, «Ер Қосай» жырында:

Алтын ат ақырап келеді,

Баланың исін алады, —

деген жолдар бар. Ақырау, ақырату сөзінің бұл күнгі мәғинасы «зар үру, зарлау, күнірену; үнді тамылжыту, шырқау; қатты ағыннату, ызығыту» (КТС, I, 1974, 286, 287).

Ал еңрекеген ер деген тіркестегі еңреу сөзінде «егіле жылау, зар илеу» мәғинасы да, «қүйқылжыту, қатты ағындау, ызығыту» мәні де байқалмайды. Бұл, сірә, ең-

*реу* сөзінің — «зар илеу, зар үру» магынасынан ауысып «күнірену, ел үшін, біреу үшін қам жеу» деген үғымда көбінссе *еңірекен ер* тіркесіндегі қалыптасқан сөз болу керек. Мұны ел қорғау тақырыбына жырланған эпостар тілінен, Махамбет сияқты ел қамын сөз еткен ақындар тілінен көбірек кездестіреміз:

*Еңіреп жүрген ерлерді*  
Ерендер қашан ескеред («Алпамыс»).  
*Мен Нарында жүргенде,*  
*Еңіреп жүрген ер едім* (Махамбет, 57).

Еп. Махамбет ақын:

*Жақсыларға еп едім.*  
Жамандарға көп едім, — дейді (Махамбет, 58).

Еп сөзі қазіргі қазақ тілінде жеке тұрып көп колданылмайды. Ол *енті*, *енсіз*, *ебі жоқ*, *ебі бар*, *ебі келмейді* деген сияқты тіркестерде кездеседі. Жоғарғы мысалдарда *еп* сөзі «жөн, макұл, дұрыс» деген магынала колданылған. Бұл сөз осы мәнде қырғыз тілінде әлдеқайда жиі кездеседі. Бір кездерде *еп* сөзі қазақ тілінде де жеке тұрып, «макұл, жөн, дұрыс» деген мәнде актив колданылғанын көреміз.

Мысалы, жырларда:

Әлібек мына сөзді күп көреді,  
Айманның бұл ақылын *еп* көреді («Айман-Шолпан»).  
Лазымжанды беруге  
Өз бойыңа *еп* пе еді («Қамбар»).  
Жалғап жауап сөйлеуге сіздерге *еп* пе («Қозы Кәрпеш»).

Бұл сөз «макұл, жөн, дұрыс» мәнінде *енті* түрінде іе келеді. Мысалы, «Айман—Шолпан» жырында ен сыйлы қонаққа арнап тіккен алтын үй жайында:

Мынау үй Маман байға *енті* келді,—

делінеді, яғни жыршы «бұл үй Маман байдын түсіне тайық келді» дегенді айтады.

Ереуіл. Махамбеттің атақты: «Ереуіл атқа ер салтай» деп басталатын өлең жолындағы *ереуіл* сөзінің ақын жинақтары мен оқулыктарда «ертеулі ат» деп түсіндіріліп келген жайы бар. Шындығында бұл — кате түсінік. Осы сөздің төркін тегін арнайы іздестірген К. Өмірәлиев қазақша *ереуіл* сөзін монголдың *ирээгуль* сөзімен байланыстырады: ертеде монголдар ертеннің болар майдан тағдыры қалай шешілерін, яғни кім же-

церін алдын ала білу үшін соғыс алдында екі жақтан екі мықты батырды таңдал, оларды жекпе-жекке шығаратын болған. Монголдардың әдетінде қай жақтың батыры женсе, ертеңгі қан майданда сол жақтың қолы жеңеді деген нағым болған. Міне, осы екеуді монголдар *ирэгүль* деп атаған. Зерттеуші ереуілге шығатын батырлар мінетін атты да *ереуіл* деп атаған болу керек деп топшылайды (Өмірәлиев. Сөздеріміздің тарихынан, 80). Бұл пікірді Л. Будагов та айтқан болатын. Ол шағатайша *нараул*, қазақша *ереуіл* сөздерін «авантур, следовавший за передовым отрядом» деп түсіндіреді де, монголша *ирэгүль* — жекпе-жекке шыкқандар (воины единоборцы). Жекпе-жекке кімнің шығуы керек екеніне кейде бал ашатын болған, демек, монгол тілінде бұл сөздің «бал ашу (гадать)» деген мағынасы да бар дейді (Будагов, I, 186). Қазіргі монгол тілінде де *ирүүл* сөзі «поединок, турнир» деген мағынаны береді (Монг.-русс. сл. 222). Түркі сөздерінің түп-төркінің кең көлемде зерттеп жүрген ғалым Ә. Қайдаров бұл сөзді өзгеше туыннатады: «батыр, батыл, жүректі» мағынасындағы *ер* деген түбір сөзге *-еуіл* жүрнағы жалғанып жасалған *ереуіл* сөзіне *-лі* деген тағы бір жүрнақ қосылып, *ереуіллі* сөзі пайда болған, кейін келе бұл сөздегі *ілл* деген дыбыстар шоғыры ықшамдалып, бұл сөздің бір ғана ла дыбысымен айтылуына экеп соққан. Мағынасы «бірсуге, не бір нәрсеге күш көрсету, наразылық білдіру», ал *ереуіл ат* тіркесінде келгенде «жорық аты» деген мәнді береді дейді (Қайдаров, 32). Бұл пікірге М. Әуезов тілінің лексикасын әдейі зерттеуші Е. Жанпейісов те қосылады (Жанпейісов, 73).

Махамбеттің осы өлеңі 1910 жылы Орынборда шықкан «Шайыр» атты кітапта да жарияланған. Осы жиһәкты құрастыруыш Фабдолла Мұштақ (Омар Қарашев) *ереуіл ат* деген сөзге «мінбей сактаған ат» деген түсінік береді. Бұл сөзге біз де із кесіп көріп ек, ол із үшінші бір соқпаққа салды: монгол, қалмақ тілдерінде *эрүүл*, *эрүүл* деген сөздер бар, мағынасы «сау, дені сау» («здравый»). Қоңе монгол тілінде бұл сөздің дыбыстылуы *ерегүүл*. Ал мықтылық денсаулықпен байланысты үгым: дені сау адам (мал) мықты болады. Демек, *ереуіл* сөзі *ат* сөзімен тіркескенде, «мықты ат, тың ат» («мінбей сактаған ат») дегенді білдіруі әбден ықтимал. Махамбеттің *ереуіл атқа ер салмай* дегені де «мықты, үрыска жарамды ат» дегенге мензейді. Соңғы кездерде-

гі енбектерде *ереуіл* ат «жорыққа алып жүретін ат» деп анықталады (Кенесбаев, 516).

Қазақ тілінде казірде де қолданылатын *ереуіл* сөзінің казақ тілінің түсіндірме сөздігінің (ҚТС, 1978, III, 395) анықтамасына қарағанда, екі мағынасы бар: «пролетариат... күресінің негізгі түрінің бірі; жаппай бас көтеріс, қозғалыс, аттаныс, дүрлігушілік». Екіншісі — «ұзак жортуға шыдамды берік, мықты» (бұл ат деген сөзben тіркескендеге ғана беретін мағынасы болуға тиісті). *Ереуіл* сөзінің бұл күнде беретін мағыналарының жалпы нобайы дұрыс көрсетілген.

*Ереуілге шығу, ереуілдеу,* сірә, белгілі бір іс-әрекетке (айталық, аттаныс, жорық, күреске) ниет еткенде, біріншіден, елден, жұрттан бұрын, өзгелердің алдын ала деген ренкті, екіншіден, «қарсылық көрсете, наразылық білдіре» дегенді қоса қамтитын тәрізді және ол іс-әрекет үнемі жаппай көпшілік орындағының емес, жеке адамға тән болуы да мүмкін. Мысалы, Дұлат жырауда:

Ел үшін кешіп жаңынац,  
*Ереуілге* шықкан ер, —

деп келеді. Немесе жеке адамға «таң атпай *ереуілден* неғып жүрсің?» деп те айтылады. Е. Жанпейісовтың зерттеуінс қараганда. М. Әуезов те бұл сөзді «қарсылық көрсете, наразы болу, көтеріле қозғалу» мағынасында жұмсаған (Жанпейісов, 73). Демек, *ереуіл* сөзінің бір мағынасы «күрес, қарсылық; наразылық» семантикасын қамтиды. Соған қараганда, Э. Қайдаров үсініңан этимологияның да жаңы бар. Дегенмен, біздің ғонишилауымызша, *ереуіл* ат дегендегі *ереуіл* сөзі не монголша *эрүүл* («здравый, трезвый») дегенмен, немесе монголша *ирэгүүль* («бал ашу, ол үшін жекпө-жек шығу — единоборцы») дегенмен төркіндес сөз болу керек. Қайткенде де бұл — «ерттеулі ат» емес.

*Ереуіл* сөзінің осы тіркестегі мағынасының соңғы ғасырлардагы қазақтар үшін күнгірттенуі, біріншіден, бұл сөзді қате түсінуге («ерттеулі ат» деп анықтама беруге) әкеп сокса, екіншіден, екі-үш түрлі етіп жазуға себепкөр болған. Мысалы, Махамбет Өтемісұлының 1974 ж. «Жазушы» баспасы шыгарған жинағы «*Ерулі атқа ер салмай*» деп аталған. Кейібір кітаптарда *ереуіл* деп те жазылған. Дұрысы *ереуіл* болуы керек.

**Жайлатау: күн жайлатау.** «Козы Көрпеш» жырында тазша қойшы болып жүрген Қозы Баянның асқа кеткен ақесі мен Қодарды келтірмей кідірту үшін:

Он екі күн бұршакты төгілдіріп,  
Күн жайлатауға асшыны қаман салды,—

деп суреттеледі. Және бір жерде тағы да сол Қозы:

Жердің жүзін күн жайлатау бораң қылды,—

деп келеді. *Күн жайлатау* фразасының мағынасы көне нағым-сенімдерге қатысты екені мәлім, яғни сиқырлап жауын-шашын шақыруды *күн жайлатау* дейді, мұндай сиқыршыны *жайши* деп атаған (Ильминский, 124). Ол жөнінде Шокан Уалиханов та жазған болатын (Валиханов, I, 251). *Жайлатау, жайши* сөздерінің түбірі *жай* (*жао*) ~ *йат*. Көне түркі тілдерінде *йад* / *йат* сөзінің бір мағынасы «колдовство, волшебство, связанное с вызыванием дождя и ветра», ал *йатчы* (*йадчы/жайши*) — «заклинатель, волшебник» (ДС, 247). Демек, *жай* (*жао*) / *жат* сөзі «сиқыр» (жауын-шашын шақыратын) дегенді білдірсе, одан жасалған *жайлатау* етістігі «сиқырлау» дегенді танытады, ал *күн жайлатау* дегенде екі сөз тіркесіп, «сиқырмен жауын-шашын, боран-жел шақыру» мағынасын береді. Бұл сөздің *жад* варианты да қазақ тілінде сақталған, ол *жады*, *жадығөй* (*жадіғөй*) сөздерінде. *Жады* — «ескі нағым бойынша сиқырлы күштің біреуге ынтықтыруынан болатын сыркат» (КТТС, 1978, III, 499). Ал *жадығөй* (кейбір жерлерде мұны *жадығер* деп те айтады) — «сиқырлап-дуалап, алдап-арбайтын сиқыршы» (сонда, 499). Бұл екі сөзден жасалған *жадылау, жадығөйлену, жадығөйсу* сияқты етістіктер де, *жадылық, жадығөйлік* сияқты абстракт есімдер де колданылады. Сөйтіп, *күн жайлатау* дегендегі *жайлатау* сөзі мен *жады*, *жадығөй* сөздері бір түбірден пайда болған, бір мағынадағы сөздер екенін байқаймыз. *Жады, жадығөй* (*жадіғөй*) сөздерін М. Эуезов «Кара-Қыпшак Қобыланды» пьесасында да, «Карагөз» трагедиясында жақсы пайдаланған. Қазіргі күнде ұмыт бола бастаған бұл сөздерді жазушы түсініктірек болу үшін катар келтіріп те қолданады (*жадысы* мен *жадіғөйі* *жайлатау* жерде — б том, 202). Бұл күнде *жадіғөй* сөзі «сиқыршы» деген тұра мағынасынан ауысып, жалпы «алдаушы, қастандық етуші, екі жүзді адам» деген ұғымда жиірек кездеседі.

**Жам.** Қазақ тілінің ауыз әдебиеті үлгілерінде *жам ағайын*, жам әулие деген сиякты тіркестер бар:

Жам әулие жиналдық...

Жам ағайын жалпыға («Алпамыс»).

**Жам** — араб сөзі, ол — «жинау» деген етістік (*жама*), қазақ тілінде «түгел жиналған, барлық, барша» деген мағынада жұмсалады. «Қамбар батыр» жырында:

Жиылды жұрт *жамага*, —

деп келеді. Бұл жерде *жамаға* деген арабша етістік «жынын» деген зат есім мәнінде жұмсалған.

**Жәреуекелі.** «Қозы Көрпеш» жырында:

Жәреуекелі келеді жалшы деген,—

сөздер бар. Сілтемеде *жәреуекелі* сөзіне «жағынғыш» деген түсінік берілген. Дұрысында бұл сөз *жарауқер* (ле) болуы керек. Бұл — *жарау* («ұнау, жақсы көрінү») деген түркі (қазақ) сөзіне -ker деген парсы жұрнағы жалғанып жасалған сөз, беретін мағынасы: «ұнауға тырысатын, жағынғыш, қызмет етуге даяр тұратын адам». Бұл сөз қырғыз тілінде де бар: жароокер — ласковый, жалостливый, отзывчивый (Юдахин, 236). Қазақ тілінде өте сирек қолданылатын бұл сөз *жәреуекелі* түрінде қалыптасқан, яғни соңғы -ker жұрнағының жіңішкелігі түбірді де жіңішкертіп өзгертуге себепкер болған.

**Жауши.** *Жауши* деп ертеректе құда түсетін адамды атаған.

Қыз Назымға *жауши* қып,

Жиырма жігіт жіберді («Қамбар»).

Қызға *жауши* көн екен,

Тағдырга жазған алады («Қамбар»).

Бұл сөз *жуучу* түрінде қырғыз тілінде де осы мағынада жұмсалады. Қырғызша *жуучу түшу* — «құданың ролінде болу, құда түсуге бару» дегенді, ал *жуучу жіберу* — «құда түсуге кісі жіберу» дегенді білдіретін этнографиялық ұғымдағы тіркестер. Қазақ тілінде де *жауши жіберу*, *жауши бол бару* деген тіркестер бар, оның да мағынасы — «құда түсуге жіберу, құдалыққа бару».

**Жер** болу, жер қылу. *Жер болды* тіркесін «ұятқа қалды, абыроіы түсті, беті күйді» деген мағыналарда жұмсаімыз. Соган орай біреуді *жер қылу* — «ұятқа қалдыру, абыроіын түсіру» болып шығады. Мұндай

жер сөзі жеке алғанда түсінікті сияқты. Бірақ дәл осы тіркесте «земля» мағынасындағы жер сөзінің «ұят» дегенге қатысты фразеологизм жасауында көнілге қонбайтын қисынсыздық бар. Іздестірсек, мұндағы жер сөзінің тәркіні басқа болып шықты. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде *ир* сөзі «сконфуженный, пристыженный» (ұялған, қысылған) мағынасын берген, *ер ир* болды деген сөйлем *кісі ұялып қалды, яғни дәл қазіргіше кісі жер болды* дегенді білдіргенін XII ғасыр лекциографы Махмуд Қашғари көрсетеді (ДС, 211). Демек, ұялғанда, ұялтқанда айтылатын *жер болды, жер қылды* дегендердегі жер сөзінің «земля» мағынасындағы жер-ге қатысы жоқ болып шыгады. Қазақ тілінде *ир* (жир~жер) сөзінің ұятқа қатысты ұғымы ұмыт болғандықтан, жоғарғы тіркестердегі бұл сөзді кәдімгі «жер» ұғымымен ұштастырып, «ұятқа қалдыру» мәнінде жерге қарасту деген тіркес те жасалған, бірақ бұл жердегі жер сөзін осы күнгі түсінікті «земля» мағынасында деп те тануға болады, өйткені ұялған адам төмен қарайды, жерге қарайды, бұл тіркес осыдан барып жасалған дегенге сая аламыз. Ал шындығында жер болу мен жерге қарасту дегендегі жер — «ұялған» деген мәндегі бір сөз.

**Жесір. Жетім.** Бұл сөздердің осы күнгі мағынасы айқын: *жесір* — «ері өлген әйел» дегенді, *жетім* «әкесі не шешесі, не скеуі де жоқ бала» дегенді білдіреді. Ал ертеректегі қазақ тілінде бұл сөздердің беретін мағынасы өзгеше болған. Шоқан былай деп жазады: «Қазактар құлдарды екіге бөлген: соғыста қолға түсken құлды олжаласқан құл немесе жесір деп, ал сатып алған немесе өзге жолмен (соғыста емес) келген құлды жетім деп атаған» (Ч. Валиханов, I, 127). Шоқанның осы сөзін қазақ жырлары мен көне әдеби нұсқалары дәлеядейді. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Екі пәнде экелдім,  
Берсем сені күйеуге  
Бас жетімің еткендей, — дейді.

Мұнда екі пәнде деп түрғандары — қапыда қолға түскең екі тұтқын батыр Қобыланды мен Қараман. Қөбікті қызына: сені күйеуге бере қалсам, осы скеуін құл етіп (бас жетім етіп) беремін дейді. Ал бұрынғы қазақ салтында ұзатылған қызға жасаудан өзге малишы-жал-

шы, құл-құтандың қоса беретін дәстүр болғаны мәлім  
Мысалы, «Қобыланды батыр» жырынан:

Кырык құл мен қырык күн  
Қосып берді қызына,—

дегенді еске түсірейік.

Батырлар жырының және біреуінде:

Пүшығы жоқ, кемі жоқ  
Бір мың жетім оған бер,—

дейді. Мұндағы жетім деп отырғаны — құлдар.

«Қызы Жібек» жырында «жесірін» — Жібекті іздең келіп, қалмақ ханынан жеңіп алған Сансызбайға қайын жүртү:

Сексен нарды толтырып жасау артып,  
Бес жетім, алтын отау берді дейді,—

деп келеді. Мұндағы бес (бас?) жетім де ұзатылған қыздың жасауына қосып беретін құлдар.

Махамбет ақын көтеріліс жеңілгеннен кейін Баймагамбет сұлтанның алдына келуге мәжбүр болады, яғни Баймагамбеттің қолға түсірген тұтқыны және ұрыста қолға түскен емес, өз аяғымен, өзі келіп түскен құлы — тұтқыны. Баймагамбет сұлтанға айтқан атақты сөзінде ақын:

Ұрмай-соқпай келтірген  
Арманың бар ма құдайға  
Мынау Махамбет сыңды жетімді-ай! —

дейді. Мұндағы жетім сөзін ақын шығармалары басылударында тырнақшаға алып жазып жүр, бұл — ақын өзін қорғансыз екенін білдіру үшін осы күнгідей «әкешешесіз» деген мағынадағы жетім сөзін қолданып тұр дегенге мензейді. Ал дұрысында бұл сөзді ақын сол кездегі (ертеректегі) өз мағынасында, яғни «соғыста емес, өзге жолмен қолға түскен тұтқын» деген үғымда қолданған (сондықтан ешқандай тырнақшаның қажеті жоқ).

Махамбеттің:

Жетімдерге жем бердім,  
Жесірлерге жер бердім,—

дегенинде де жетім мен жесір деп отырғаны қатын-қалаш, бала-шага емес, мал-мұліксіз кедейлер (құл тәрізді бейшаралар).

Жесір — «тұтқын және тұтқынға түскен» деген ма-

ғынадағы арабтың *есір* деген сөзінің қазақшаланған тұлғасы. Бұрынырақ қазақ тілінде бұл сөз соғыста қолға түскен тұтқын — құл дегеннен гөрі, жалпы «тұтқын» мағынасында жиірек қолданылған. Мысалы, «Айман — Шолпан» жырында:

Екеуін сүйреп шықты екі жігіт,  
Қылады екі пақыр неден үміт.  
*Жесірді* қолға түскен аясын ба,  
Корқады кетеміз деп нарга мініп, —

деген жолдардағы *жесір* сөзі «қолға түскен тұтқын» мағынасында айтылған. Сол сияқты: Тенге тоқал «*Жесірін* жүрт мактаган көрейін деп» Айман қыздың алдынан шығады. Бұл жерде де Айман қолға түскен тұтқын гана.

Сонымен қатар *жесір* сөзі әйелге қатысты айтылса, казіргідей тек ері өлген әйелді ғана емес, қалың малы төленген қызды немесе әйелді де дау-шар тұсында *жесір* деп атаған. Бұл — қалыңы төленген әйел де тұтқын, құл, қүң есепті, мал берушінің меншігіне жататын басы байлы болады дегенді білдіреді.

«Алпамыс» жырында баласын ойнап жүріп Алпамыс өлтіріп алған кемпір оған:

Қүнің болса барсанышы,  
*Жесіріңді* аласанышы, —

дейді. Мұндағы Алпамыстың «*жесірі*» — оған айттырылған Гүлбаршын.

Октябрь революциясына дейін қазақ даласында дау-шар, сот ісінде жиі қолданылған «жер дауы, жесір дауы» дегенде, үнемі ері өлген әйел туралы дау емес, бұл фраза айттырылған, қалыңмалы төленген қыздың дауы туралы да айтылған.

Әрине, ертедегі қазақ нұсқаларында *жесір*, *жетім* сөздерінің қазіргідей мағынада жұмсалған тұстары да жоқ емес. Мысалы:

Бәрі де *жесір* тұл қалды (Батырлар жыры), —

дегенде, әңгіме ерлері соғыста қаза тауып, жесір қалған әйелдер жөнінде.

*Жетім* сөзінің «басына азаттық берген құл» деген мағынасы болғанын өткен ғасыр сөздіктері көрсетеді (1878 жылы Санкт Петербургте шықкан А. Старчевский құрастырған «Спутник русского человека в Сред-

негі Азии» деген кітаптың қазақша-орысша сөздігін қаралызы.

**Жосын.** Бұл сөз де сирек кездеседі. «Алпамыс» жыныста Тайшық хан дуана болып келген қызына:

Берсін саған осыны (яғни Байшұбар атты).  
Айуан тілін аңғарар  
Сөзіңің жота жосыны, —

дейді. Мұндағы жота жосын деген сөздер «сөзіңің жөні» дегенді аңғартады. **Жосын/жосун** сөзі көне түркі тілдерінде «правило, обычай» дегенді білдірген (ДС, 275). Қазақ тілінде жосын сөзіңің жосық түрі «көпшилік қолдылау». Жосық — «жөн, бағыт, жоба» деген магыналарда жұмсалады, жөн-жосық болып қосарлашып та келеді. Мұның жосын варианты көне жырларда, өткен ғасырларда жасаған кейбір ақын-жыраулар тілінде оқта-текте ғана ұшырасады. Ал қырғыз тілінде көбінесе жосун түрі қолданылады: магынасы — «рет, тәртіп, жөн, жосық» осыдан туған жосуундуу («халық дәстүрін ұстаушы, оны жақсы билетін адам»), жосун-суз («тәртісіз, көргенсіз») дегендер де қырғыздың қазіргі тілінде қолданыстағы сөздер.

**Жосын** сөзін академик Э. Марғұлан жора-жосын түрінде өзінің қазақ тілінде жазған еңбектерінде «халық дәстүрі, салты» («обычай») магынасында пайдаланады (Э. Марғұлан, «Шоқан және Манас», Алматы, 1971).

Сөйтіп, жосын сөзі — жосық сөзіңің варианты болып, «жөн, рет, тәртіп» және «әдет-ғұрып», «салт» магыналарында қолданылған сирек сөздердің бірі.

**Жылы: жылы-жұмсақ.** Сойылған мал етінің жылы-жұмсағы деп айту бар. Мұндагы жылы сөзі бұл күнде түсінікті, ол сүйкі, салқын деген сөздерге қарама-қарсы магынада жұмсалады. Жоғарыдағы жылы-жұмсақ дегендегі жылы бұл магынада емес. Ол сөздің о бастагы ғұлғасы жаулы<жаулығ/жағлығ болып табылады. Ал жағ ~ жау түбірі «май» деген ұғымды білдірген. Демек, «еттің жылы-жұмсағы» оның «майлы-жұмсақ, яғни ең қомді жерлері» дегенді білдірген. Жау сөзіңің көне замандарда «май» магынасындағы сөз болғанын, оның қазақша жау жұмыр, жауқазын деген өсімдік атауларының құрамында келіп, «май, майлы» деген ұғымды

білдіргендігін кезінде проф. К. Жұбанов айтып кеткен болатын (К. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, А., 1966, 40). Қоңе түркі жазба ескерткіштерінде *жарлығ-жұмсақ* деген қос сөз болған, оның бір магынасы «мягкий, нежный», екіншісі «тучный (о посеве)» (ДС, 225).

Сейтіп, майлыштың әрі *жұмсақ* деген сөздерден жасалған *жаулы-жұмсақ* сөзінің бірінші компонентіндегі *жаулы* сөзінің қазақ тілінде «*майлы*» магынасы күнгірттенгендейтін, *жылы* тұлғасына ауысып айтылып кеткен.

**Кебенек.** Қазақ тілінде «ерді *кебенек* ішінде таны», «кебін киген келмейді, *кебенек* киген келеді» сияқты мақалдар бар. Бұл сөз жырларда да кездеседі. «*Қобыланы батырда*»:

Есіктің алды ебене  
Ерлер киер *кебенек*, —

деп келеді. Айырмашылық *кебенек* сөзінің соңғы дыбысы түсіріліп айтылған. Қазақ халқының қолөнері жағында кітап жазған С. Қасиманов *кебенек* сөзін «ерте-ректе болған киіз шапан» деп түсіндіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі *кебенек* сөзін «жауын-шашыннан корғану үшін малыштардың киетін киізден жасалған сырт киімі» деп анықтайды (КТТС, I, 279). Сірә, алғашқы түсіндірме дәлірек болар. Өйткені «ерді *кебенек* ішінде таны». «кебін киген келмейді, *кебенек* киген келеді» дегендеге қараганда, *кебенек* тек малыштар емес жоғе жауын-шашыннан корғану үшін гана емес, жалпы кие беретін ең жұпны шапан болғанға ұқсайды. Жоғарыдағы мақалдардың бірінде *кебенек* сөзі *кебін* сөзімен катар айтылып, бір-біріне семантикасы жағынан жағын (екеуі де киім: бірі өлінікі, екіншісі тірінікі) болғанмен, екеуі екі түрлі сөз: *кебін* — түркі тілдерінс араб тілінен енген кірме сөз (*кепін* «саван» — өлік орайтын материал), ал *кебенек*-тің түбірі *кеп* сөзі болар. Қоңе түркі тілінде *кеп* «қалып» («форма»), казіргі қыргыз тілінде *кеп* сөзінің бір мағынасы «қалып; киім, маска» (Ідахин, 375). Бұл сөздің о бастағы «қалып» мағынасы казіргі қазақ тіліндегі *кентеу* — «нығызыдау» (басына беркін *кентеп* кию), *кентелу*, таз *кепеш* (басқа қалып сияқты кентеле қалатын бас киім) сияқты сөздерде сақталған. Бұл сөздің «қалып» (қалып та киім

сияқты бір нәрсені қаптайтын нәрсе ғой) мағынасына «киім» деген ауыспалы мағынаның тууы — табиғи күбылыс. Сондыктан кеп түбірінен жасалған кебене немесе кебенек (кеп+ен+ек) сөзі «киім», оның бір түрі («киізден жасалған шапан») дегенді білдірген.

Кен. Қазіргі кезде *кен* сөзін «жер астынан қазып алышатын көмір, алтын сияқты қазбалы заттар, рудник, қазба» деп ұғамыз, оны ауыспалы мәндегі «мол қазына, байлық» дегенінің орайында колданамыз. Түсіндірмек сөздіктер де, қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің сөздіктері де *кен* сөзінің мағынасын осылайша түсіндіреді. Бұл — кірме сөз, парсы сөзі. Парсы тілінде бұл сөздің: «рудник, копь» және «источник, кладезь» деген мағыналары бар (Перс.-русск. сл. 645) Қазақ тілінде де күні кешеге дейін бұл сөз «бір нәрсенің жиналған жері (кладезь), көзі (источник)» деген ұғымда да колданылып келгені байқалады. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Шеге ақын туралы: сөйлер сөзге *кен* еді,— десе, мұнда да *кен* сөзі руда, рудник, қазба байлықтар туралы емес, тілге шеберліктің көзі, соның қоймасы сияқты болған адам жөнінде айтылып тұр.

Кен сөзінің қазақ тілінде бұған катысы жоқ және бір мағынасы болған. Ол жөнінде Шоқан еңбектерінен білеміз. Оның айтуынша: «Соленое озеро тоже называли кен, место, куда брошен взгляд аруахов и аулие» (Ч. Валиханов, I, 113). Фалымның осы айтқанын «Ал-намыс» жырындағы:

Әзіреті Қаратату  
Әулиенің кені еді, —

деген жолдар әбден дәлелдейді. Мұндағы *кен* — Әзіреті Әулиенің көзі түсken Қаратату (не сондағы азы көлдердің бірі) деген мәндегі сөз.

Керен, керік. «Қамбар батыр» жырында:

Керендей ашып ауызын, —

деген жол бар. Мұндағы *керендей* сөзі өзге жырларда, осы жырдың өзге вариантында *керектей*, арандағы түрінде келеді.

Керік сөзі қырғыз эпосында да кездеседі (*керигим бар, пилим бар*), бұл — носорогтың атауы. Сірә, қазақ эпосында да дұрысы *керіктей ашып ауызын* болса керек. Қазақ тілінде де *керік* — носорог. Керік сияқты

айбарлы жануар аузын ашқанда соншама корқынышты болатындығы мәлім. Бұл образ о баста қазақтың өзінікі емес (қазақтар коныс тепкен мекендерде керік болған емес қой), өзге әдебиеттерден кірме образ болу керек. Ал *керік* сөзінің *керен* тұлғасына көштін бұл сөздің (*керік*) жалпы казақ қауымына түсініксіздігінен іздеуге болады. Оның үстіне құлан, бұлан деген сияқты тағы жан-жануарлардың атауы -ан қосымшасына аяқталып келетіндіктен, аузын кең ашатын бейтаныс аңың да атын *керен* деп ұфу — әбден занды құбылыш. *Керік* сөзінің *аран* сөзімен алмасуы да осы негізде. *Аран* да — бейтаныс нәрсе (жануар?). Мүмкін *аран* монголдың *араатан* «жыртқыш, жыртқыш аңдар» деген сөзінің бір варианты болар.

Ал *керік* сөзі әпостарда «ат, батырдың, балуанның мінген аты» деген мағынада және қолданылады. Мысалы, «Алпамыс» жырында:

Сол уақытта бір палуан  
Келе жатыр ұмтылып,  
Аяғын жерге сүйретіп,  
Мінген *керкін* үйретіп,— дейді.

Немесе сол жырда қалмақ батыры турали:

Астына мінген *керігі*  
Шыға келді ойнақтап,—

деген жолдар бар. Қітапта түсіндірілгендей, *керік* — көлік (рабочий скот) емес, бұл анықтама, арине, дұрыс емес.

Бұл жердегі *керік* — *ат* дегеннің синонимі, бірақ *керік* сөзі жағымсыз геройға байланысты жерде айтылады. *Керік* мінген қалмақтың ханы, палуаны болып келеді. Соған қарағанда, *керік* деп жалпы атты емес, бойы аласа деген сияқты жылқының белгілі бір тұқымын атаса керек. Мысалы, үйғыр тілінде *кәркә* сөзі «карлик, лилипут» және «аласа бойлы» дегендерді білдіреді: *кәркә бойлүқ*, *кәр ат* «низкорослая лошадь муҳортой масти» деген сөз (Уйг.-русск. сл., 639). Жылқының монголдық тұқымын бөліп көрсету үшін *керік* деп атағанға ұқсайды.

**Кешесі.** «Қызы Жібек» жырында:

Айдың өткен нешесі,  
Ай каранғы *кешесі*,—

деген жолдар бар. Мұндағы *кешесі* сөзі «бұдан бір күн бұрын өткен күн (вчера)» деген мағынадағы қазіргі

көне сөзі емес. Көне түркі жазулары мен орта гасырлардағы түркі ескерткіштерінде кече сөзі «тұн» мәғынасташ білдірген. Орта гасыр жазба үлгілерінде кече күкіз тіркес — осы күнгі казақша күні-тұні дегениң баланасы. Ал көчә бірлә, кечесі тұлғалары «тұнде (ионъю)» деген үsteу мәнінде қолданылған сөз. Сонда ай қараңғы кешесі деген фраза — айсыз (қараңғы) тұнде дегениң көне варианты. Бұл сөздің қазақ жырында кездесуі, сірә, орта гасырлық жазба түркі әдеби тілінің әсері болуы да мүмкін немесе казақ халқының құрғатан руладың тілінен сақталған реликт (қалдық) болуы мүмкін. Кечә («тұн») сөзі қазақ тілінде кеш тұлғасында, онда да тұннің өзі емес, оның белгілі бір мерзімнің атауы ретінде жұмсалатыны мәлім.

**Кетбұғы.** Махамбет ақының атакты «Айналайып Ак Жайық» дең басталатын толғауында:

Керт бұғылай билерден  
Ақыл сұрап күи кайда? —

деген жолдар бар. Ақының барлық кітабында осылайша немесе *Кертбұғыдай* түрінде жазылып жүр. Қөп жерде бұл сөзге «бұғының бір түрі» дең түсініктеме беріліп келеді. Бұл түсініктеменің жансактығы контекстеңде көрініш тұр: «Кертбұғыдай билерден ақыл сұрау» дегенин кейін, *Кертбұғы* сөзінің адам аты екені өзінен-өзі таылуға тиіс. Ал осы сөздің дүрысы, біріншіден, *Кертбұғы* ма, екіншіден, ол кім? Біздіңше, бұл есім *Кертбұғы* болып жазылуы керек. Екіншіден, ол Махамбет сияқты сауатты, өткен-кеткен рухани дүниеден забардар ақын *Кертбұғының* кім екенін біліп айттып отыр. Махамбеттің меңзеп отырганы, сірә, XIII гасырдағы атакты Атапык жырау, немесе Улуг Жырчы болар ма? Араб тарихшысы Ибн-аль-Асирдің шежіресінде азында азынын, «Жошы өлімін естиру» деген 20 жолдық блең текстісімен жеткен, найман тайпасынан шыққан Атапык жырауды (немесе араб тарихшысының атауы бойынша Улуг Жырчыны) *Кетбұқа* деп те атапады. Бұл есімді біз түркі-монгол тайпалары тарихынан да көздестірмейміз. Монгол империясының Хулагу ханы түсіндагы армиясының штаб бастығы найман Кит-Бұқа нойон деген адам болған (Гумилев, Пойски... 210, 214—215). С. Аманжоловтың мәліметінен қарағанда: казақ шежірелерінің бірінде найманның Тоқпан, Ел-

Ата, Өкреш деген үш ұлы болады. Ел-Атадан Келбұғы, Кетбұғы тарайды (С. Аманжолов, 56, 59).

Махамбеттің айтып отырғаны жоғарыдағы Аталақ—Кетбұғы жырау ма? Әлде аты бізге жетпегенмен, сол өлкеде Махамбетке дейні не онымен тұстас өзінің шешендігі, әділдігі, ақылгөйлілігімен ел аузына ілінген Кетбұғы би деген би болды ма? Кайткен күнде де Кетбұғы — адам аты.

Әр алуан фонетикалық (дыбыстық) вариантта ұшырасатын *Бұға/Бұғы/Бұга/Бұке/Бұғе/Бұғю/Бөгө/Бөгү* сөздері көне түркі тілдерінде үш түрлі мәғына айналасына топтасады: *бөгө* тұлғасы және оның фонетикалық варианттары «батыр, құшті адам» дегенді, *бөгү* тұлғасы (және оның фонетикалық варианттары) «дана, данышпан» деген мәғынаны, ал *бұғы* көдімгі *бұғы* (оленің) мәғынасын білдіреді. Бұлардың кай-кайысы да мәғына жағынан жалқы есім жасауға катыса алатын сөздер.

Біздіншес, *Бұғыбай, Бөгебай, Бұкібай, Бөгембай, Бұғыбек, Бағыбек* тәрізді кісі аттарындағы бірінші компонент «олень» мәғынасындағы *бұғы* сөзі емес, «батыр, құшті адам» мәғынасындағы *бөгө* деген сөзбен немесе «дана, данышпан» мәғынасындағы *бұғі/бұғы* деген көне түркі сөздерімен түбірлес деп топшылаймыз. «Батыр, құшті» немесе «дана, данышпан» деген мәғыналар өздерінің әпитеттік (суреттеушілік) қасиетімен кісі атын жасауға актив қолданыла алса, «бұғы» мәғынасы өзінің тотемдік мәнімен катыса алады.

Кетбұғы дегендегі *бұғы* компоненті, сірә, алдыңғы екі («құшті, батыр» немесе «дана, данышпан») мәғынасының бірін білдірсе керек, өйткені оның алдындағы *кет* сөзі де көне түркі тілдерінде *кед* / *кей* / *кез* түләзларында келіп, не «құшті, мықты», дегенді, не «ерекше, айрықша» дегенді білдірген. Сонда Кетбұғы (*Кетбәгү*) *Кедбөгө* сөзі «құшті+құшті, мықты+мықты» деген косарланған мәғыналы сөз (яғни плеонизм), немесе «ерекше құшті, айрықша батыр» деген мәғыналары жалқы есім болып шығады.

Сөйтіп, Махамбет ақынның атап отырған *Кетбұғыны* не жоғарыдағы Аталақ жырау немесе аты айналған осы есімді атақты билдердің бірі болса керек. Кайткенде де, біріншіден, ол *Кертбұғы* емес *Кетбұғы*, екіншіден, бұғының бір түрі емес, адам аты.

**Көбе.** **Кіреүке.** **Сауыт.** Бұлар магыналары жуық сөздер. Олар адам денесін оқ, қылыш, наиза тәрізді қарулардан қорғау үшін киетін, көне замандардан бар жауынгер киімдерінің атаулары.

Казак Совет Энциклопедиясының түсінілдіруіне құлак ассак, көбे — батырлар киетін сауыт, оның екі түрі болады: бірі — жүректің түсын, білекті, тізені, иықты садактың оғынаи, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт; екіншісі — бүкіл қеудені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мысты қатпарлан тізіп немесе металл шынжырларды (шығыршықтарды) біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасалған түрі. Кейінірек көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Батырлар мінетін аттың да арқасы мен жонын, қабыргасы мен мойнын түгелдей жабатын көбелер де жасалған (КСЭ, 5-том, 642—643). Ал *сауыт* — «садақ, қылыш, наиза» т. б. осы сиякты қару-жарактардан қорғануға ариалған киім. Ол ұсақ темір шығыршықтарды бір-бірінен өткізіп тоқылған тордан қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. Сауыттың дұлығасы, мойынды жабатын да лбагай сауыт, қол сауыт, аяқ сауыт жеке тоқылады (КСЭ, 10-том, 63). Бұған қараганда, *сауыт* — көбенің екінші түрін атайдын сөздің бірі, яғни көбе сөзінің синонимі. *Кіреүке* — ерте замандағы соғысқа киетін сауыт, оның басқа сауыттардан айырмасы қеудесінде, арқасында, білек үстінде темірден немесе көзеден істелген шарайнасы болған (КСЭ, 6-том, 181). Бұл түсініктер, біздінше, дұрыс. Ал XV—XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы мен әпостарында бұлардың колданысы жөнінде мынадарды айтуга болады:

Бұл үш сөз катар, бірінің орнына бірі қолданыла берген. Мысалы. Доспамбет жырауда:

Кілең бұздай кілшайтіп  
Көбелер киген өкінбес.

Шалқиң бен Махамбетте:

Көп садақтың ішінде  
Көбе бұзар жебе бар.

«Батырлар жырында»:

Бадана көзді берік сауыт  
Баса үстіне киеді («Қамбар батыр»).  
Бадана көзлі *кіреүке*  
Мұғым саган береді,

Баса келіп киссейші («Ер Тарғын»).  
Шығыршыкты көк *сауыт*  
Бекіте киіп алады («Төрекан»).  
Зирқырай оғы кетеді  
Көкірек қыскан *көбебеден*  
Қалмады капыл жебеден («Ер Тарғын»).

Бұлардағы *бадана көз*, *шығыршықты* деп отырғаны шығыршықтардың тізбесі, оны кейде *шөже көз* деп те атайды:

Алтынды *сауыт шөже көз*  
Түймеден кетті дегейсін («Қызы Жібек»).

Демек, бұлардағы *кіреуке* де, *сауыт* та, *көбе* де шығыршықтардан тізіліп жасалады. Кейде мағыналас екі сөзді қатар қолдану кездеседі. Мысалы:

Үстіне баса киіп ал  
Алтынды *сауыт* көбені («Қызы Жібек»).  
Үстімдегі ак *сауыт*  
Ак *кіреуке* бек *сауыт* («Ер Қосай»).

Соңғы мысалдарда *көбе*, *сауыт*, *кіреуке* сөздері тепе-тәң эквиваленттер есебінде қолданылып тұр.

*Сауыт* сөзі кей-кейде көбенің үстінен салатын шарайна мағынасында да қолданылған. Шарайна — парсы тілінен енген сөз, мағынасы «металлический нагрудник из четырех кусков, прикрепляемый к кольчуге» (Будагов, И. 455). Шарайнаны, ягни օқ өткізбес металл пластиинканы қабаттап салатын болған. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

Бадана көзді *кіреуке*  
*Шарайнасы бес қабат*, —

деп суреттеледі. Қазақ халық поэзиясы *шарайна* қабатын кебінесе тоғызга апарады. Мысалы, Төлеген інісі Сансызбайға:

Бадона көзді *кіреуке*  
*Тоғыз қабат көк сауыт*  
Саған ариап соқтырып  
Будырып кеттім кілемге, —

дейді. Бұл мысалдардағы *сауыт* сөзі «шарайна» мағынасында. Осы мәнде кейде *торғауыт* сөзі де ұшырайды.

*Тоғыз қабат торғауыт*  
Серіймен өтеді («Ер Тарғын»).

Сауыттың бір түрі жалаңқат атанған.

Мінүте керек қазанат,  
Беліне керек шарболат,  
Денеге керек жалаңқат («Кобыланды»).

Мұны «Батырлар жырын» бастыртып шығарушылар «кім, жеңіл шапан» деп түсіндіреді («Батырлар жыры», 1963, I-том, 44). Эрине, бұл — кате. Жалаңқатты Ә. Қайдаров «кольчуга, одеяние под панцырем» деп табады (Қайдаров, 28). Шынында да жалаңқат та сауыт. Оның сауыт екендігі контекстен де көрініп тұр. Мысалы, «Кобыланды батыр» жырында:

Денеге окты дарытпас  
Ләүіт сокқан жалаңқат, —

деп келеді.

Тері, жалаңқат шарайнасы яғни металла пластинкасы жалаң қабат кіреуке болу керек. Жалаңқат сөзінің компоненттерінің өзі осы мағынаға мензейді: жалаң сөзі түсінікті («дара, жалғыз»), ал қат сөзі «қабат» мағынасындағы сөз.

Көбе — көне сөз. Махмуд Қашғари сөздігінде күбесінші түрінде хатка түскен, мағынасы: металлические латы, кольчуга (ДС, 322). Бұл сөз орта ғасырлардағы түркі сөздіктерінен табылады, мағынасы қазақ тілінде деңгідей (Құрышжанов, 150). Сөздің көнелігі мен спек кездесетіндігінен, кейде ол кате түсіндіріліп, кейде тіпті езгертуіліп жазылып та жүр. Мысалы, бұл сөздің кебе деп жазылғаны кездеседі. Осыған қарап, зерттеуші Ә. Қайдаров кебені де «панцырь, кольчуга» деп көрсетеді. Бірақ кебе мен кебенек, кебене, кебентай сөздеріне негіз болған көбе сөздерін екеуі екі бөлек түбірден (Қайдаров, 31) таниды (ол жөнінде 65—66-беттерді караңыз). Шындығында «панцырь, кольчуга» мағынасындағы деп көрсеткен кебе тұлғасы о бастағы кәбे сөзі деп тану керек.

Қазақтың ауыз әдебиеті мен солармен дәстүрлес акын-жыраулар тілінің көркемдеу арсеналында белгілі бір ұғымды бейнелен, өзге сөзben атау жиі кездесетіні молім. Бұл тәсілден сауыт-сайман атаулары да күр емес. Мысалы, берік сауытты (кебені, кіреуkenі) берен, шар болат деп атаушылық бар. Берен — көп мағыналы сөз, оның бір мағынасы «асыл болат, берік металл». Осы мағынасынан ауыстырып, денеге кару дарытпас мынкты металдан жасалған сауытты да берен немесе шар болат деп атаганы байкалады:

Женсіз берен киінді  
Лашып құстай шүйілді («Ер Тарғыны»).  
Белгілі батыр бұл болар  
Айқайлаап жауға тиетін,  
Шар болатты киетін («Қарабек батыры»).

Сол сияқты *кіреуке* деген сауытты «кымбат бағалы, әсем тон» мағынасында ауыстырып жұмсау да бар. Мысалы, «хандар киген *кіреуке*» дегендеге, немесе Алпамыс батыр Құлтай ағасына:

Жіргіңде жүруші ең  
*Кіреуке* тонды жамылтып,—

дегенінде, *кіреуке* сөзі сауыттан гөрі «кымбат киім, тон» дегенді білдіреді.

**Көбеген. Көрпеш. Көрпелдес.** Бұл сөздің айта калсак, әрбір қазақтың аузына:

Базарбайдың Төлеген,  
Ерте туған *көбеген*,—

деген «Қыз Жібек» жырындағы жолдар ілігеді. Мұндағы *көбеген* сөзін осы жырды бастырушылар «ерте туған қозы» деп түсіндіреді. Оған осы жырдың келесі бір жеріндегі:

Мен едім Базарбайдың Төлегені  
Козының ерте туған *көбегені*,—

деген жолдар да себеп болған болу керек. *Көбеген*, *көбдік* сөздерінің о бастағы мағынасы малға, оның ішінде қойға, қозыға байланысты болған, ал бірақ жырларда және ауызекі тілдегі қолданысында *көбеген* сөзі қөбінесе «жас бала», «балдырған» деген ұғымды береді. Отken гасырдағы қазақтың ауызекі сөйлеу тілі материалдарын да пайдаланған Н. И. Ильминский өзінің 1861 жылғы сөздігінде: *көбеген* — дитя, ребятушки (старушечье слово) — деп көрсетеді (Ильминский, 198). Е. Жанпейісов *көбеген* сөзін монгол тіліндегі «бала, ұл» мағынасын білдіретін *хөбөгүн* сөзімен төркіндес деп табады (Жанпейісов, 78).

Кобыландының әкесі:

Өлгенде көрген *көбеген*  
Ел тілесін тілеген, — дейді.

Мұндағы *көбеген* деп түрғаны да «бала». *Көбеген* сөзі «Козы Көрпеш — Баян сұлу» жырында да бірнеше рет кездеседі. Қозы тазша болып келгенінде, «азырак сөйлессеңіз қайтер екен?» — деп алдынан қызлар жүгіріп шыгады, сонда Қозы — «тазша қойшы»:

Аяқөз қарамаймын терегіне,  
Кыз Баян үкі таққан желегіне.  
Кодар мен тоқсан алпың тұрған шакта,  
Көбебеген таз сендерге керегі не? —

дейді. Мұндағы көбебеген сөзі «жас бала» деген мағынада келген.

Сөйтіп, көбебеген сөзі «жас бала, балдырған бала, буыны қатаған бала» деген сияқты ауыспалы мәнде де жұмсалған. Ауызекі тілде көбінесе қартада әйелдер, әжелер жас балаларын, немерелерін құлымын, ботам деген сияқты, көбебегенім деп те атағаны байқалады. Көркем әдебиет уәкілдері де бұл сөзді «бала» ұғымында жұмсайды. Мысалы, қазақ тілінің екі томдық түсінірмеле сөздігінде Сабит Мұкановтан келтірілген:

Сонда дагы өлтеп жок, өсті Алтай  
Торсық шеке, ак сазан, көбебеген бол,—

деген мысалда осы сөздік түсіндіргендей «шыдамды, төзімді, мыкты» деген мағынаны беріп тұрған жоқ, «бала» деген ұғымды білдіріп тұр.

Көбебеген сөзінің этимологиясын (түп-төркінін) жасаған Ш. Сарыбаев бұл сөздің түбірі *көбе(н)* болу көрек дейді. *Көбе/көбей/көпе/кепе* деп қазақ тілінің әр жерінде ерте туған қозыны не басқа малды айтатынын көрсетеді, ал -ген кішірейткіш мағына беретін -қан/-кен; -қана/-кене жүрнағының өзгерген түрі дең танытады. Сонымен катар бұл зерттеуші қазақ тілінде *көрпеш*, *көрпелдес* сөздері де *көбе/кепе* сөзімен төркінде болу көрек деп топшылайды, өйткені қоңе түркі тілінде *көрпеш* сөзі «көш туган қозы» дегенді білдіргенін XII ғасырдагы М. Қашгари сөздігі көрсетеді. *Көрпеш* сөзіндегі *р* дыбысының түсіп қалуы — түркі тілдерінде жиі кездесстін құбылыс екенін ескертіп, *көрпеш* дегенінен *көпе/кепе* тұлғалары пайда болған дегенді айтады (Этимол. сөздік, 102—103).

Бұл, біздінше, дұрыс этимология. Қоңе түркі тілдерінде *көрпеш* сөзі жалпы «жас» («молодой, свежий») дегенді білдірген. Мысалы: *көрпеш* от «свежая трава» (ДС, 318). Соңда *көрпеш* сөзі «жас бала» дегенді білдірмек. Қозы *Көрпеш* деген атакты жалқы есімнің түбірі осы — *көрпеш*. Бұхар жыраудың:

Байдың ұны *көрпелдес*  
Шұбаланқы тартады  
Айдан жүрген малдаң соң (XVIII—XIX ғ. ақындарының шығ., 34). —

дегеніндегі *кәрпелдес* сөзі де, осы кітапта түсіндіргендай, «күпілдек» деген магынаны емес, «жас бала», одан ауыспалы «шикі өкпе, жібі бос» деген ұғымды білдіреді. *Кәрпелдес* сөзінің магынасының құңғарттенгені сондай. «Қозы Қәрпеш» жырын бастырушылар «мен сықылды *кәрпілдес* неге керек» деген жолдагы *кәрпілдес* сөзі жөнінде бет соңындағы сілтемеде «бұл не ескі сөз, не бол маса жазбаның шатағы ма, әйтеуір ұғылмады» деп ес-кертеді («Қозы Қәрпеш — Баян сұлу», Алматы, 1959, 237-бет). Оның үстіне бұл сөз бір жерде *кәрпелдес*, келесі бір басылымда *кәрфілдес*, үшінші жерде *кәрпілдес* вариантында жазылып жүр. Бұл да осы сөздің түсініксіздігінен, қөнелілігінен, сирек кездесетіндігінен туған құбылыс. *Кәрпелдес* сөзі малға, оның ішінде қозыға байланысты айтылса, қозы сөзінің синонимі ретінде қолданылатынын байқаймыз және ол қебінесе *кәрпелдес* қозы, *кәрпелдес* тоқты тіркестерінде келеді.

**Құдері/кедіре/құдіре/көдіре.** Махамбет ақынның бір өлеңінде:

Кедіреден бау тағып,  
Сауыт киер күн қайда? —

деген жолдар бар. Осы жолдар ақын шығармаларының 1974 жылғы басылымында *құдеріден бау тағып* болып жазылған. Енді бір кітаптарда осы фраза *кұдіре бау, құдіреден бау тағып* болып келеді. Тіпті мұның *көдіре* варianты да кездеседі. «XVIII—XIX ғасырлардағы казак ақындарының шығармалары» атты жинақты бастырушылар бұл сөзді *көдіре* деп жазады да, оған «*көдіре* — төзімді нәрседен жасаған бау» деп түсінік береді (XVIII—XIX ғ. қазак ақындары... 394). Ал дұрысында *құдері* «төзімді нәрсе» дегенді емес, «жұмсақ иленген тері» дегенді білдіреді. Н. И. Ильминскийдің 1861 жылғы сөздігінде *құдері* — иленген түйе терісінен жасалған портупея (ал портупея дегеніміз кару асыну үшін иықтан асыра тағып немесе белге байлан жүретін аспа не тартпа бау). Сірә, бұл сөздің өткен ғасырдагы дәл мағынасы осы болар, өйткені Н. И. Ильминский бұл анықтаманы сол кездегі казактардан ауызба-ауыз сұрап жазып алған материалдары бойынша беріп отыр. Бұл сөз қырғыз тілінде де бар: *құдөр* — замша, кожа очень мягкой выделки (Юдахин, 458).

*Күдері* — өте сирек қолданылатын, көбінесе, *күдеріден бау тағу*, *күдері бау* тіркесінде келетін сөз. Магынасы ұмыт бола бастағандықтан, теріс түсіндіріліп, мұның үстіне 3—4 түрлі етіш жазылып жүргені байқалады. *Күдері* (*худрага*) сөзі монгол тілінде де бар, кәзіргі беретін магынасы «шілейке, өмілдірік». Сөйтін, откен кезеңдердегі қазақ әдебиеті текстерінде кездесетін *күдері бау* тіркесі «жұмсақ иленген теріден жасалған бау», тіпті дәлірегі «түйе терісінен иленген бау» деген магынаны білдіреді. Ертедегі жырлардың бірінде «күдіредей бойы созылып» деген сөйлем кездеседі (*«Шайыр»*, 1910). Мұнда да *күдері* — «кемге көнгіш, созылған нәрсе» дегенді білдіреді. Кырғыз тіліндегі өте жұмсақ нәрсені *күдөрүдөй* деп айту бар, тіпті аяғын жұмсақ басатын сұлуды суреттегендеге, *күдөрүдөй былқылдан* деп бейнелеу бар. Бұл — жоғарыдағы қазақша «күдерідей созылып» дегенмен әуендерес. Екеуінде де *күдері* (*күдөру*) сөзі «жұмсақ, иілгіш» (демек, «жұмсақ иленген») деген семантиканы камтады.

Осы сөзбен сыртқы тұлғасы ұқсас *күдері* сөзі және бар. Бұл да сирек қолданылады және бұл да *күдері* бел, *күдері* жылқы деген тәрізді тұрақты тіркестерде келеді. Бұл жердегі *күдіренің* жоғарыдағы «жұмсақ иленген тері бау» магынасындагы *күдері* сөзіне қатысы жоқ.

*Күдері* бел, күшкө сап  
Бедеу атқа мінгеп жер, —

Дегендеге қолданылған *күдері* сөзі «мықты, тәзімді» деген мәнде жұмсалған. Бұл, сірә, ауыспалы мағына болу керек. Қазақ тілінде *күдері* етістігі бар, мағынасы «бір нәрсенің көтеріліп, күжірейіп, қоржыңып шығуы» мысалы: желкесі *күдірейген* егіз. Диалектологтар біз жоғарыда талдаған *күдері* сөзі мен *күдері* сөзін бір деп табады да, *күдері* «берік, мықты» деген ескі сөз және ол Шығыс Қазақстан өлкесінде тән диалектизм деп санайды, оған *күдері* қайыс (берік қайыс), *күдері жылқы* (мықты жылқы) деген мысалдар келтіріледі. *Күдері* сөзі қазақ ауыз әдебиетінде «күдерінің терісі» (тәмек, жылқының терісі) деген үғымды білдірелі жайді (Досқараев, II, 71).

М. Оуэзов тіліндең этнографиялық сөздерді талдаған Е. Жантейісов те *күдері*, *күдері* сөздерін бір сөздең табады да, «дөңес, шығыңқы» деген мағынаны біл-

діреді дейді, *күдері бау* дегенде, баудың шығыңқылау, дөнес келген белдің терісінен жасалғандығынан осылай аталған болу керек дейді (Жанпейісов, 23—27). Бізлінше, *күдері бау* мен *күдіре жылқы* дегендегі *күдіре*, *күдері* сөздері бір сөз емес, екі сөз, бірақ екеуі де этимологиясы құнгірт, сирек қолданылатын болғандықтан, кейде бірдей түсіндіріліп келе жатыр. Тіпті тек Қазақстанның шығыс өлкесіне тән жергілікті сөз деп танудың өзі жаңсақтық, өйткені бұл сөзді материалды қазақ жерінің батыс өлкесінен жинаған Н. И. Ильминскийден де, Махамбет ақыннан да, ауыз әдебиеті үлгілерінен де табамыз. *Күдіре* сөзі *жал* сөзімен де келеді; *күдірс* *жал*. Бұл сөздің мағынасы да, өзі де беймағлұмданғаны оның тұлғасын өзгертіп айтуға (жазуга) әкеп соққан: бірде *күдері*, бірде *көдіре/кедіре*, бірде *қыдыра* деген вариантын көреміз. Мысалы: *қыдыра жалды*, қыл құйрық (Кеңесбаев, 515).

Сөйтіп, *күдерек* — «жұмсақ иленген теріден жасалған бау» деген, *күдірі* — «мықты, күшті» деген мағынада қолданылған екеуі скі басқа сөздер.

**Құнілескен.** XV—XVII ғасырлардағы қазақ ақынжыраулары мен батырлар жырларында «күңкілдескен көп жаман» деген жол кездеседі. Мұндағы *күңкілдескен* деген сөзді «наразылығын ашып айта алмай, наразы болған адамың сыртынаң сөз ету» деген мәнде түсінуге болады. Ал бірақ, біздінше, бұл сөздің дұрысы *құнілескен* болуы да мүмкін. Соғы сөздің түбірі — *күні* болмақ. *Күні* сөзі көне түркі тілінде «қызғаныш, қызғанған» (зависть, зависливый) дегенді билдірген, осыдан туған казактың *күндеу* (көре алмау, қызғану), *күндең*, қырғыздың *күнү*, *күнүлөш* («күйеулері бір әйелдер») деген сөздері бар. *Күні* («қызғаныш») деген есім сөзден -ле жүрнағы жалғанып, етістік туады (балтала, қолда деген сияқты); яғни осы *күнгі* *күндеу* етістігінің о бастагы варианты көне түркі тіліндегідей, *күніле* болуы мүмкін. Ал *құнілескен* сөзі «күндеғен, қызғанған, көре алмаған» деген мағынага ие. Бұл сөздің ертеде қолданылған көне тұлғасы келе-келе құнгірттеніп, бір жерде *күңкілдескен* (мұның да түбірі *күні* болуы мүмкін), екінші жерде *күйбендескен* (мысалы, Шалқиізде: *Күйбендескен* көп жаман Сөзі тиғенге үқсайды), үшінші жерде қоңқалаған (тагы да Шалқиізде». Қоңқалаған көп жаман Сол жақсыны кө-

ре алмас) болып құбылып отырған. Белгілі бір тиянақты тіркестің ішіндегі сөздердің құбылуы сол өзгерген сөздің күнгірттенуінен, түсініксіздігінен туатыны белгілі.

**Кіріс, адырна.** Қазақтың эпостық жырларындағы. Махамбет сияқты жаугершілікті толғаған ақын-жыраулар тіліндегі *kīrīs* сөзі контекске қарасақ, көбінесе «жақтың тартпа бауы, кермесі, адырнасы» мағынасында жүмсалған. Мысалы, «Қызы Жібектегі»:

Саржанның *kīrīsī*  
Тартуға келмей үзілді.

«Ер Косай» жырындағы:

Он атка алған бұхаржа  
Күсыниа оқ салып,  
Ата алмасам, маған серт!  
Атқаныма шыдамай  
*Kīrīstен* кетсең, саған серт!—

деген жолдарда *kīrīs* — адырна, тартпа, керме бауды аңғартады.

Көне дәуірлер мен орта гасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде *kīrīsh* — тетива лука (яғни адырна) (ДС, 309; Фазылов, I, 607; Құрышканов, 146). Демек, қазақ тіліндегі *kīrīs* — көне замандардан бері келе жатқан байырғы түркі сөздерінің бірі. Ертеректегі түркі тілдерінде «қуруғ йығач егілмәс, құрмыш кіріш тұғулмәс» деген мәтеп болғапын Мағмұд Қашғарі көрсетеді (МҚ, I, 198). Қазіргі қазақшага келтірсек, бұл мәтеп: «құрғақ·ағаш иілмес, тартылған (құрылған) *kīrīs* түйілмесс (түюге келмес)» болар еді.

Бұл сөзді ғалым С. Аманжолов алшын диалектісінің (яғни Қазақстанның батыс өлкесінің) элементі деп санайды (Аманжолов, 134). Ал фактілерге қарасақ, қазақ даласының тек алшындар жайланаған аймағы емес, өзге өңірлерде тұған өлең-жырларда да *адырна* мен *kīrīs* сөздері катар кездеседі.

*Kīrīs* сөзін қазақ тілінің екі томдық түсіндірмे сөздігі де, екі тілдік сөздіктері де берменген. Ал зерттеуші Ә. Қайдаров *kīrīstі* жақтың екі жартысының түйіскен жері, жақ ортасы деп таниды, яғни *kīrīs* — жақ атушының адырнаны созғанда, жебені үстап тұратын жері дейді де, бұл сөз *kīrīs* деген етістік түбіріне -ic жүрнағы жалғанып жасалған деп табады (Қайдаров, 31). Ғалым F. Мұсабаев та *kīrīs* сөзін «гнездо

луга» деп аударады. Демек, ол да *кіріс* сөзін жақтың оқ орнықтырып үстайтын орта тұсы, оқ ұясы деп түсіндіреді. Ал, біздің топшылауымызша, бұл сөз қазақ тілінде негізінен (көбінесе) «адырна, керме бау, жақ тартпасы» мағынасын берген және ол *кіру* етістігін емес, *керу* етістігінен жасалған болу керек. *Кер* етістігі «натягивать, растягивать» (тарту, созу) мағынасында түркі тілдерінде «атамзаманин» бар сөз (ДС, 300), -*ish* (қазақша варианты -*ic*) жүрнағы — етістіктен есім тудыратын қосымша. Сонда *көріш* (*ке-ріс*) сөзі «көрілген нәрсе, керме, тартпа» дегенді білдіреді. *Көріш* сөзіндегі *e* дыбысының қысан *i*-ге ауысуы түркі тілдері үшін жат құбылыс емес. Демек, көне *көріш* тұлғасы — қазіргі *керме* дегеннің синонимі (-ме жүрнағы да етістіктен есім тудыратыны белгілі). Бұл түбірден *кереге* сөзінің жасалғанын анғаруға болады, *кереге* де киіз үйдің көрілетін (созылатын) бөлшегі.

Ал жақтың оқ орнықтырып ататын орта тұсы «Ер Қосай» жырында айтқандай, қуыс деп те, басқаша да (суреттеме түрде) аталуы керек.

*Куысына оқ салып,  
Ата алмасам, маган серт!*

Көне түркі тілдерінде бұл мағына *йа бағры* (жақ бауры) деп берілген (ДС, 221).

*Кіріс* сөзі бұл күнде ұмыт бола бастағандықтан, әр түрлі жазылып та жүр. Мысалы, «Қызы Жібек» жырының 1963 жылғы басылымында:

*Кірестен оғы отеді  
Сансызбайға жетеді, —*

деп жазылған.

*Кіріс-тиң* синонимі — *адырна* да көне сөздердің бірі. Зерттеуші А. Махмұтов *адырна* сөзін көне жазба түркі ескерткіштері тіліндегі «екіге бөлу, ажырату» мағынасын беретін *адыр-* (қазақша *айыр*) сөзінен туындалады, бұл түбірге -*на* жүрнағы жалғанып, «оқты садақтан ажырататын нәрсе» деген мәнді сөз жасалған деп топшылайды (Этимол. сөздік, 21).

**Кіріш.** Бұл сөз «Қозы Қөрпеш» жырында:

Ен дария, емшек сүтім *кіріш* тартар,—

деген жолда кездеседі. Сондай-ақ Бұхар жырауда:

Ат түяғы тимеген  
Ақ *кіріш* тас суда бар, —

дең келеді (кейбір басылымдарда *ақ кірпіш тас* деп дате жазылып жүр). *Кіріш* сөзіне «Қозы Қөрпеш» жирында «ак, аниқ» деп біршама дұрыс түсінік берілген. Қоңе түркі тілінде *кіршен* сөзі бетке жағатын ақ нарас («белита») дегенді білдірген. Қазақтың ертерек-тегі тілінде де *кіріш* сөзі қолданылған да, «*ақ*» дегенің синонимі ретінде жұмсалған тәрізді. Оған *ақ кіріш тас*, *ақ сұт ~ кіріш сұт* деген тіркестер дәлел. *Кириш* сөзі «известь» («әк, ақ балышық») мағынасында қазіргі ногай, түрік тілдерінде қолданылады. *Кирәч* сөзі азербайжан тілінде де «гипс, алебастр» деген мағынада жұмсалады. Бұлардың барлығында да тастың, минералдың ақ түсіне қатыстырылған бар. Сөз төркінің үнитушілердің бірі Б. Сүлейменова орыс тілінен енді деген жүрген *кірпіш* сөзінің өзін осы *кіріш* сөзімен жанастырады (Этимол. сөздік, 109—111). Ал орыс тіліндегі *кирнич* сөзі бұл тілге түркі тілдерінен енген сөз екені айтылып жүр (Шипова, 183).

**Кішілік.** Жырларда және XVIII—XIX ғ. ақындарында *кішілік* сөзі кездеседі. Мысалы, Алмажан Азаматқызында (XIX ғ.):

Алмажан сыйынды бейбакты  
Кішілікке алуға, —

Деген жолдар бар:

Сырт карағанда, мұндағы *кішілік* сөзі *кіші* деген сөзден жасалған (кіші әйел, токал) сияқты болып көрінеді. Ал, шыныдығында бұл сөздің түбірі қоңе түркі гілдеріндегі *кішиjkis* сөздері. Махмуд Қашғаридің көрсетуі бойынша, *кіші* сөзі «біреудің әйелі» («жена») дегенді білдірген, үйлену дегенді *кіші алу* деген (қазіргі әйел алу дегенмен салыстырыныз).

Демек, *кішілікке алу* «әйелдікке алу» деген мағынада. Сірі. «*кішкентай*» мағынасындағы *кіші* сөзінің актив қолданылуына байланысты және қатын, әйел, заңын, жұбай және сөздерінің тіл кодесін әбден атқаруына орай, «біреудің әйелі, жұбайы» деген ұғымдағы *кіші* сөзі казақ тілінен мұлде ығысып кеткенге үқсайды да, тек *кішілік* («әйелдік») тұлғасында көненің көзі ретінде иекең-саққа жұмсалып келгені байкалады. Э. Жаппейісов *кішілік* сөзі бір кездे тіпті ереккек де катысты айтылған болу керек деп тоныштайды да, ол «*күт*» мағынасын берген болу керек дейді (Жаппейісов, 44).

**Қағылу.** Бұл күнде қағылу сөзін қағу етістігінің ырықсыз етіс түрі деп ұғамыз. Сондықтан «Қобыланда» жырындағы:

Не қылсаң да, маған қыл,  
Бурылға, сіра, қагылма, —

деген Құртқаның сөзіндегі қағылма етістігін «соқтықпа, ұрынба» деп түсінеміз. Бұл тұлға осы мәнде жеке түршіп кемде-кем қолданылады. Жоғарыдағы ұғымда қақтықпа сөзі кәнігі. Ал қақы- (қақу) етістігі көне түркі тілдерінде «ашулану, өшігу» дегенді білдірген. Біздің контекстіміздегі қағылу сөзінін мағынасы да «ашулану» дегенге сай келеді. Біздіңше, қақтығу мен қағылу дегендер осы түбірден (қақы-) өрбіген. Бірақ екеуі бір-біріне жақын екі түрлі мағынада қолданылған: қағылу — «ашулану», қақтығу — «соқтығу, ұрын».

**Қазына/қазине.** «Алпамыс» жырында бала тілеп әулиелерге тұнеуге аттанған Байбөрі мен бәйбішесі жайында:

Бәйбіше барды ақырын,  
Қазына аузын ашқалы.  
Таратты алтын, күмістен  
Қалғанынша мыскалы, —

деген сөздер айтылады. Бұл сөз жыр ішінде бірнеше рет қолданылған.

**Қазына** сөзі қазақ эпостарының бәрінде де кездеседі. Кейбір басылымдарда қазине вариантында да ұшырасады. Осы күнгі тілімізде қазына сөзі «мұлік, байлық» және «мемлекет, қоғам» деген мағыналарда жұмсалады. Жырларды бастыруышылар да бұл сөзді «мұлік, жиһаз» деп түсіндіреді. Бұл сөз арабтың ҳазине деген сөзі, мағынасы «сокровищница», яғни асыл мұлік, жиһаздың өзі емес, соны сақтайтын жер. Ал түркі тілдеріне енгендे, бұл сөз көбінесе асыл мұлік, қымбат бүйымдардың жиынтық атауын білдіргенге ұқсайды. Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде ҳазинә сөзін «сокровище, казна» деп көрсетеді де, келтірілген мысалдар осыған сай түседі (Фазылов, II, 479). Ал шындығында қазақ жырларында кездесетін қазына/қазине сөзі арабтың өз тіліндегідей «сокровищница», яғни «алтын, күміс, бағалы киім-кешек, қымбат жиһаз сақталған жер» дегенді

білдіреді. Қазақ тәрізді көшпелі түрмис шеккендердің қазынасы, тегі, сандықтар болса керек. Бұған жоғарыдағы «Бәйбіше барды ақырын қазынаның аузын ашқалы» деген жолдар дәлел.

Асыл бүйым, қымбат жиһаз шұңқырда, жер астында да сақталатын болса керек, оған «Алпамыс» жырындағы қалмақ ханының:

*Қазыналы қандағы  
Есепсіз түрі мол еді, —*

дегені дәлел болады. Мұндағы қандақ сөзі — «шұңқыр, қазылған жер, ор» деген мағынадағы сөз. Ол тәжік тілінің қандан «қазу» деген етістігінен жасалған кірме сөз. Қазақ тілінде зындан мен қандақ сөздері синоним ретінде қолданылған. Мысалы, «Алпамыс» жырында:

*Патшаның сол күнде  
Қазулы оры бар еді...  
Қуашын халқы жүгірді  
Қандақтың аузын ашқалы...  
Домалатып баланы  
Зынданга әкеп тастады, —*

деген жолдарда *ор*, қандақ, зындан сөздері бір-біріне синоним болып, қатар қолданылған.

«Қазынадаң қамқа киеді» деген сөйлемге қарағанда да, қазына — осы күнгідей абстракт ұғымның атауы смес, нақтылы зат атауы, яғни «асыл бүйым сақталатын жер», және бұл сөздің қазіргідей мемлекет, не қогам байлығына қатысы жоқ, жеке адамның (әрине, бай адамның), әрі кетсе, ханның жеке меншігіндегі алтын-күміс, тон, кілем, сияқты «капиталдың» сақталатын жері. Мұнда орыс тіліндегі «казна» («совокупность имущественных средств государства»), қазіргі қазақ тіліндегі «мемлекет қогам байлығы» мағынасы жоқ. Демек, қазына сөзі қазақ тілінде өткен гасырларда қазіргіден өзгешелеу үгымда жұмсалған.

**Қайдак. «Кобыланды» жырында:**

*Хан қасында қайдактар, —*

деген жол бар. Мұндағы қайдак деген сөз бұл күнде қолданылмайды. Бұл сөз қырғыз тілінде «салт басты, сабау қамышылы бойдақ, үй-күйсіз жалғыз басты» деген үгымда келеді. «Қазаны жоқ қайдак, қатыны жоқ бойдақ» деген мәтел де бар. Сірә, бұл сөз осы мәнде бір кезде қазақ тілінде де қолданылған болу

керек. Қеле-келе ұмыт болып, жырларда ғана сакталған.

**Қайраған/қайрақан.** Сәкен Сейфуллин өзі зерттеғен ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде қазақ халқының ертеректегі салттық мейрамының бірі — ұлыстың ұлы күні айтылатын тілекten:

Көш, қайраған, көш десіп,  
Көз көрмestей өш десіп,—

деген жолдарды келтіреді. Мұндағы **қайраған** — бұл күнде бейтаныс сөз. Ол тіпті батырлар жырлары мен XV—XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде де кездеспейді. Бұл сөзді Мұхтар Әуезов «Қара қыпшақ Қобыланды» пьесасында Тоқтарбай мен Қараманның аузына салады. Әдейі қолданады. Пьесадағы оқиғаның ертеде, ислам діні қазақ халқының санасын толық шырман үлгермеген дәүірде өткендігін суреттесу үшін, тіл табигатын тамаша білген ұлы жазушы мұнда ондаған көне сөздерді немесе осы күнгі бар сөздің ертедегі қолданысын (мағынасын) келтіреді. Соның бірі — **қайрақан**. Тоқсандағы Тоқтарбай баласы Қобыланды мен Құртқаның қосылған тойында от аナンЫң құрметіне арналған сыйыну ырымы үстінде (демек, ислам дініне дейінгі ритуал бойынша):

Қарғысы катты қайрақан  
Қарғысына сен сакта! — дейді.

Жазушы бұл сөзді Қараманның аузына да салады. Мұндағы **қайрақан** сөзін В. В. Радлов Сібір түркілерінде (алтайлықтар, туvalықтар, телеуіттерде т. б.) «почтильное прозвание божества, духов, ангел хранитель» деген мағынаны білдіреді дейді (Радлов, т. II, ч. I, 22). Осы пікірді Л. Будагов та айтады. Ол бұл сөздің монгол тілінде **хайрхан** түрінде келіп тау, су сияқтылардың «иесі» («божество, дух, идол») дегенді білдіретінін көрсетеді (Л. Будагов, т. II, 32). Қазіргі монгол тілі сөздіктері де **хайрхан** дегеннің көне сөз екендігін және «милостивый, священный» («почтильное название гор») деген мағынашы беретіндігін білдіреді (Монг.-русс. сл., 500).

Сөйтіп, тау-тас сияқты табигат күштерінің «иесі»-нің атауы ретінде, яғни табынатын, сыйынатын, қорқатын «тәңірлердің» аты катарында **қайрақан/қайраған** сөзі ертеректегі қазақтардың да немесе қазақтарды

құрагаш кейбір тайпалардың тілінде жұмсалған деп топшылауға болады.

**Қара орман/қара орын.** 1723 жылғы қазақ халқының басына түскен атакты «ақтабан шұбырынды, Алқақөл сұлама» босқыныңда шыққан «Қарататудың басынан көш келеді» деген өлең тексінде:

Карындас пен қара орман қалғаннан соң  
Мәлтілден екі көзге жас келеді, —

деген жолдар бар.

Осы жолдар кейбір басылымдарда «Қарындас пен қара орын қалғаннан соң» деп берілген (С. Сейфуллин, VI, 41).

*Кара орын* деген тіркесті «Тауарих хамсадан» да кездестіреміз:

Қарақыпшақ Қобыланды  
Қара орыннан айрылды («Ерт. әд. нұсқ», 101).

Бұл екі түрлі тіркестің қара орман түрі жиірек кездеседі. Мысалы, Махамбетте:

Жаудан аман жан қалса,  
Қара орман малым садаға...  
Қатын бала, қара орман  
Барнасын жауға алдырған.

*Қара орман* тіркесі қазақ тілінде «мал-мұлік» («имущество») деген мағынаны береді дегенді В. В. Радлов сөздігі көрсетеді. Откен ғасырдағы өзге сөздіктер де қазақ тіліндегі қара орман тіркесін «все состояние» деп танытады (Кирг.-русск. сл., 1897). Шындығында да мұндағы орман сөзі орысша «лес» деген мәнде емес, контекске қарай В. В. Радлов көрсеткендей, «мал-мұлік» деген ұғымда түсінуге болады. Ал қара орын варианты «мекен, қоныс» деген ұғымды береді. Монгол тілінде орон сөзі «страна, государство, край, местность; территория» деген мағыналарды береді. Қөптеген сөздердің түркі-монгол тілдеріне ортақтығын, әсіресе мағыналары күнгірттенген сөздерді монгол тілдерінен табуға болатындығын ескерсек, бұл жердегі орын сөзін «ел, мемлекет, ел мекендең терриория, өлке» деген мағынадағы түркі-монгол сөзі деуге болады. Және бір версия: қара орын (қара орун) тіркесі XII ғасырдағы Махмуд Қашғари сөздігінің көрсетуіне қарағанда ертеректегі түркі тілдерінде ауыспалы мәнде «мола (могила)» ұғымында қолданылған.

«Қарындас пен қара орын қалғаннан соң» деген тармақты «ағайын-туыстар мен ата-бабаның сүйегі жатқан жерді тастап кеткеннен соң» деп те түсінуге болады.

Қазақ тілінде қара орын тіркесін «хан тағы» тірке-сінің синонимі ретінде жұмсау да кездеседі. Дұлат Бабатайұлы (XIX ғ.)

Қымызы бар хош алса,  
Дұрдиіспін мінгендей,  
*Кара орын — хан тағына, —*

дейді. Бұл жердегі қара орын-ның мағынасы «мемле-кет» дегеннен үзап кептейді. Тақ (тахт) та мемлекетті билеудің белгісі ғой. Бірақ орын/орон сөзінің бұл мағынасы қазақ тілінде күнгірттенгендіктен, ол орман болып өзгеруі, одан барып қара орман тіркесінің «мал-мұлік» деген мағынада жұмсалып кетуі әбден ықти-мал, немесе қара орын мен қара орман екеуі о бастан екі бөлек қалыптасқан сөз тіркестері болуы да мүмкін.

**Қараши.** Қазақтың мақал-мәтелдері мен өткен ға-сырлардағы ақын-жыраулары тілінде қараши/қараша сөзі жиі кездеседі.

Уақытыңыз толғанда,  
Қарашаң кашар қасынан (Бұхар).  
Ханның жақсы болмағы —  
Қарашиның елдігі (Бұхар).  
Жай-коныстан айрылып  
Мен бір қаңғып жүрген қараши (Махамбет, 55).

Қараши сөзі мақалдарда көбінесе хан сөзімен қа-тар жүреді; Хан қазық, қараши азық: Хан қасында қарашиң болса, Қара жерден кемең жүрер; Ханды құ-дай алайын десе, қараашасымен қас болар; Ханның ісі қарашиға да түседі. Бұл мақал-мәтелдерге қара-ғанда қараши — хан қасындағы адам, яғни қараши сөзі ханды сағалаған, соған қызмет еткен, соған бағы-нышты, бірақ саяси-праволық және экономикалық жағынан басы азат қоғамдық топ үәкілі дегенді біл-дірген. Өткен ғасырдағы қазақ тілінің лексикографтары қараши сөзін «подвластный, подданый» деп ауда-рады (Кирг.-русс. сл., 1897). Бұл — қараши сөзінің жалпы ұғымы, ал дәлірек аныктасақ, белгілі бір хан-дықтың, патшалықтың кол астындағы бағынышты кез келген адам қараши деп аталмаған. Ханға тікелей

қызмет ететіндер қарашы болған. Тарғын батыр өз ханына реңжіп:

Қалір білмес сен итке  
Қарашы болып итемін, — дейді.

Орта ғасырларда қарашы (*карачұ*) деп ханның қасындағы сановниктерді, оның кеңесшілерін (олар да тақта отырган ханға ақылымен қызмет ететіндер гой) атаған. Қазақ хандарының тарихын зерттеген В. В. Вельяминов-Зернов былай деп жазады: «В Крыму карачи — беки главных дворянских родов и все лица, близкие к хану. Карачи были и в Казани в тех же значениях, что в Крыму. Карачи были и у ногайцев... В летописи главнейших русских сановников называются карачи (Вельяминов-Зернов, 409). Қасым ханы Оразмұхамедтің оң тізесін басқан (тақтың оң жағында отыратын) жала-йырдан шыққан біл, шежіреші Қадыргали Қосымұлы өзін Оразмұхамедтің қараышысымын дейді.

Қарашы (*харачу*) сөзі монгол тілінде де болған. Әуелде *харачу* деп Шыңғыс хан әuletіне жатпайтын адамды немесе руды атаған. Кейін келе монгол тілінде де бұл сөз «қара халық, бұқара» деген мәндегі жұмсатын болған. Демек, қарашы сөзінің «қожасының шаруасын шаруалаушы, жалышы» мағынасы тіпті бертінде, хандық дәүір өткен соң, пайда болғанға үксайды. Бертінгі заманда қазақ қоғамындағы байлар мен ел билеушілердің әлеуметтік-экономикалық салмагы шартын, енді олар да өз айналасына бұрынғы хандар сияқты қызметкер топты ұстай алғатын болған. Бұл қызметкерлердің бірқатары бұрынғы дәстүрмен қарашы (*қараша*) аталса, енді бірқатары *байғұс*, қоңсы, *жалышы* сияқты аттарға не болған тәрізді. Қазақ тілінің туғындарда сөздігі *қараша* сөзін «ескі бай ауылдың, әлді, мықты жуандардың, атқамінерлердің (?) төніреттіндегі кедей-кепшіктер» деп аныктайды (ҚТС, II, 1961, 40). М. Әүсзов бұл сөзді «бағынышты, тәуелді жай кісі, қызметші, кедей» мәнінде жұмсаған (Жанисісов, 81). Ал қазақ ауыз әдебиеті мен XV—XVIII ғасырлардагы өлец-жырларда қарашы сөзі ханға қызмет стүші, соның қарауындағы адамы деген мағынада ғолданылған.

**Қарындас.** Қарындаас сөзі күні бүгінге дейін екі мағынада қолданылады. Осы күнгі әдеби және актив мағынасы — ер адамның жасы кіші әйел жынысты

туысқаны және жалпы ер адамға байланысты айтылғандағы жасы кіші әйелдің атауы. Бұл сөздің түпкі мағынасы, көне түркі жазба нұсқаларында көрсетілген мағынасы «туысқан адам, бір жұрттың адамы». Қазак тілінде де бұл сөз бұрын жалпы «туысқандар; руластар, аға-іні» деген ұғымда жиірек қолданылған. Мысалы, Асанқайғының:— Ол күнде қарындастан қайрым кетер,— дегенінде де, Шалқиіздің:— Жайынды білген қарындас. Ол қарындас әм жолдас,— дегенінде де бұл сөз әйел жынысты адам туралы емес, жалпы туысқан, жақын туралы.

Махамбеттің:

Тар колтықтан ок тисе,  
Тарыққаңда қайрылар  
Қарындасым менде жоқ,—

дегенінде ол әйел жынысты жасы кіші туысын емес, өзінің социна еретін, өзіне демеу болатын жақынды, руластарды айтып отыр, яғни ол өзі бастаған көтеріліс ісі үшін «жолы жіцишке» әйел туыстарын емес, өзін қостайтын қалың ағайын туыстарын іздеп отыр.

Абай да бұл сөзді бірнеше рет жалины ағайын, туыс, рулас, тіпті ұлттас мәнінде қолданады: *Қарындас* кара жерге тыға алмай жүр (Абай, I, 34); Осы куаныш бәрі де казақ қарындастық ортасында (Абай, VI, 180).

Өткен кезеңдерде қарындас сөзінің осы күнгідей «әйел жынысты жасы кіші туысқан» мағынасы да жиі қолданылған. Мысалы, «Кобыландыдағы»:

Қыздың аты Қарлығаш  
Кобыландыға қарындас,—

дегенін еске салайық.

*Қарындас* сөзі жалпы «туысқандар, руластар (бір жұрттың адамдары)» деген мағынамен қатар, одан да гөрі жақындау туыстықты — аға-інілікті («единоутробные братья и сестры: брат») білдіру үшін де қолданылған. Бұл әсіресе орта ғасырлардағы түркі ескерткіштері тілінде айқын көрінеді (Фазылов, II, 603; Құрышжанов, 158; Боровков, Тефсир, 200). Көне түркі тілдерінде қарундаш/қарындаш сөздері бір құрсақтан шыққан аға-іні дегенді білдірген (ДС, 427). Бұл фактілерге қарағанда, қарындас сөзінің о баста «бір құрсақтан (қарын сөзінің «құрсақ — чрево» мағынасы да болған) шыққан аға-іні, қарындас, сіңлі» деген нақтылы мағынаны бергені, оның «жалпы туыс, рулас,

елдес, жұрттас» мағынасы ауыспалы екендігі, бұл мағына әсіресе орта ғасырларда, казақ тілінің ертерек дәуірлерінде активтенгені байкалады. Мысалы, XVI ғасырдың соңғы жылдары мен XVII ғасырдың басындағы түркі ескерткіші жалайыр Қадыргалидың шежіреспесінде қарындаш сөзін «руластар, туыстар» мағынасында қолданады да, «сестра» деген ұғымды қыз қарындаш деп білдіреді: Кутукут нойан[ның] бір анадан екі қыз қарындаши бар ерді («Жами'ат-тауарих, Қазақ, 1851, 79). Қарындаш сөзін «туыс, ағайын» мәнінде поэтикалық элемент ретінде қолдану қазірде де бар.

Қарындаш сөзінің осы көне мағынасын қазіргі жаңушыларымыз сртеректе өткен тарихи оқиғаларды суреттеген шыгармаларында, эпостың негізінде жазылған ньесаларында пайдаланады. Мысалы, М. Әуезовтің «Кара Қыпшак Кобыланды» драмасында, «Еңлік-Кебектегі» билер айтысында, Т. Ахтановтың «Ант» драмасында қарындаш сөзі «ағайын, туысқан, бір жұрттың (рудың, тайпаның) адамы» деген ұғымда орынды қолданылған.

**Қаттану.** Жауға аттанардағы батырдың портретін бергенде, казақ эпостарында:

Қатуланып, қаттанып,  
Бұырқанып, бұрсанып,  
Мұздай темір күрсанып... —

деп келеді. Осындағы қаттану сөзі бұл күнде қолданылмайды. Көне түркі тілдерінде қатлан- сөзінің бір мағынасы «быть мужественным, терпеть, мужаться». Осы мағынада қатығлан сөзі де қолданылған. Түбірі қатығ- (қазақша қатты). Қазіргі нормамызбен айтсақ, жогарыдағы сөз (қаттану) қаттылану болар еді. Ал бірақ қаттану тұлғасы — өте ертеден, яғни етістік жасайтын жүриң қатты түбіріне емес, қат(ығ) түбіріне жалғанған кезден келе жатқан көне сөз. Осы тұлғасың қатулану варианты және бар. Ол да қатығ тұлғасынан жасалған. *Taq~tau, бақ~baу* деген сөздердегі сияқты қатығ сөзіндегі соңғы f дыбысы сонор u дыбысына айналған: қатығ~қатыу. Ал қазіргі орфографиямыз бойынша жазылуы қату (+ла+н+у). Қатулану сөзінің о бастагы «қатты, берік болу, күшті болу» деген мағынасина үстеме «қатты ашулану, бұырқану, айбат шегу» деген ауыспалы мағынасы да бар. Бұл екі тұлғасың илеонастық құбылышы жасап (яғни бір мағы-

надағы екі сөздің қатарынан айтылуы), қабаттаса да қолданылған жерлері кездеседі. Мысалы, «Қобыланды жырында»:

Қабағынан қар жауып...  
Қатуланып қаттаны,—

деп келеді.

Сөйтіп, қаттану сөзінің мағынасы «мықты болу, берік болу, катаю», қатулану сөзі — қаттану сөзінің морфологиялық варианты.

**Қора.** Қора сөзін әдette бұл күнде «мал қамайтын орын, аула, албар» деп үғамыз. Бұл сөздің осы мәнге жуық, бірақ тек қана мал қамайтын емес, жалпы «ауыл территориясы» деген үғымда да жұмсалғанын байқаймыз. «Лайман — Шолпан» жырында Қетібар:

Маманды үрлек бастан шауып алып,  
Қорадан айдал шықты мың түйесін,—

дейді. Бұл жерде қора сөзі дәл түйе қамайтын кора емес (қай бай жаздығуні мың түйені кораға қамап отырады), жалпы сол Маман байдың мал ұстаған территориясы. Қора сөзінің осындай мағынасы өзге жырларда да кездеседі;

Қаһарланып ку қалмак  
Айқай салып акырын  
Қорага келіп тұрады («Қыз Жібек»).  
Барса елдер дін аман  
Малы шықты қорадан («Алпамыс»).

Сірә, о баста көшпелі шаруашылық жағдайында қора сөзінің осы күнгідей «қора-жай, қора-үй, кора-қопсы» («помещение») немесе «аула, коршау» дегеннен гөрі, «белгілі бір ауылдың (үйдің) мал ұстаған (мал сауу, түнету кездерінде) аймағы» деген мағынасы дәллірек болған болу керек. Әйтпесе ертеректе жаз түгіл, қыстың өзінде малға (әсіресе жылқы мен түйеге) қора-қопсы салудың өзі болмағаны мәлім.

Қора сөзінің осы мағынада жұмсалғанын М. Әуезов тілінен де көреміз. «Абай» эпопеясының I кітабында жазушы бала шәкірт Абайдың оқудан, қаладан, аулына келгенін суреттеген тұста: «Әсіресе қораның ортасында косакталған койды сауып отырған қатындар [Абайларды] бұрын көрген екен» деп жазады (М. Әуезов I, кітап, I том, 11). Бұл — жаздың басы, ауылдың жайлалауға шыққан кезі, яғни жайлалауға қарай

Шынгыс асқалы беттөп келе жатып қонған жазғы қоныстағы көрініс, демек, бұл жердегі жазушының қора деп отырганы «сарай, үй-жай» емес, мал үйірілген орын, ауыл территориясы.

Қорамсақ, қылшан. Қорамсақ — садақ оғының қабы. Эпостар тілінде қорамсақ пен садақ сөздері синонимдік катар түзейді. «Оқ қабы» мағынасында ілгеріректе қылшан сөзі де қолданылғанын көреміз. Мысалы, Қазтуғанда:

Қарагайдан садақ будырып,  
Кылшанымды сары жүп оққа толтырып, —

деген жолдарды оқымыз.

Садақ сөзінің «оқ қабы, жақ қабы» мағынасында қолданылғаны туралы 100—101-беттерді қараңыз. Мысалы, Қобылаңды батыр:

Дөңгеленіп келеді  
Садақтың бауы сартылдаپ, —

деп суреттесе, мұндағы *садақ* — белге байлан алған жақ және оқ қаптары.

Бұл сөздердің морфологиялық құрамын талдап, түп-төркінің ашып берген ғалым — Э. Қайдаров. Ол Халықаралық Алтаистика Конференциясының 1972 жылы Вена қаласында өткен XV сессиясында казақ гіліндегі қару-жарак, сауыт-сайман атаулары жөнінде ариаңы баяндама жасап, қорамсақ сөзінің құрамындағы *сақ* элементі бір сөз түбірінің *йа/йақ/жа/жасақ/та/сақ* сияқты (*садақ* сөзі туралы жазылғанды қараңыз) варианттарының бірі дейді, ол қылшан сөзі қыл (аттың қүйрігі не жалының қылы) сөзіне «ыдыс, футшар, қай» мағынасындағы *шан* сөзі немесе *-шан* (-шиң, -шің) жүринағы косылып жасалған сөз болу керек дейді (Қайдаров, 31, 32). Орыс тіліндегі осы мағынадагы *колчан* сөзі — түркі тілдерінен шамамен XIII—XV гасырларда енген сөз (Шилова, 193).

Бір көзіл аударатын нәрсе — қорамсақ сөзі қорам сүрінде де қолданылған. Мысалы, «Кызы Жібек» жыныда:

Енді колын алғашша,  
Қоралға колын салғашша, —

деп келеді. Бұл мысал қорамсақ сөзінің құрамы қорам+сақ деген екі бөлек сөзден тұратындығын, оның

*сақ* компонентін қоспай да, «оқ қабы» ұғымын бере алатындығын аңгартады. Осы сөздің қорамса варианты және болған. «Ақжонасұлы ер Қеңес» деген жырда:

Корамсаны колга алды,  
Атайын деп ондалды, —

деп келген жолдарды кездестіреміз. Бұлар орфографиялық қателер емес, біз әңгіме етіп отырган сөздің және оның құрамдарының бірнеше фонетикалық варианта келген (*са/сақ*) бір сөзден пайда болғандығын көрсететін фактілер.

### Құрсану. Батырлар жырында:

Бұырқанды, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды, —

деген клише (ортақ жолдар) кездеседі. Мұндағы құрсану етістігі бұл күнде кемде-кем қолданылады. Бұл — көне түркі тілдеріндегі «белдік (белбеу)» мағынасын беретін құр сөзінен жасалған құрсау етістігі, мағынасы — «белге байлау». Құрсану — «бір нәрсемен белін байлау, белбеулену» дегенді білдіретін өздік стіс. Мұздай темір құрсану — «темірден (болаттан) жасалған қаруды белінс байлау, асу, ілу» деген мәнде. Осы түбірден жасалған құрсаи сөзі де бар. «Қозы Қөрпеш» жырында:— «Құрсаи садақ беліне ілер» дейді,— деген жол бар. Мұндағы құрсаи сөзінің мәнін садақты беліне ілді деген контекстің өзі ашып тұр. Қазақ тіліндегі *кемпірқосақ* (радуга) деген сөздің де екінші компоненті — *қосақ* сөзі емес, құрсақ сөзі болуы керек, яғни «кемпірдің белдігі (белбеуі)». Қазіргі тілімізде бар құрсау сөзінің де түбірі құр, о бастағы тұлғасы құрсағ (ол да «белдік, оралған, белдеуленген») деген есім сөз.

Шалқиіз, Махамбет ақындарда және «Ер Тарғын» жырында келетін:

Асманда бұлт құрсаиды,  
Күн жауарға ұқсайды, —

деген жолдар бар. Мұндағы құрсаиды дегенінің де түбірі — құр. Одан құрса етістігі жасалған. Мәні — «корау» (аспан адам баласының көзіне дөңгелек, төңкерілген дүние, оны қаптаған бұлт, кемпірқосақ сияқтылар аспанды орап алғандай болып көрінеді). Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі бұл жердегі құр-

*сau* етістігін «айналаны қоршau, торлау, қамап алу» деп түсіндіреді. Бұл, сөз жоқ, соңғы, ауысналы мағына.

Қазақ тіліндегі құр(*baу*), басқұр, ышқыр(*iш+құр*) деген сөздер де «белдік» («кушак») және «айнала орау» деген мәнді құр сөзімен төркіндес.

Сөйтіп, құрсану сөзінің түбірі — құр («белдік») + *са* (етістік тудыратын жүрнак) + *н* (етіс жүрнағы), мағынасы: «белге байлау, белбеулену».

**Қыналы.** Жилембет жыраудың (XVII ғ.) бір өлецинде:

Қыналы бозға мінген ер,  
Қыз қалмақты құшкан ер, —

деген жолдар бар. Мұндағы қыналы сөзі түсініксіз. Қырғыз тілінің онтүстік говорында қына деген сөздің бір мағынасы аттың құйрығына таққан (өрген) әшекейді білдіреді. Сірә, Жилембет жырау тіліндегі қына да сол мағынада болу керек. Сәндікті, барлықты, байлықты білдіру үшін астына мінген атының жал-құйрығын әшекейлеу — бар дәстүр. Осы дәстүрдің бір түрі мал баққан, «ер қанаты — ат» деп келген қазақ, қырғыз халықтарында бір кезде бірдей болса керек.

Ал Бұхар жырауда кездесетін:

Он саусағы қыналы  
Омырауы жұпарлы, —

дегендегі қына сөзі бұдан басқа. Бұл, сірә, қынай бел, қынау (киімді қынап тігу) сөздерімен түбірлес сөз болу керек. Мағынасы «жіңішке, салалы» дегенге саяды. Қазақ тіліндегі қынай бел «жіңішке талма бел, құмырса бел» деген мағынаны білдіретін фразеологизм (Кенесбаев, 374). Сол сияқты қыналы *саусақ* та «жіңішке, тартқан сымдай» саусақ болуы әбден ықтинал. Бұл тіркес қыналы *бармақ* түрінде де келеді. Мысалы, жырларда:

Қыналы бармақ, жez тырнақ  
Ақ бетіне салады.

Немесе:

Қыналы бармақ, жez тырнақ  
Күнінде қанаға бояйын.

Қыналы бармақ, жez тырнақ деген тұтас фраза көбінесе өлген адамды жоктау салты үстінде әйелдің өз бетін өзі тырнап қанату ритуалына байланысты айты-

лады. Бұл — дәстүрлі, образды тіркес, сондықтан тіркес ішіндегі жеке сөздердің (мысалы, қыналы) мағынасы көмекіленіп, бұл қүнде еркін тіркес құрамайтын сөзге айналған деуге болады.

**Қырқарлану.** Махамбет ақынның атақты «Мінкен де, мінкен, мінкен ер» деп басталатын өлеңінде өздерінің сарбаздары туралы «Бұл сықылды неткен ер?» деп өзі қойған сұрағына өзі:

Көлденең жатқан Жайықтан  
Құралайдың күнінде  
Ерек қойдай белініп  
Қырқарланып өткен ер, —

деп сипаттама береді. Мұндағы қырқарланып деген сөз түсініксіз. Бұл — қазақ тілінде ұмыт болған «тізбек» мағынасындағы қырқа (қырқар) сөзінен жасалған етістік. Қырғыз тілінде бұл сөз осы мағынада жұмсалады: қырқа тиккен үй «юрты, поставленные в ряд»; сұйны қырқар тартып кечтик «мы переправились через воду», расположившись рядоми (наискось по течению) (Юдахин, 495). Жоғарыдағы Махамбет өлеңінде де көлденең жатқан Жайықтан қырқарланып өту — бірінің артынан бірі тізбек құрап, қатар түзіп, ағысты қиялап өту дегенді білдіріп тұр. Исадай — Махамбет бастаған көтерілісшілер өз әрекеттерінің ситуациясы на байланысты Жайықтан әрі де, бері де өткені белгілі. Ақын соның бірін суреттеп отыр. Сонда салт аттылар өзенде бірінің соңынан бірі тізбектеліп өткенін, ол да жағдайың істеткен қимылы («ерек қойдай белініп») екенін танытуда қырқарлану сөзі поэтикалық жүк арқалап тұрған көне сөздердің бірі екені байқалады.

**Майдан.** Бұл сөзді қазіргі кезде көбіне-көп «ұрыс, соғыс болатын (болған) жер» деп ұғамыз. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі майдан сөзін 1) сұрапыл соғыс даласы, 2) белгілі бір бағытта әрекет жасау үшін біріккен әскери күш; 3) бір қолбасшының басқаруымен бірнеше армия құрамаларының қимыл-әрекет жасайтын ауданы деп түсіндіреді (КТС, II, 121). Бұл сөздің соңғы екі мағынасы Ұлы Отан соғысы кезінде пайда болған, орыс тіліндегі фронт сөзінің баламасы ретінде алынған жана мағыналы сөз екені мәлім. Ал бұрынырақ қазақ тілінде майдан сөзі әрі

осы күнгідей «ұрыс, шайқас орны» деген мәнде, әрі «көгал» және «алаң» деген мағыналарда жұмсалған. Мысалы, «Қызы Жібек» жырында өлейін деп жатқан Төлеген алты қазды шақырып:

Қонар болсан, жануар,  
Міне майдан, міне саз,—

дейді. Мұндағы майдан да, саз да «көгал жер, көгорай шалғынды жер» дегенді білдіреді. Саз сөзі де екі мағынаны білдірген, бірі—көгал, көгорай шалғынды жер, екіншісі—балшық, бұл күнгі әдеби тілімізде саз «су араласып, балшыққа айналған топырак» (ҚТС, II, 233). Қазақ ауыз әдебистінде саз сөзі көбінесе 1-мағынада келеді. Мысалы, қызы Назымды алмаққа келген қалмақ ханы қыздың әкесіне:

Тікиске ак үй сұраймын  
Ет конбаган сазыңды,— дейді.

Н. Ф. Қатапов жинап бастырған қазақ мақал-мәттедерінің ішінде «Асылсаң биікке, жығылсаң майданға» деген мәттел бар. Мұндағы майдан сөзі де «ұрыс даласы» дегенді емес, «алаң (площадь)» дегенді білдіреді. Майдан сөзінің осы күнгідей «ұрыс даласы» деген ұғымы да ерлік жырларында жиі кездеседі. Мысалы:

Олар майдан ішінде  
Түзетті бұлар ұрысты.  
Қылыш шауып, каш төгіп,  
Кыздырыштар ұрысты («Қамбар»).

Сөйтіп, майдан мен саз сөздерінің осы күнгі әдеби тілімізде норма емес «көгал, көгорай шалғынды жер», «алаң» деген мағыналары ескі жырлар мен мақал-мәттедерде және жергілікті сөйлеу тілінде кеңінен орын алған.

Майдан, сірә, қазақ тіліне парсы тілінен енген сөз, ал парсы тіліне араб тілінен енген; майдан — парсы тілінде «площадь, аrena, ипподром, поприще, плац; поле деятельности, поле сражения; время, досуг» деген мағыналарды білдіреді (Перс.-русск. сл., 842). Қазақ тілінде де о баста бұл сөздің осы мағыналары негізінен қабылданып, келе-келе: 1) көгал, көгорай шалғынды жер; 2) алаң, орын; 3) ұрыс даласы деп айқындалғанга ұксайды. Ал қазірде тіпті ықшамдалып, тек «ұрыс даласы» және соган ғана қатысты үстеме мағыналарға не болып отыр.

**Маңғыстау.** Бұл жерде біз етістік маңғыстау-ды сөз-еткелі отырмыз. Махамбеттің бір өлеңі:

Ман-маң басқан сары атан  
Маңғыстан шығар өріске, —

деп басталады. Мұндағы маңғыстан сөзінің түп төркіні мен мағынасы туралы бізден бұрын қазақ сөздері тарихына үңіле жүретін ғалымдар Е. Жаппейісов пен Қ. Өмірәлиев айтқан болатын. Соны қайталай еске түсіріп, өз тарапымыздан мысалдар косып, осы сөзді және бір түсіндіріп өтпекпіз. Бұрын да дұрыс көрсетілгендей, бұл сөздің түбірі — маң. Қоңе түркі тілдерінде маң/маң сөзі «шаг», «хождение» деген есім ретінде де, «шагать, идти, ступать (ногой)» деген мәндегі етістік ретінде де жұмсалған. Осы түбірден маңым «шаг», маңығ «походка, поступь» сөздері де жасалып жұмсалған. Қоңе түркі тілінде маң-/маң- деген етістіктің маңла- түрі де болған (ДС, 336—337). Тіпті қазақ тілінде маң-маң басу (маң-маң, маң басқан, шудаларап шаң басқан) тіркесінде келетін маң-маң тұлғасы да қоңе заманда колданылған: маң маң-, мұны қазақ тілінше тұлғаласақ, маң маңу болып шығады, яғни «адым адымдау» немесе «адымдап жүру». Қазақ тілінде «адым» ұғымындағы маң есім сөзі де, онымен түбірлес маңу, маңлау деген етістіктер де колданылмай, бұл сөзден тек маң-маң басу және маңғыстау деген тұлғалар сакталған, маң-маң сөзі басу, жүргө сияқты қосалқы етістіктерсіз колданылмайды, себебі маң- сөзінің мағынасы күнгірттенген, сол сияқты маң- түбіріне етістік тудыратын -ғы жүрнағы жалғанып маңғы етістігі (қаңғы, саңғы сияқты) жасалған, оған -с жүрнағы жалғанып қайтадан есім туған, ал маңғыс есіміне -та жүрнағы жалғанып скінші рет етістік пайда болған, сойтіп, маңғыста (маңғыстау, маңғыстамақ) деген морфологиялық «қырық шекпен» киген сөз ғана сакталған. Маңғыстау етістігінің мағынасы — қоңе түркідегі маң- етістігіндегі «адымдау, жүру», мүмкін, бұған «ілгері басу, өрістеу» реңктері қосылған болу керек. Қазақ тілінде маң-маң басу етістігі беғілі бір «пропискасы бар» «паспортты» сөз, ол «пропискасы» — ақырын, байсалды түрде адымдау, мысалы, аяғын байсалды басатын түйеге айтылады (маң, маң басқан сары атан өріске маңғыстан шығады), егер бұл етістік адамға айтылса да, әңгіме жай ғана адымдау туралы

емес, аяғын «ақырын, байсалды түрде маңғаздана ба-  
су» жайында болады.

Сөйтіп, маңғыстау етістігі — «жұру, адымдау» деген-  
ді білдіретін, сирек қолданылатын сөздердің бірі.

Ойын. Бұл сөз ерте кездегі қазақ тілінде, оның ауыз  
әдебиетінде «соғыс, ұрыс» деген мағынада да жұм-  
салған. Мысалы, «Ер Шобан» толғауында батырлар  
айдап алып кеткен жылқының соңынан қуып келген  
Бигазыға Шобан: Мениң жиынымда (қосынымда) «тү-  
менді бұзған ерлер мен суырылып шабар батырлар  
бар» деп бірнешеуін атайды. Солардың бірі:

Бір ойында алпыс ала балта сындырған  
Айсаның ару ұлы Қолай бар, —

дегіді. Мұндағы ойын деп тұрганы — «ұрыс».

Ойын сөзінің «Батырлар жырларында» жұмсалған  
сөттері бұл сөздің «ұрыс, соғыс» деген мағынасын тіпті  
айқын танытады. Мысалы, Қобыланды батырдың жа-  
уымен айқасын:

Каижарменен кармасты,  
Семсерменен серместі  
Сөйтіп ойын ойнасты, —

деп суреттейді. Мұндағы ойын ойнау — нағыз «шайқа-  
су, соғысу». «Ер Тарғын» жырындағы:

Толып жатқан қалмакқа  
Тарғын салды ойынды, —

дегенде де ойнап жүрген батыр емес, ұрыс салған,  
соғысқан батыр сөз боп отыр. Қатты шайқасатын қас  
батырды «оійны қатты жас арыстан» деп атайды.

Эрине, ойын сөзімен қатар «ұрыс, соғыс, шайқас»,  
сөздері де қолданылған. Мысалы, «Қамбар батыр» жы-  
рында жау:

Бүркіттей жазып шенгелін  
Салмакқа даяр согысты;

немесе:

Қайратымыз аспайды  
Қылайық десек ұрысты, —

деп келеді. Сол сияқты ойын сөзінің құда түсү, қыз  
ұзату, келіп түсіру, жеңісті тойлау сияқты елеулі оқи-  
галар үстінде откізетін сауық-сайранды да білдіретін  
мағынасы қатар жұмсалған. Мысалы, «Қамбар батыр»  
жырындагы:

Құда түсіп құйрық жеп  
Қыламыз қызық ойынды...  
Қырық құн ұдай тойым бар,  
Әр түрлі қызық ойын бар, —

деген жолдарға назар аударыңыз.

**Оқ, жебе.** Бір қызық жай қазақ тілінде көне қару—  
садаққа (жаққа) қатысты атаулардың көбі күні кеше-  
ге дейін бірнеше (ең кемі екі) варианты болып келеді.  
Мысалы, садақтың оғы оқ деп те, жебе деп те атала-  
ған. Екеуі де поэтикалық тілде қатар қолданылған:  
қозы жаурын оқ, сай кез оқ, сары жебе, қүшіген жуң-  
ди сүр жебе, қызыл сырлы жебе т. т.

Кейбір кітаптарда (мысалы, Махамбет жинақта-  
рында) жебе сөзі «садақ оғының қыры» деп түсіндіріл-  
се, қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде же-  
бе — «садақ оғының масағы» деп анықталады (ал ма-  
сақ сөзінің өзін «садақ оғының ұшы» деп түсіндіреді),  
сонда жебе — садақ оғының ұшының ұшы (!) болып  
шығады. Ал дұрысында жебе — оқтың өзі. Мұны «Ба-  
тырлар жырларында» әлденеше рет қайталанып келе-  
тін:

Қөп оғының ішінде  
Сүр жебе деген оқ алды, —

деген жолдар дәлелдей түседі.

Оқ пен жебе синонимдер. Егер жебе сөзі контекске  
қарай оқтың ұшын білдіретін болса, ол — ауыспалы  
мағынасы. Осыдан барып, садақтың оғы сняқты ұшкір,  
ұшы сүйір нәрсені де, мысалы, найзаның өзін немесе  
ұшын жебе деп атау пайда болады:

Жебелі найза қолға алсын,  
Алты қырлы ақ жебе...  
Шаныша алмасам, маған серт!

Қазақстанның батыс өлкесінде істік сым темірді  
жебе істік дейді (Досқараев, II, 55). Аңға немесе жау-  
ға қарсы, олардың жолына істік ағаштан немесе темір-  
ден құратын тосқауылды да жебе деп атаған. Мысалы,  
Махамбет ақындағы:

Құрулы жатқан жебеге  
Құрсағынан шалдырған, —

деген жолдар осыны танытады. Жерге қадалған ұшкір  
(істік) темір аңының немесе дүшпан мінген аттардың

бауырын тіліп, тосқауылдайтын қарудын бір түрі болған. Кейінгі Ұлы Отан соғысы кезінде, одан бұрынғы бірінші дүние жүзілік соғыс пен азамат соғысы тұсында да соғысуышы екі жақтың тосқауыл шебінде қолданған тікенекті темір торды немесе танкіге қарсы құрылған тосқауылды атап үшін де кейде *жебе* сөзін пайдаланғанымыз мәлім. Бұлардың барлығы о бастағы «ок» магынасындағы *жебе* сөзінің ауыспалы мәнде пайдаланған қосалқы қызметтері.

Оқка (жебеге) қатысты сөздердің бірі — *кез*. Бұл сөз *сай кез оқ* деген тіркес пен *кезену*, *кезеу* сиякты етістік түбірлерінде сақталған, түп мағынасы бұл күнде ұмыт болған көне сөз. *Кез* деп көне түркі ескерткіштерінде жақ оғының түп жағын, яғни адырнаға тіреяттің жерін атаган, ертеде *оқ кезі* тіркесімен де айтылған (ДС, 305). Бұл сөзден *кезгір-*, *кезлә-* етістіктері жасалып қолданылған. Екеуінің де мағынасы «окты адырнаға тіреу», яғни «атуға ыңғайлану». Қазак тіліндегі *кезену*, *кезеу* етістіктері — көне *кезгер-*, *кезлә-* сөздерінің морфологиялық варианктары, бұлардың да негізгі мағынасы, «окты адырнаға тіреп атуға оқтану».

### Оразды, жиырлы. Көне жырларда:

*Ораздының он ұлы  
Жиырлының жалғызы, —*

немесе:

*Ораздының ұлы өсер,  
Жиырлының қызы өсер, —*

деген жолдар бар. *Мұндағы оразды* сөзі «бақытты» деген сөз; *ораз* — парсы тілінде «бақыт» дегенді білдіреді. Ал *жиырлы* деген сөз ешбір түркі тілінде жок. Тері, контекске қарағанда, бұл сөз *жиырлы* емес, *чөрлі* болуы керек. Араб жазуындағы бір таңба әрі *ж*, әрі *Ч* дыбысын білдірген. Арабша жазылған нұсқадан казіргі алфавитке көшіргенде, кате оқылып, кате жазылған болу керек. Сонда: «бақыттының он ұлы, шерлі адамның (бақытсызының) жалғызы» деген қарама-қарсы образы білдіретін сөздер болып шығады.

**Орындық.** Қазірде өте түсінікті жиі қолданылатын сөздердің бірі — *орындық*. Ол — адам отыратын үй жабдығы («стул»). Бұл сөз өткен дәуірлерде де болған. Көне түркі тілінде *орунлуқ* — 1) трон; 2) ложе, носил-

ки (ДС, 372). Қазақ тілінде де ертеде *орындық* сөзі бір нәрсенің түрфысы (отыратын, тұратын, жататын жері — ложе) дегенді білдіргені байқалады.

Махамбет өлеңінде кездесетін:

*Орынқты қара сабадан  
Қымыз ішер күн кайда? —*

деген жолдардағы бірінші сөз *орынқты* емес, *орындықты* болуы керек. Өйткені жерді азырақ шұңқырлап, үлкен сабаларды соған қоятыны белгілі, демек, осы шұңқыр — сабаның орындыры, яғни саба тұратын жер (ложе), немесе саба қоятын төрт таған арнайы орындық та болған. Төсек те жалпы алғанда ложе (жататын жер), сондықтан кровать сияқты төсекті де өте ертеде қазақтар *орындық* деп атаса керек. Мысалы, Доспамбет жырау:

Зерлі орындық үстінде,  
Ал шымылдық ішінде  
Тұлымшағын төгілтіп,  
Ару сүйім — өкінбен! —

дейді. Мұндағы *орындық* деп тұрганы биік төсек (кровать сияқты), зерлі деп отырганы — не инкрустацияланған төсек дегені болар, немесе зерлі жамылғымен жабылған төсек дегені болар. Қайткенде де мұндағы орындық «стул» емес.

**Сағы, сағыну. Бұхар жырау Абылай ханға:**

Басына мұнша көтерген  
Жұртыңа жаулық *сағынба*, —

деп ақыл айтады. Мұндағы *сағыну* сөзі «біреуді аңсав» мағынасындағы *сағыну* сөзімен бір емес. Бұл жерде *сағыну* сөзінің түбірі — *сақ-*. Қоңе түркі тілдерінде *сақ-* етістігі «думать, считать, принимать за что-либо» дегенді, осы түбірден тұған *сақын-* етістігі «1) думать, размышлять, представлять; 2) хотеть; 3) сожалеть, грустить, беспокоиться, заботиться» деген мағыналарды білдірген (ДС, 486). *Сақын-* сөзінің 1-мағынада жұмсалуы тіпті орта ғасыр түркі ескерткіштері тілінде де кездеседі (Боровков, Тефсир). Бұл сөздін «ойлау, ойлану, ниеттену» мағынасы ертеректегі қазақ тілінде де жұмсалғанын жоғарыдағы Бұхар толғауы танытады. *Жаулық сағыну* тіркесі осы күнгі тілімізше айтсақ, *жаулық ойлау* дегенді білдіреді.

*Сақын*- етістігінің екінші мағынасы және бар. Оның осы күнгі қазақша варианты — *сақтану*. Қоне, ортағасыр түркі тілдерінде «сақтану, қорғану» мағынасында қолданылған *сақын*- тұлғасы ертеректегі қазақ тілінде де орын алған. Оған Шалқиізде кездесетін:

Алп, алп, ал *сақын*,  
Ліздіп жүрген дүшпаннан жұз *сақын*.  
Күле кіріп, күциреніп  
Шыққан достан мың *сақын*, —

деген жолдар мысал бола алады. Махамбет ақынның:

Мен тауда ойнаган карт марал  
Табаным тасқа тиер деп,  
*Сақсынып шыққан қиядан*, —

деген жолдарындағы *сақсыну* сөзінің түбі *сақыну* болуы да мүмкін. «Қорғану, сақтану» мәніндегі *сақыну* тұлғасы «күні кешегі» Махамбет заманындағы қазақ тілінде қолданыстан шығып қалып, ұмыт бола бастағандықтан, *сақсыну* деп өзгертіліп айтылуы әбден ықтимал.

*Садақ, жақ /жай/ жа*. Бұл сөздер қазақ эпостарында да, XV—XIX ғасырлардагы ақын-жыраулар тілдерінде де жиі кездесетін, қазірде көнеленген сөздердің қатарынан табылады. *Садақ* сөзінің синонимдері *жақ* — *жай* — *жа*. Соңғы *жа* варианты қазақ тілінде *сарыжа*, *бұхаржа* сөздерінде сақталған.

*Садақ* (жақ) — ағаштан доғаша ніп немесе нілген іспетті екі болікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен көріп, сол кермеге оқ (жебе) салып тартып ататын, әте көне замандардан келе жатқан қару атаяу. *Садақ* сөзі кейбір түркі тілдерінде қарудың өзін емес, оның қабын, сауытын (футляр, чехол дегенді) білдіреді, немесе жақтың бүкіл жабдығымен қоса аталаған жалпы атаяны береді. Ал қазақ тілінде *садақ* сөзі қарудың өзін де, жақ пен оның оғын салатын қабын да білдіргенін байқаймыз. Мысалы, Қазтуған жырауда:

Қарагайдан *садақ* будырып,  
Қылшанымды сары жұн оққа толтырып, —

деп келеді. «Қызы Жібек» жырында Қорен қалмақ:

Қарсы қарап тұра қап,  
*Садақты* қолға алады.  
Толықсып тұрган баланы  
Толғап тартып қалады.

Бұл екі мысалда *садақ* — қарудың өзі, яғни жақ.

Сонымен қатар *садақ* сөзі жақтың өзінің қабын да білдірген. Мысалы, жырларда кездесетін «бұлғары садақ, бұхаржай» немесе «көн садакты демесең, көпке тиер сөзім бар» дегендердегі *бұлғары садақ*, көн *садақ* тіркестері былғарыдан жасалған (әлде булгарлықтардың үлгісімен жасалған ба?) және көннен жасалған қап (жақ салатын футляр, чехол). Қазақ тілінде жақтың жабдығымен қоса алғандағы жалпы атауы ретінде қолданылуы да жоқ емес. Мысалы, Махамбеттің «беркініп садақ асынған» дегенінде, ақын жалпы қару (садақ) асынып, жауға аттану дегенді айтып тұр.

Казірде ұмыт бола бастаған бұл көне атауларды осы күнгі кітаптарда жаңылыс түсіндірушілік жиі кездеседі. Мысалы, Махамбет Өтемісұлының 1962 жылғы өлеңдер жинағында *жай* — садақ оғы деп кате түсіндірілген. Бұл анықтама ақынның:

Толғай да толғай оқ аткан,  
Оп екі тұтам жай тартқан, —

деген жолдарына қарай айтылған. Бірақ бұл жердегі ақынның он екі тұтам дегені оқтың ұзындығы емес, жақтың кермесінің (адырнасының) өлшемін, яғни жақтың өзін айтқаны. Немесе Қазақ Совет Энциклопедиясы *жақ* сөзінің *жай* вариантының болуын «жақтың оғы алысқа ұшатындықтан, жақты кейде *жай* деп те атайды» деп жаңсақ түсіндіреді. Шындығында бұл екеуі бір сөз, яғни *жақ* пен *жай* параллелі — түркі тілдеріне тән дыбыс алмасуларының інтижесі (Қайдаров, 29). Сол сияқты *бұхаржас* сөзін «Батырлар жырының» II томында (Алматы, 1961, 23-бет) «Бұхар қаласында жасалған сауыт (!)» деп түсіндіреді. Дұрысында *бұхаржас* және *сарыжас* сөздеріндегі *жа* компоненті көне *йа* сөзінің қазақша варианты (сөз басындағы *й* дыбысының қазақ тілінде *ж* болып келетіні белгілі). Көне *йа* — лук, *йа құрғ-* — натягивать лук, *йа құрғучы* — лучник (ДС, 221). Бұл қару атауының көне түрі қазақша *бұхаржас*, *сарыжас* сөздерінде сақталған, осы сөздер келе-келе «жаңашаланып», *бұхаржай*, *саржай*, одан барып *саржан* түріне де көшкені және байқалады:

Бұлғары садақ, *бұхаржай*,  
Бұлғай тартты Ер Қосай.

«Ер қосай» жырының келесі бір жерінде:

Алты атқа алған адырна,  
Он атқа алған бұхаржа, —

болып айтылады, «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүніс сұлуды жыршы:

Қасы сарыжадай керілген,  
Кірпірі октай тізілген, —

деп суреттейді. Ал «Қыз Жібек» жырында бұл тұлға саржан болып кетеді:

Саржаның кірісі  
Тартуға келмей үзілді.

*Сарыж* десеніндегі өткен ғасыр лексикографы Л. Будагов былайша анықтайды: қазақша *саржас*, шағатайша *сары* ғай еүйекпен әшекейленген, сарыға боялған жақ (лук) (Будагов, I, 686). Ал *бұхаржа* (*бұхаржай*) деп Орта Азия (Бұхар өнірі) үлгісінде жасалған немесе сол жактан келген жақты атаса керек.

Сейтіп, кермесіне (кірісіне, адырнасына) оқ (яғни жебе) тірең, тартып ататын ағаштан жасалған (бу-дышырган) көне кару атавы XV—XIX ғасырлардағы қазақ тіліндегі *садақ*, *жақ*, *жай*, *жа* деп аталған (соңғысқы бірліккілік біріккен сөз құрамындаған келеді). Демек, әр тілдегі сөздердің семантикалық (мағыналық) даму заңдарына қараң, о бастағы бір сөз, мысалы, *садақ* сөзі бір тілде карудың өзін, екінші бір тілдерде оның тек фруттарын, үшінші бір тілдерде осы карудың өзін, жабдығын, сауытын қоса алғандарғы жалпы атавын билдіретін болып калыптаскан. Қазақ тіліндегі *садақ* сөзі — осы үш мағынаның үшеуіне де не болып қолданылуы келген сөз.

Осы сөзді түбекейлі әрі қысынды талдаған ғалым О. Кайдаровтың пікірі орынды. Зерттеуші бұл сөздің түп-теркіні түркі — монгол тілдеріне ортақ *саа* тұлғасы дегендегі табады да, оның *йә/йаа/жәа/чаа/хаа/йей/жай/саай/чай/жак/сақ/чах/жайа/саға/даға* т. б. деген құбыламалы фонетикалық вариантының бар екенін көрсетеді (Кайдаров, 28—29).

**Сақстер, сақсыр.** Ертеде өткен Доспамбет жыраудың бір толғауында:

Сақстер тиді сапыма,  
Сақсырым толды қаныма, —

дегиді. Мұндагы *сақстер, сақсыр* сөздері бұл күнде қол-

данылмайтын бейтаныс атаулар. Контекске қарағанда *сақетер* — қарапайым соғыс қаруының аты (сақ етіп тиетін нәрсе) немесе сақ етіп тиетін оқ дегеннің образды атауы. С. Аманжолов *сақетер* сөзін әдеби тілдегі «қылыш» дегеннің орына қолданылатын диалектизм, яғни Қазақстанның батыс өлкесіне тән жергілікті сөз деп таниды (Аманжолов, 340). Сірә, соғыс, ұрыс қарулырының атауын *-ар*, *-ер*, *-р*) жүрнақты есімше тұлғасымен беру қазақ тілі үшін ертеден дағдыға айналған тәсіл болу керек. Мысалы, «Қобыланды» жырынан:

Шауып келіп Қараман  
Безеу тісті *кертартар*  
Тас төбеге салады, —

дегенді оқимыз. *Мұндағы кертартар* да ұрыс қаруы. Соңғы дәүірлерде пайды болған *бесатар*, *алтатар* деген атыс құралдарының атаулары да осы тәсілмен жасалған сөздер. Ал *сақсыр* сөзі тағы да контекске қарағанда киімнің, оның ішінде не аяқ киімнің, не шалбардың атауы болса керек. Өйткені саннан ақкан кай не шалбардың ішіне, не аяқ киімнің ішіне толады гой. Бұл екі атаудың екеуі де өзге түркі тілдерінің, көне, орта гасыр түркі тілдерінің сөздіктерінде жок. Соған қарағанда бұлар қазақ топырағында туған образды тіркестер болуы мүмкін.

**Салар.** Ертеден келе жатқан «Сен *салар* да мен *салар*, атқа жемді (немесе тоқым) кім *салар*» деген мақал бар. Мұндағы *салар* сөздері қазақтың *салу* етістігінің есімше тұлғасы сияқты болып көрінеді. Шындығында мұндағы үш рет қайталанған *салар* сөзінің соңғысы ғана етістік, ал алдыңғы екеуі есім сөз, ол — «басшы, көсем, бастаушы, бастық» деген мағынадағы парсы сөзі. Парсы тілінде жоғары әскери басшыны («главнокомандующий» дегенді) *сипаһсалар* дейді, *сипаһ* «әскер, армия» деген сөз; *керуенбасы* дегенді *керуансалар* деп атайды. Сонда жоғарыдағы қазақ мақалы «мен де бастықпын, сен де бастықсың, атқа жем салып (немесе тоқым салып) қызмет ететін кім болмақшы» деген мәнді білдіреді.

**Салу.** Қазтуған, Шалқиіздердің мұраларынан *салу* сөзінің бұл күнгіден өзгеше келетін «тастау, қалдыру» мағынасында қолданылған тұстарын көреміз. Қазтуған ата мекенімен қоштасқан толғауында:

Кайран менің Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың, —

дейді, яғни мен сені өз еркіммен қалдырып бара жатканым жоқ, сен қалдырыдың (кетүге мәжбүр болдым) дегенді айтады. Мұны осы жолдардан кейінгі:

Кайырлы болсын сіздерге  
Менен қалған мынау Еділ жүрт!.., —

деген сөздері дәлелдей түседі. Шалқиіз жырауда және батырлар жырында кездесетін:

Жағы тұқті жылқы айуан  
Иссін қайда жауға салмаган, —

немесе Махамбеттегі:

Таңдан мінген тұлпарлар  
Иссін қайда жаяу салмаган, —

деген жолдарда да *салу* етістігі «қалдыру, тастаң кету» мағынасында келіп тұр. Біздіңше, «құлын тастау» мағынасындағы құлын *салу* деген тұрақты тіркестегі *салу* сөзі де «тастау» мәнінде. Қыргыз тілінде «бала салу», «қозы салу» (бала тастау, козы тастау) тіркестері бар. Қазақша *дұние салды* тіркесінде де *салу* сөзі «қалдыру, тастау» деген мәнде.

*Салу* етістігінің бұл мағынада жұмсалғанын XVI ғасырдың ең соңғы жылдарымен XVII ғасырдың бас кезінің түркі жазба ескерткіші — тарақ таңбалы жалайыр Кадыргали Қосымұлының «Жами' ат-тауарих» деген тарихи шығармасының тілінен де көреміз. Ол бір жерде былай деп жазады: [Чингиз хан Отчигин нојанды] нечүк уалайат тәжік кә атланғанда, аны үйіндө ордаларында ләшкәрі білән *салып кетті* («Жами' ат-тауарих», Қазан, 1851, 88-бет, 15 жол), қазіргі қазақшасы: [Шыңғыс хан] тәжік уалаятына [өлкесіне] аттанғанда, оны [Отчігін нојанды] әскерімен қоса өз үйі ордастына қалдырып *кетті*.

Сөйтіп, *салу* деген етістік сөз осы күнгі білдіретін мағыналарымен катар («қою, орнату» т. т.) ертеректе қазақ тілінде «тастау, қалдыру» мағынасында да жұмсалған (біздіңше, бұл омоним сөздер болар, яғни сыртқы тұлғасы бір, мағынасы бөлек екі сөз болар деп ойлаймыз).

**Сан. «Батырлар жырларында»:**

Он екі жасқа келгенде,  
Он сан қолға бас болды, —

деген жолдардағы *сан* сөзі, немесе Махамбеттің:

Алты сан алаш ат бөліп  
Тізгінің берсе қолымса...  
Сол онымыз жүргенді,  
Мың сан әскер қол едік...  
Сан шерулі қол болса,  
Батырлар болар ағасы, —

дегендеріндегі *сан* сөзін бұл күндегі «есеп» мәғынасындағы қолданысынан бөлек тану керек. Откен гасырда қазақша-орысша сөздік түзген Н. И. Ильминский *сан* сөзінің бір мәғынасын «большое, неопределенное, впрочем, число» деп көрсетеді. Бұл мәнде осы күні *сансыз*, *сансыз көп* сөздері жұмсалады. Ал о баста *сан* деген сөз «өте көп; мөлшерсіз көп» деген үғымды білдірген. Жоғарғы өлең жолдарындағы *сан* сөзі осы мәғынада жұмсалып тұр. Ал он *сан*, алты *сан*, мың *сан* деген тұрақты тіркестердегі он, алты, мың деген сан есімдер де өздерінің номинативтік (тура) мәғынасын танытпайды, олар да «көп, белгісіз мөлшердегі көп» деген үғымда келген сөздер.

### Сана.

Қайда барып төгемін,  
Ішімдегі *сананы*...  
Маган да әсер қылыш тұр  
Зарлайып айтқан *сананыз* («Алпамыс»).  
Сарғайып *санаменен* жүзі сары...  
Ол бір *сана* көңілге салды дейді («Қозы Қөрпеш»), —

деген жыр тармақтарындағы *сана* сөзі осы құнгі *сана-сезіл* дегендегі *сана-дан* («сознание» дегеннен) өзгешерек мәнде келген. Қоңе монгол, халка-монгол тілдерінде *санаа/санага* сөзі «ой» («дума, мысль») деген мәғынаны білдіреді, қазіргі монгол тілінде *санах* — ойлану деген сөз. Қоңе замандарда түркі тілдерінде де, оның ішінде қазақ тілінде *сана* «ой» дегенинің синонимі ретінде жұмсалған. Бұған осы екі сөздің плеонастық катар түзіп қолданылғаны да дәлел бола түседі. Мысалы, «Алпамыста»:

Қой дегенде коймасаң  
Түсіремің ой-саны, —

деп келеді. Немесе «Айман — Шолпан» жырында:

Айманның көңілі кең, ақылы дана,  
Ішінде Арыстанның болар сана,—

Леген жолдарда да сана сөзі «ойланған ой» деген ұғым-  
та келіп тұр.

**Сары.** Түсті білдіретін *сары* сөзі — бұл күнде әбден  
түсінікті, жиі жұмысалатын сөздердің бірі. Бірақ осы  
сөз келген жердің бәрінде тус атауы бола бермейтін-  
лігі бар. Мысалы, бәрімізге белгілі жиі айтатын *сары*  
*алтын* тіркесі бар. Бұл өзі — тұрақты тіркес. Ертедегі  
әлец-жырларда да, қазірде де қолданылатын сөздер.  
Мысалы:

Дүниe деген *сары алтын*  
Әркімдерді алдаған (Нұрым жырау).  
Садагиның кірісін  
*Сары алтынға* майдырған (Махамбет).

Мұндағы *сары* сырт қарағанда солай сияқты болып  
ұғылғанмен, түске байланысты емес, яғни алтынның  
сары түсіне қатысты қалыптасқан тіркес емес. *Сары алтын* дегендегі *сары* парсыша *сара* сөзі, ол «таза,  
коспасыз, пробасы жоғары» (алтын, күміс жөнінде)  
деген мағынаны білдіреді (Перс.-русс. сл. II, 435).  
Бұл мәндегі *саф алтын* деп те айтылатыны мәлім (*саф*  
деген арабша «таза» деген сөз). Абай тіпті *самородный*  
*сары алтын* деген сол мағынада орыс сөзін қосып айтқа-  
ны белгілі. Сонда *сары*, *саф*, *самородный* сөздері бір  
мағынадағы сөздер.

*Сары* сөзінің бұдан да басқа тіркестерде түстен өз-  
те мәндегі сөз болып келетін жерлері бар. Мысалы,  
*сары уайым* тіркесіндегі *сары* да парсыша сөзі, парсыша  
*сар* сөзінің бір мәні «печаль, огорчение» (Перс.-русс.  
сл. II, 435). Сонда *сары уайым* тіркесі бір мағынадағы  
екі сездің қабаттаса айтылуынан пайда болған *бала-*  
*шага* (*шага* да «бала» деген сөз), *тегелей-төңіз* (*теге-*  
*лей* де «төңіз» деген сөз), *бекер-босқа* (*босқа*-ның ма-  
ғынасы да «бекер») деген сөздер сияқты, бір сынды  
парсыша *уайым* (*сар*), екіншісі қазақша *уайым* сөзде-  
рінен жасалған плеонастық тіркес болып табылады.

Хайым, қайғы» мәніндегі *сар* сөзі қазақ тілінде жеке  
қолданылмайтындықтан, тілде бар *сары* тұлғасына  
дүнестрылып айтылып кеткен.

*Сары* сөзінің түске қатыссыз үшінші қолданылатын  
жері — *сары бел*, *сар(ы)* *адыр*, *сар(ы)* *жота*, *сар(ы)*  
*дала*, *са(ы)* *арқа*, *сар(ы)* *жал*, *сар(ы)* *бұлақ*, *сар(ы)*

*tay* деген сияқты тіркестер. Мұндағы *сары(sar)* сөзі, жер-су аттарын арнағы зерттеген ғалым Е. Койшыбаевтың көрсетуінше, «кең», «басты», «негізгі» және «айқын, анық көрінген» деген мағыналарды білдіреді (Е. Койчубаев, Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. А., 1974, 895.)

**Сауда.** *Сауда* сөзін бұл күнде затты сату не алу (орынша «торговля, торг») мағынасында ғана түсінелміз. Ал қазақ тілінде, оның жырларында бұл сөздің өзге де мәнде келіп, *жалғыздықтың саудасы, ғашықтың саудасы* сияқты тіркестер құрап жұмсалатын сәттері бар. Жауына жалғыз шапқан Алпамыс батыр туралы:

*Жалғыздықтың саудасы  
Түсті ерге бір күнде,—*

деп желсе, Жібектің аулына екінші рет аттанғалы тұрған Телеген:

*Басыма менің түсіп тұр  
Ғашықтың саудасы,—*

деп шынын айтады. Камбар батыр қарсыласы Қалмак ханына:

*Кан ағызып көзіңнен  
Басиңа сауда салайын,—*

дейді. Мұндағы ғашықтың саудасы деген тіркес «ғашықтық оты, өлердей ғашықтық» (орынша «одержимость любви») деген мағынаны білдірсе, *жалғыздықтың саудасы, басына сауда салу* тіркестеріндегі *сауда* сөзі «қындық, ауыртпалық» деген мәнде жұмсалып тұр. *Сауда* сөзінің араб тіліндегі мағынасы «жель (раздражение, злоба), меланхolia», парсы тіліндегі бір мағынасы: «1. сильная страсть, любовь; ярость, иступление»; орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерінде бұл сөз парсы тіліндегідей «сильная любовь, желание, любовь; сумашествие» мағыналарында жұмсалған (Фазылов, II, 238). Ал қазақ топырағында *сауда* сөзінің мағынасы, одан әрі құбылып, «жалпы ауыртпалық, қындық» дегенге көшкені байқалады, өйткені *жалғыздықтың саудасы* дегендеге сөз үғымы маҳаббатқа, әуейілікке жуыспайды, бұл жердегі *сауда* — «ауыртпалық, шарасыздық».

*Сауда* сөзі осы көрсетілген мағыналарда бұл күнде актив қолданылмағандымен, бір кезде жұмсалғандығын жогарыдағы мысалдар дәлелдейді, бірақ, өкінішке

орай, қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің соңғы жылдары арнайы түзілген сөздіктері (Н. Ондасынов. Парсыша-қазақша түсіндірмे сөздік. Алматы, 1974; Е. Бекмұхаметов. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. Алматы, 1977) бұл сияқты сөздерді бермейді, көбінесе, көпшілікке түсінікті, талайдан арабтікі, парсынікі екені көрсетіліп жүрген сөздер түсіндіріледі.

Абайдың:

*Саудайы-ай, сауды алмадын, сырқауды алып,  
Бір полеге жолыктын шырқау барып,  
Ала жаздай көгелды бір көрмедің,  
Сары жұртқа қондың ба ірге аударып? —*

деген өлец шумағындағы *саудайы* сөзі де жоғарыда біз көрсеткен «желание, любовь; сумашествие» деген мағыналардағы *сауда* сөзімен түбірлес, атап айтқанда, *саудауы* немесе *сауда*\*и сөзін Абай «есі дұрыс емес, әйелге есі ауган» деген мәнде қолданған. Абай жинағында бұл сөзге «істеген ісін абайламау, байқамай істеу» деп жалпы нобайы келетін түсіндірмे берілсе (Абай Құнабаев, I том, 1957, 209), «Абай тілі сөздігі» «алаңғасар, нақұрыс» деп анықтайды. Ал бұл сөзді Абай Дүйсенқұл деген ауылдастына айтқан. Дүйсенқұл бірисше рост әйелін тастап, жесір катындарға үйленген адам екен, ол тағы бірде әйелін тастап, Жақып дегениң күйсіден шыққан ауру қызын алады. Абай бұл шумақты сонда жазған. Демек, ақын Дүйсенқұлды *саудайы* десе, оған «әйел дегенде есі ауып кеткен, есі дұрыс емес» деген бага беріп тұр. *Саудайы* сөзінің «есі дұрыс емес» деген мағынасы «Екі тентек қосылса, *саудайы* болар, екі макұл қосылса, таудай болар» деген мақалда да байкалады.

Сөйтіп, *сауда* сөзі қазақ тілінде тек «сауда-саттық» үтімінда ғана смес, араб-парсы тілдеріндегідей сезімте, ақыл-еске, адам мінезінің сипатына қатысты мағынида да жүмсалған екен. Орнын тауып қолданса (*ғашықтықтың саудасы* деген типте), қазірде де кәдеге асатыны сөзсіз.

**Сауын: сауын айту.** Құпі кешеге дейін қазақ қауымында *сауын айту* дәстүрі болған. *Сауын айту* — үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жынындар жөнінде ел-елге жарияладап хабар беру. Бұрынырақ жорық, аттаныс жөнінде де елге *сауын айтатын* болған. «Айман — Шол-

пан» жырында ас берген Шөмекейлерге өкпелеп кеткен Көтібар:

Шабамын Маман байды жиылсын деп,  
Еліне барысымен *сауын айтты*, —

дейді. Ал осыдан бұрын кісісі өлген Кіші жұз Алшын-Жаппас Шөмекей елі:

Бір тұтқа Кіші жұзде бай еді деп,  
Шөмекей Маман байға *айтты сауын*, —

деп келеді.

*Сауын айту* — жай хабар айту емес, белгілі бір салттың ритуалы ретіндегі хабар. Сауын айтылған жақ сол үлкен жиынға өз үлесін, өз қатысын көрсетуге тиіс болған. Сондықтан сауын кез келген адамға емес, байлар мен билерге, батырлар мен белділерге айтылады, олар сол үлкен жиынға өз «пайларын» («взностарын») енгізеді: саба-саба қымыз бен сойылар малын, бәйгеге шабатын жүйріктерін, құреске түсетін балуандарын т. т. апарады. Мысалы, сол асқа:

Данқымды Шөмекейге білдірем деп,  
Саба артып тогыз парға Маман келді, —

және:

Шай-қант пеп тогыз нарга токаш артып  
Кетібар өзі батыр шекті келді.

Осы көрсетілген ритуал сакталмайтын жайтарда *сауын айту* тіркесі айтылмай, өзге сөздер айтылады. Мысалы, «Айман — Шолпан» жырында Маман байдың шабылып, екі қызы «жесір» бол қолда кеткенін естіген Элібек:

Элібек мұны естіп аттанаипты  
*Жар салып* қатар өскен ерлеріне, —

дейді. Бұл жерде Элібек *сауын айтпайды, жар салады, хабар береді*.

Бұл тіркестегі *сауын* сөзінің *сауу* етістігіне қатысы жоқ. Оның түбірі — көне түркі тілдеріндегі *саб/can* (sav) сөзі. *Саб/can* дегеннің мағыналары: «1) слово, речь; 2) весть, известия; 3) послание, письмо; 4) пословица, поговорка; 5) повествование, история, рассказ; 6) пророчество» (ДС, 478, 421). Демек, *саб/can* сөзі қазақтың *сауын айту, сөз салтау* сияқты тұрақты тіркестері мен *сәуегей* сияқты сөздерінде сакталып қалған. Алғашкы екі тіркесте бұл сөzlін көне «сөз, сөйлеу,

хабар» деген 1-2-мағыналары ғана сакталса, сөзегей сөзінде б-мағынасы сакталған. Сөз *саптау* деген тіркестегі *сап* деген де сол көне *саб* сөзі — сөз *сәйлеу* дегенинің дәлме-дәл эквиваленті; өйткені *саб* — «сөз» *сабта* — «сөйле». Сөйтіп, *сауын* сөзі — *сап* («саб») түбіріне -ын жүрнағы жалғанған сөз, беретін мағынасы «сөз-хабар».

Көне түркі ескерткіштерінде *сауын* тұлғасы кездеспейді, мүмкін, бұл — осы сөздің ескерткіштерде қолданылмағандығынан болар, немесе *сауын* сөзі белгілі бір дәстүрдің пайда болуына қарай кейінгі дәуірлерде (V—VIII ғасырлардан соң) жасалған сөз болуы мүмкін. Эдет-ғұрпы көбінесе қазақтарға сәйкес келетін қыргыздардың тілінде (сөздіктерінде) «хабар» мағынасындағы *сауын*(соон) сөзі жоқ. Соған қарағанда бұл сөз казақ халқын құраған тайпаларда өте көнеден келе жатқан дәстүрге байланысты сакталған «ұлттық реликтілердің» (жұқаналардың) бірі болу керек.

**Сұм, сұмырай.** *Сұм, сұмырай* сөздері қазіргі тілімізде жағымсыз сипатты білдіреді. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі бұл сөздерді былайша анықтайты: *сұм* — залым, *ку*, жауыз (?); *сұмырай* — жауыз (?), *сұм*, залым, жексүрын (ҚТС, II, 385). Бұлардың *сұмпайы* варианты да осы мағынада танытылады. Ал бұл сөздер ертеректе өзгеше мәнде де жүмсалған. Мысалы, «Батырлар жырында»:

Әкесі сонда сөйледі:  
Олай демс, *сұм* ұлым,  
Бұлай деме, *сұм* ұлым...  
Сылыра сынды *сұм* жырау, —

Деп келеді. Шоқан жинаған материалда Орақ батыр:

Жалғыз да туған *сұм* басым  
Барымнаш жоғым көп иғі, —

дәйді. «Алпамыс» жырындағы жеті жасар Жәдігерді Ұлтан күл:

Өлтіремін алып кел  
Жадігер *сұм* баланы, —

дәйді.

Баян сұлу әрдайым өзін «Баян *сұм*» деп, ал Қозыға: Атадан жастай қалған *сен сұмырай*, — деп отырады. Осылардың барлығында да *сұм* сөзінің мағынасы «бақытсыз, талайсыз, сормандай» дегенге саяды. Шы-

нында да шүм деген сөз парсы тілінде «несчастный, несчастливый; злосчастный, злополучный» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз қазақ тілінде дыбысталуы сәл өзгеріп (*шүм* дегеннен *сүм* болып), сол өз мағынасына және бір ренк қосып, өте ертеректе енген деп топшылаймыз.

Осы ренк — бұл сөздің адамның (жастың) ата-анасынан жетім қалып не бірге туған аға-інісінен, баласынан айрылып немесе жал-құйрықсыз (аға-інісіз) жалғыз есіп «сормандай, бақытсыз» болған жағдайында айтылуы. Мысалы, Алмажан Азаматқызы (XIX ғ. I жартысы) өзі туралы «өспей кеткір сүм басым» дейді, ал мұны Алмажан әке-шешеден жетім қалып, 9 биғе шағынған өлеңінде айтады. Сәкен Сейфуллин келтірген материалдарда жалғыз қызы өлген шешенін жоқтауы бар. Оnda шешесі былай дейді:

Ақ өшкі сен де мұнды, мен де мұнды,  
Жаротты алла неге біздей сүмды,  
Келгендे елу беске сүмьрай Бетен  
Айрылғын жағызылан анырап қалды (С. Сейфуллин VI, 149).

Мұнда да шеше өзін *сүм*, *сүмьрай* деп атағанда жалғыз қызынан айрылып сормандай болып отырғанын білдіреді. Қозыға өрмегі үзілген кемпір: «Қатынынан айрылған *сүм* жүгірмек», — дейді. Бұл жерде де *сүм* сөзі жақынынан айрылған бақытсызыққа қарата айтылған.

Сүм тұлғасы *сүмьрай* түрінде де келеді. Бұл күнде *сүмьрай* — мүлде жағымсыз қасиеттің атауы екені жоғарыда көрсетілді, Өткен ғасыр сөздіктерінің өзінде қазақ тіліндегі *сүмьрай* сөзін «хитрец» деп танытады (Ильминский, 164). Қазіргі қарақалпақ тілінде *сүмьрай* — өтірікші, алдаушы. Ал ертеректе *сүм* мен *сүмьрай* бірінің орнына бірі айтыла бергенге үқсайды және мағынасы «бақытсыз, талайсыз, сормандай». Мысалы, «Қозы Қөрпеш» жырында:

Мен *сүмьрай* сенен қалып не көрермін...  
Кім айтты мұны саған, *сүмьрай* балам, —

деп те келеді. Алмажан өзі туралы бір жерде:

Алмажан сынды *сүм* апаң, —

десе, енді бір жерде:

Сүмьрай туған қыз Алмаш, —

дейді.

Сыбай. Бұл сөз әдетте *сыбай-салтаң* деген кое сөз

күрамында айтылады. Ілгеріректе *сыбай* сөзінің жеке тұрып, белгілі бір мағынаны білдіргенін байқаймыз. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

Көп қайырыц тиеді  
Елінде қоңсы-*сыбайга*, —

деп келеді.

Өткен ғасырда құрастырылған Н. И. Ильминскийдің сөздігінде: *сыбай* — живущий близ чьего аула (Н. Ильминский, 158) деген мәлімет бар. Сонда *сыбай* сөзі қоңсы сөзінің синонимі іспеттес болып қеледі. Оны жогарыдағы мысалда екеуінің қатар қолданылғаны да белдеді түседі. Ал жалпы *сыбай* сөзінің семантикасында (мағынасында) «салт, бір өзі, қарақан басы» (яғни «баласыз, мұлікіз, туыстарсыз» деген сиякты) үтімін бары сезіледі. Қыргыз тілінде бұл сөз *субай* ғұлгасында жеке қолданылып мал туралы айтылса, «төлеіз» дегенді (*субай* жылқы — ішінде төлдері жоқ жылқы үйірі), ал адам жайында айтылса жалпы «баласыз әйел» немесе «бала-шағасын ертпей шыққан (бір жерге келген не кеткен) әйел»: *субай барамыз* деген сөз бала-шағасыз және артық жұксіз бір жерге кеткен не барған ересектер дегенді білдіреді. Қазақ тілінде біреудің аулына жақын келіп қоныс телken адамның *сыбай* аталуында да өз руластарынсыз салт, пара (бір өзі) деген мән бар. Қоңсы да сондай, бұрын қоңсы қону деген сөз өз аталастарынан шығып, өзге атаниң, өзге рудың адамын панақау дегенді білдірген. *Сыбай* сөзінің «бір өзі, қарақан басы» деген мағынасы Қобыланды сынды аға-інісіз жалғыз бас батырға астындағы тұлпарының:

Ат қызып тәпірім жаратты  
Сен сықылды *сыбайга*, —

дегенінен де аңғарылады. Қазіргі әдеби тілімізде *сыбай* сөзінің жеке тұрып қолданылуы кемде-кем.

**Сызу.** Бұл сөздің мағынасын қазіргі қолданысымызыңда «сызық түсіру, сызық салу» (КТТС, II, 298), яғни орысша «чертить» деп қана ұғамыз. Ал жырларда бұл сөз «жазу» мағынасында қолданылады:

Мінезінен таба алмадым бұзығынды,  
Қаламменен хат таныған *сызығынды* («Қарабек»).

«Қобыланды» жырында:

Іс тағдырға *сызылды*, —

десе, мұндағы тағдырға сыйылды тіркесі тағдырда со-  
лай жизылды деген мәнде. Қазақ сөздерінің ертелі-  
кешті сыр-сипатын өте жақсы білетін галым академик  
Ә. Марғұлан *сызу* сөзінің «жазу» мағынасын тап ба-  
сып, Шоқан жазбаларындағы «Манас» жырының қыр-  
ғызыша тексін қазақша аударғанда орынды пайдалан-  
ған. Мысалы,

Алақандай ак қағаз  
Хат сыйдырып ала кел («Көкетайдың ертегісі»).

*Сыз* сөзі — түркі-монголға ортақ сөз. Якут тілінде *сурой* — «жазу» деген сөз, чуваشا «жазу, сыйзу» дегенді *сыр* дейді. Монгол тілінде «сызу, сурет салу» деген мағынада зура (*x*) сөзі бар. Осы күнгі *сурет* (монголша *зурат*) деген есім сөздің де түбірі — осы *сур* (*сыр*). Ал *сыр* (*сур*) сөзінің өзге түркі тілдеріндегі фонетикалық варианты *сыз* (*суз*). Түркі тілдерінің көпшілігінде з дыбысымен келетін кейбір сөздер чуваши тілінде (және монгол тілдерінде) *r*-мен айтылатындыры — тіл гылымында белгілі құбылыс. Мысалы, *егіз* («двойня») сөзі чуваша *йекер* болып келеді, қазақша «қамырды жаз (жай)» деген мағынада чуваши тілінде *сар* сөзі келеді, *өгіз~өкүр*, *аз~ар* сөздерінің катарында *сыз~сыр* сөздері тұрады. Демек, *сыз* сөзінің о бастағы бір мағынасы «жазу» болған (алғашқы түркі жазуларының өзі тасқа қашап, яғни сыйып жазу болғандықтан, бәлкім «жазу» үғымы *сызу* сөзімен айтылған болар). Қайткенде де *сызу* сөзінің «сызу» мен катар «жазу» мағынасы қазақ тілінде де күні кешеге дейін қолданылып келгенін ауыз әдебиеті үлгілері тілінен көреміз. Келе-келе *жазу-сызу* болып илеонастық құбылыс (бір мағынадағы екі сөздің қосарланып айтылуы) жасап, бір үғымда бір сөз ретінде қолданылғаны да байқалады. Бұл күнде екі сөз екі түрлі мағынаны білдіретін болып қалыптасқан.

**Сыншы.** Қазіргі тілімізде бұл сөздің мағынасы ай-  
қын: ол — бір нәрсені (көбінесе жазылғанды) танып  
біліп, сынап, пікір айтушы адам. *Сыншы* сөзінің казақ,  
қырғыз тілдерінде және бір мағынасы бар, ол: «атты  
жақсы танитын, оған баға бере алатын адам, эксперт».  
Мұны эпостар тілінен таба аламыз. Мысалы,

Хан Қорепінің колында  
Бір сыншысы бар еді («Кыз Жібек»).

Тарихшылардың пікірінше, бұл сөз XV ғасырдағы Цешт-Қыпшақта белгілі бір феодалдық категорияны білдірген термин сөз болған, яғни хан қасындағы сыншылар әскерді атпен жабдықтайтын хан кеңесшілері немесе инспекторлар болған болу керек (Материалы, 196). Бұл сөзді өткен ғасыр сөздіктері де көрсетеді. Н. Ильминский: сынши — исследователь, соглядатай деп береді (Ильминский, 159). Бұл жерде исследователь дегені ғылым зерттеушісі емес, атты танып-білуші, соны бағалаушы деген мәнде.

**Тәу ету, тауап қылу.** «Алпамыс» жырында Байбөрі байдың қуанышын:

Тілекті алла берді деп,  
Бабаларым келді деп  
*Тәу етті* барып айналып, —

деп суреттейді. Мұндағы *тәу етті* тіркесі өзге жырларда да кездеседі. Мағынасы «бас иді, тағзым етті (поклонился)». Бұл тіркес о баста ислам дінін қабылданғанға дейінгі нақты діни ритуалға байланысты пайда болған. Ол жайында Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Вообще скот, как единственное средство народа, ведет к разным поклонениям к нему: не наступают на кости животных; если прольется молоко, киргиз все [очищает], чтобы не оставить их (в осквернении — кесір) и чтобы умилостовить..., делая крест и поклон (тәу ету)..., (поднося) правую руку к лбу, подбородку, правому плечу, потом левому. То же делают, когда переходят через конские джели, говоря, что джези имеют кие и делают таут (тәу ету)». (Валиханов, I, 114). Демек, тәу ету о баста малдың киесін сыйлау үшін, яғни оның кесірінен сактану үшін жасалатын нақтылы ритуалдың—бас шодің атавы болған. *Тәу ету* тіркесі, сірә, малдан өзге де «киелілерге» (мысалы, айға) бас шоді білдірген. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Қара Қыпшақ Қобыланды» пьесасында екі-үш жерде «Ай көргендей *тәу еткен* деген сияқты фразаларды колданады. *Тәу ету* нақтылы бір нәрсеге (малға, айға) бас шоде айтылады. Ал тәнірі, құдай (алла) сияқты абстракт үғымдарға қазактар тәу етпейді.

*Тәу ету* дегенге тұлға жағынан ұқсас *taup etu* фразасы да бар.

Болды *taup қылғандай*  
Нист қылыш қағбаны («Алпамыс»).  
Нист еттің тәнірінің үйі кебеге

Ниет етсен жетерсін  
Жетсеп тауап етерсің (Шалқиң).

*Taup etu* тіркесі көбінесе қағбаны *taup etu* түрінде кездеседі. Қағба (арабша Ка'аба) — Меккедегі храмның аты, мұның бір қабыргасына атакты аспанға ілініп тұрған қара тас қойылған, Меккеге барушылардың барлығы осы таска қолдарын тигізбей кетпейтін болған. Мұндағы *taup* сөзінің, біздің байқауымызша, *тау* сөзіне қатысы жоқ. *Taup* арабтың *tauf* «бір нәрсениң айналу» деген сөзі; түрікше де *tauf etu* (қылу) — «бір нәрсени, оның ішінде қасиетті жерді айналып журу» дегенді білдіреді. Қағбаны *taup etu* — храмды айналып жүру, яғни Меккеге барғандықтың белгісі.

Бірақ *taup etu* тіркесінің *тау* *etu* тіркесіне сыртқы тұлғасы жағынан үқастығы мен мағынасы жағынан жақындығы (яғни бір нәрсениң қасиеттеу) оны *тау* *etu* деген сияқты «бас ию» мәнінде жұмсауға себепкер болғанға үқсайды. Мысалы, XIX ғасырда жасап өткен Нұрым жырау Шыршығұлұлының «Әтембетке айтқа-ны» деген толғауында:

Сондықтан сізге келгенім  
Кағбага тауп еткендей  
Иіліп сәлем бергенім,—

Мейді. Мұнда жырау *taup etu* дегенді бас шо — ніліп сәлем берумен шенделестіреді.

**Толағай.** Махамбеттің атакты «Ереуіл атка ср сал-май» деген өлеціндегі:

Темір қазық жастаңбай,  
Кү толағай бастаңбай,—

Леген тармақтарда кездесетін *толағай* сөзі акын жи-  
ңактарының басылымында да, мектеп окулықтарында  
да «бас» деп түсіндіріліп жүр. Бұл — біршама дұрыс.  
Бірақ бұл — таза түркі (қазак) сөзі емес, түркі-мон-  
голға ортақ немесе монгол (қалмақ) тілдеріне тән сөз.  
Қалмақ тілінде *толо* — бас, монгол тілінде *толгой* —  
1) бас; 2) басшы; бастық, ие; 3) бастаушы; 4) бір нәр-  
енің басы (мысалы, таудың); 5) бір бөлік, бір дана,  
лачка; осы сөзден «басшы болу, басқару, жетекшілік  
ту» мағынасын беретін *толгойлох* (толағайлау) деген  
тістік жасалған. Ал қазақ тілінде бұл сөз көбінесе  
ш *толағай* тіркесі түрінде жұмсалады да, біздің бай-

жалаңызша, тек «бас» деген үғымды емес, «такыр бас, жалаңаш бас» дегенді білдіреді. Бұл фразаны Махамбеттен өзге батырлар жырынан да таптық. «Ер Қосай» жырында Қосайдың Сары аты жауды барлап келуге биланы айдалага жаяу тастап кеткенде, ол:

Ер-тоқымын жастаңып,  
Құ толағай бастаңып  
Сол бұлактың басында,  
Адамы жоқ қасында  
Үш күн, үш түн жатады.

Біз топшылаған мағынаның дұрыстығын төмендегі мысалдар дәлелдей түседі. Өткен ғасырда жасаған белгілі галым, шығыс танушы Н. Ф. Катанов жинап бастырыған қазақ макал-мәтелдерінің ішінде «Құдайдан тілеғенім қолаң қара шашты еді, Құдайдың өзі кости қу толағай бастыны» деген мақалды келтіреді де, мұның екінші бөлігін «бог дал мне жену с голой головой» деп аударады. Бұл сөзді Казақстанның батыс өлкесіне ғана тән жергілікті сөз (диалектизм) деп қарастағы болмайды. Өйткені *толағай* сөзін Қөкшастау маңында туып-өсіп, сол өнірде жасап өткен Шал ақыннан да (XVIII ғ.) табамыз. Шал ақын толғауының бірінде:

Тау толағай көрінер гаси кетсе,—

дейді. Бұл сөзді Семей облысының Аяқөз маңында өмір сүрген Дулат Бабатайұлынан да кездестіреміз:

Төрт түлікке толтырды  
*Толағай* түздір кыратты.

Мінс, бұларда да, *толағай* сөзінде «жалаңаш, такыр» деген мағына бар. Сірә, бұл монгол-түркі тілдеріне ортақ сөз бе әлде монгол тілдерінен ертеректе енгел образ ба, немесе о баста *толағай бас* болып айтылған илеоназм ба (мағынасы бірдей сөздердің катар қолтанылуы) — кесіп айту қын. Бірақ қайткенде де бұл сөз қу әпиттімен келіп қу *толағай бас* (*бастаңу*), қу *толағай* көріну снякты тұракты тіркес құрап та, жеке колданылып та «жалаңаш, такыр» деген үғымға ие болған.

Қазақ тілінде *толағай* сөзінің екінші мағынада колданылғаны және кездеседі. Ол — «тоқтамай соққан катты жел». Марғасқа жыраудың (XVII ғ.) толғауында:

Тоқтамай соққан *толағай*  
Толастар мерзім жеткен дүр.—

деген сөйлемдер бар. Мұндағы толғай — жел (желдің бір түрінің аты). Сірә, бұлар омоним сөздер болар.

**Толғану, толғамалы, толғау.** *Толғану* сөзі қазірде негізінен «ойлану, терең ойга бату, бір нәрсенің шешімін кипалып іздеу» деген ұғымда қолданылады. Ал бұл сөздің «жиырылу, оралу, бір нәрсені айналу; тоңкерілу» деген көне мағынасы қазіргі қазақ тілінде ұмыт болған. Көне түркі тілінде *толға(y)* сөзі «орау, йіру» дегенді білдіргенін Махмуд Қашғари көрсетеді (ДС, 573). Л. Будагов *толғамақ* (*толғау*) сөзінің «бір нәрсені орау, йіру, қоршау, айналу, айналдыру» деген мағынада өткен кезде қазақ тілінде қолданылғанын көрсетеді (Будагов, I, 752). Казақ тіліндегі әбжыландаі *толғану* деген тіркес «әбжыландай йірілу» дегенді, одан барып, «әбжыландай арбау, қызықтыру» деген ауыспалы мәнде қолданылғандығын жогарыда айттық (қараңыз: әбжыландаі *толғанды*). Тек әбжылан емес, өзге тұста да «йірілу» мағынасын беруде осы сөзді қолданушылық бар.

*Толғау* сөзінің «орау» мағынасы *толғамалы найза, толғамалы мылтық, толғамалы балта* деген тіркестерде де келеді:

*Толғамалы ақ балта...*

*Толғамалы ала балта колға алып* (Доспамбет).

*Толғамалы ақ сүңгім* («Қобыланды»).

*Толғамалы найзамен*

*Толықсып жауга шапқанда* (Махамбет, 50).

Найза, сүңгі, айбалта (ала балта) тәрізді соғыс қарулагын ұстаганда олардың сабы сусып, жылжып кетпес үшін былғары қайыс, жіп т. б. сияқтылармен орап тастайтын болған немесе олардың ағаш саптарын спираль түрінде көртіп қоятын болған. Сондықтан оларда *толғамалы*, яғни «сабы (ұстайтын жері) оралған» деген әпитет пайды болған. Бұл сын есім келе-келе соғыс қаруын танытатын образды, көркем әпитет болып, тұрақты тіркеске айналғандығы байқалады.

Сөйтіп, ертеректе қазақ тілінде *толғау* (*толғану, толғамалы*) сөзі «орау; йіру, үйіру» мағынасында да қолданылған.

**Тостак, тостағандай.** Қазақ балалары айтатын ойын өлеңдерінде:

Бақа, бақа балпак,  
Басың иеге жалпақ?  
Көзің иеге тостақ?—

Деген сөздер бар. Адам қорыққанда көзі тостағандай болды дейміз. Бақаның бір түрін тостаған бақа деп те атайды. Бақаның тасбақа деген де атауы бар. Дұрыснанда бұл тасбақа (<тостақ бақа<тостаған бақа) болу керек. Осылардың барлығындағы тостақ, тостаған сөздерінің түбірі — тостау. Көне түркі тілдерінде тоста — деген етістік болған, ол «быть широко раскрытым (о глазах)» деген мағынаны білдірген. Сонда тостақ деген сөз «кең ашылған (бажырайған)» деген сын есім болып шығады. Бақаның көзі шынында да тостақ. Ал тостағандай болды, тостаған бақа дегендегі тостаған сөзі, сірә, тоста-етістігінің есімше тұлғасы емес, тостақ көз бақа, көзі тостайды дегендегі «қазақшасы» болар, яғни тостау етістігінің өзі қолданылмайтын болғандықтан, одан жасалған туынды сөздер (тостақ) мен грамматикалық тұлғалары казақ тілінде түсінікті, мағынасы «икемділеу» сөзбен ауыстырылуы ықтимал: тостаған — дәңгелек ағаш ыдыс, сондықтан көзі тостағандай болды деген «көзі кең ашылып, тостаған сияқты дәңгеленіп, үлкейіп көрінеді» деген ұғымға икемдеуге болады, тостаған бақа да сол сияқты. Ал шындығында тостаған бақа<тостақ бақа «көзі тостақ жөндік», көздің тостағандай болуы — көздің кең ашылуы (тостаған сияқты болуы емес).

**Тұлей.** Бұл сөз қазақ тілінде көбінесе тұлқі жортпас тұлей, тұлейден қашқан тұлқі деген сияқты тіркестерде кездеседі. Тұлей сөзін түсіндірме сөздікте де, фразеологиялық сөздікте те «қалың, ну» (КТС, II, 293), «қалың ну орман» (Кенесбаев, 526) деп анықтайды. К. К. Юдахин қырғыз тіліндегі тұлей (Тұлкі жүрбос тұлей жол) сөзін «санырау, мылқау» мағынасындағы дұлней сөзімен бір деп табады да, жоғарыдағы мысалдағы тұлей жол дегенді «глухая дорога» деп аударады. Тұлей мен дұлней (дұлней күши, дұлней адам дегендегі) сөзлері бір сөздің фонетикалық екі варianты ма, жок, екі бөлек сөз бе, оны этимологтардың үлесіне қалдыра тұрып, тұлей сөзінің контекске қарай мағынасына үцілсек, «қалың (шөп, бұта, орман, қамыс т. б.), ну (орман)» дегеннен төрі «жапан тұз, жалпақ лала» дегенге жуық келеді.

Мысалы, «Алпамыс» жырында:

Қарсақ жортпас қалыциаи  
Кәргип кетіп барады  
Тұлкі жортпас түлейден,  
Алыш-адыр белдерден  
Шапқанда шашы бұркырап,  
Жұлдыздай болып агады,—

деген жолдарға қарағанда, *түлей* сөзі «ну орман» дегенин гөрі «жалпақ дала, ұшы-қырысыз қашықтық» дегенді білдіретін тәрізді, өйткені жұлдыздай ағу үшін орман емес, адыр-адыр белдері бар ен дала, үлкен кеңістік керек. Эрине, бұл тіркестер образ ретінде қолданылған, сондықтан тіркес компоненттерінің жеке түрғыдағы мағынасының дәл, өзгермей келуі шарт та болmas, дегенмен образ жасайтын фразалардың мағынасы шындықтан туатындығын ескермеске және болмайды. Сол сияқты, «Камбар» жырында:

*Түлейден қашқан тұлкінді*  
*Ұстаймы қуып ендестіп,—*

дейді. Мұндағы «ендестіп қуу» деген фраза «көсіліп, тұлкі жолын қеулеп» деген мағынаны беретінін ескерсек, тұлкі қашатын *түлей* — орман емес, ашық жер, жалпақ дала. Сірә, біздіңше, *тұлкі жортпас түлей* дегендегі *түлей* осы соңғы мағынаны білдіреді (тіпті тұлкі жүрмейтін жапан тұз). Жоғарыдағы мысалда да қарсақ *жортпас* қалың, яғни «орманды, шөпті» дегендей жынысты жер» және *тұлкі жортпас түлей*, яғни «жапан тұз, жалпақ дала» деген параллельдер тәрізді. Қырғыз тілінде *түлей жол* сияқты тіркестерде келетіні де осы мағынаны («жапан тұз») білдіреді; өйткені жолдың үстіне ну орман өспейді гой; *тұлкү жұрбос тұлөй жол тұнде кетип баратам* (фольклордан) еду я ночью по глухой дороге, где даже лиса не ходит (Юдахин, 780). Казак жазушыларында қу *түлейде жорту* деген тіркесте де кездеседі, мұнда да «қу дала, ен дала, жапан тұз» деген ұғымды береді.

Үдере көшу, үдеру. Қөшпелі түрмис жағдайында қүні кешеге дейін қазақ тілінде үдере көшиу тіркесі жиңи қолданылған. Бұл тіркес жырларда да кездеседі. Мысалы, «Кобыланды батырда»:

Кобыландыға қарамай,  
Үдере көшті көп косын,—

дейді. *Үдере көшү* — көштің кештетіп жүріп келіп, бір жерге конып, ертеңіне сртемен қайта ілгері қарай көшүі, яғни көштің тал түсте аялдан тынығызы, өйткені тал түстегі ыстықта жүргеннен гөрі, таңертенгі жәнс кешкі салқынмен көшу адамдарга да, көлікке де, малға да қолайлы болған. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі бұл тіркеске дұрыс аныктама бермеген, мұнда, *үдере көшті* — бір конықса ұзак аялдамай ілгері қонарыла (?) көшті — деп түсіндірілген. *Үдере көшү* легенинің дұрыс аныктамасын өткен ғасырдағы қазақ тілі сөздіктері анық, айқын, дұрыс берген болатын. *Үдеру* — кочевать или ехать так, что половину пути сделать вечером, а другую — утром; кочевать после полудня через безводную степь (Кирг.-русс. сл. Оренбург, 1897). Осыдан туған *үдерім* сөзі де бар. Мысалы, Махамбеттей:

Мен атайдың жүйрік баласы  
Алты үдерім жер шантыраң да жағынаи.

*Үдерім* — 20—25 шақырым жер, яғни бір рет *үдере* көштетін қашықтық (20—25 шақырымының бір бөлігін кештетіп, қалғанын ертеңіне ертелетіп көшіп жететін қашықтық). Мұны Л. Будагов: намаздыгерден кешкі 9-дарға дейін, таңертен өртемен сағат 10-дарға дейін көшу деп тіпті айқындаі түседі (Будагов, II, 119). *Үдеру* сөзінің түбірі — үд, бұл монгол тілінде «талтұс (поздень)» деген мағынаны білдіреді. Демек, *үдеру* сөзінің ұғымында «тұс кезі, талтұс, күндізгі уақыт» деген мән бар, яғни көштің осы уақытта көшуі (О. Жанпейісов, 109) емес, керісінше аялдауы, тоқтауы дегенді білдіреді. Бұл түбірден жасалған осы мәндегі сөз алтай тілінде де бар екенін Л. Будагов көрсетеді: *үделе*—«остановиться днем на пути для отдыха, позднинчать (Ср. с кирг. (казах.) глаголом үдер-) (Будагов, I, 797).

Бұл сөз көшпелі түрмис шілккен барлық түркі халықтарында емес, қазақ, алтай сияқты тілдерде кезделсетіндігі осы халықтардың жерлері мен (ландшафт, территория) климатына қарай осылайша күндіз аялдан көшу тәртібі болғандықтан болар. Көшпенделік түрмис тоқтаганнан кейін бұл сөздің де мағынасы күңгірттеніп, кейбір қаламгерлер мағынасын білмей, орынсыз жерде қолданып жүргені де кездеседі.

Сонымен қатар, кейбір тұстарда үдеру сөзін «жүру, аттану; бірінің соңынан бірі жүру» деген сиякты мән беріп қолдану да кездеседі. Мысалы, «Қобыланды» жырының тағы бір жеріндегі:

Кей жерде жаяу үдеріп,  
Кей жерде жатып түседі.—

деген жолдарда үдеру — «жүру» мағынасында. Сондай-ақ, Дулат:

Үдере тартып көшкенсі,—

дегенінде, контекске карасақ, күндізгі аялдау мағынасында айтып түрған жоқ, көшу, бірінің соңынан бірі көшіп кетуді айтып отыр. Велосипедшілер үдере шауып барады (С. Бердіқұлов, «Мұнайып ояниған қала»). Соған қарағанда үдеру (үдіру) етістігінің «талтұсте аялдау» дегеннен басқа мағынада да келген варианты болған болу керек. Мұның түбірі көне түркілік үд — «следовать» сөзі болуы мүмкін. Бұл жағдайда үдіру (үдеру) етістігі жалпы «жүру, бірінің артынан бірі жүру» мағынасын қамтыған омоним сөздер болып шығады, яғни екеуі екі бөлек сөз болуы ықтимал. Осы мағынада қолданылған үдай сөзі де соңғы үдеру етістігімен түбірлес болуы мүмкін. Мысалы, «Қозы Қөрпеш» жырындағы:

Токтамай күп-түн қатып үдаай көшіп,  
Балталы, Бағаналы елге кепті.—

деген жолдарға назар аударалық.

### Шар. «Қамбар батыр» жырында:

Ақылың болса, жарқыным,  
Жіберме шарға ісімді,—

деген жолдар бар. Мұндағы шар сөзін осы жырды 1957 жылы жеке кітапша етіп бастырып шығарушылар: «шар — тас, ертеде болыстарды сайлағанда қолданылған... Болыс басқармасын кейде «шар» деп атаған. «Қамбарда» осы соңғы мағынада қолданылып отыр» деп түсіндіріпті (кітаптың 115-бетін қараңыз). Бұл — жаңсақ түсіндірме. Жоғарыдағы жолдардагы шар сөзі дау-шар дегендегі шар сөзі, мағынасы «дау». Мағынасы бірдей екі сөздің косарлана жұмсалатыны, яғни плеонастық құбылыс болатыны белгілі. Солардың бірі — дау-шар сөзі, екі компоненті де бір мағынада, ол — «дау, жанжал». Қазақ тілінде шар сөзі жеке тү-

рып та «дау, жанжал» мағынасында қолданылып келген.

*Шарға салып басыңды  
Бола көрме сен құмар,—*

Легенді «Қобыланды» жырынан да оқимыз.

Дулаттан:

*Аласпайтын даңғыл жол,  
Қасым салған қасқа жол  
Шарға соғып із кетті,—*

деген өлең жолдарын көреміз. Бұл мысалдарда, әрине, болыс сайлауды, болыстық туралы әңгіме жок, мұндағы *шар* сөзі — *дау* деген сөздің синонимі, егіздің сынары ретінде қолданылып тұр. *Шар* сөзі *дау-шар* деген қос сөзден өзге, біреудің басын *шарға салу*, *ісін шарға жіберу* сияқты тұрақты тіркестердің құрамында қолданылуға бейімделген. Сондықтан жоғарыдағы сияқты жансақ түсіндірмелерді түзетіп дұрыс оку керек.

**Шыбын: шыбын жан.** Қазақ тілінде *жан* сөзімен қосақтасып *шыбын жан* болып *шыбын* сөзі жүреді. Мысалы, «Қобыланды» жырында:

*Оулиеге ат айтып,  
Корасанға қой айтып,  
Шыбын жанын және айтып...  
Шырағымның шыбын жан  
Жасаган, саған аманат.*

Кейде *шыбындай жаны* түрінде де келеді:

*Келмембет кірді ханына  
Ара түсіп Қамбардың  
Бір шыбындай жанына («Қамбар»).*

Көлі Көрпешке анасы:

*Бір шыбындай жаныңды корға, балам,—*

дайді. Бұл тіркестердегі *шыбын*, біздіңше, *шыбын-шіркей* мағынасындағы сөз емес тәрізді. Сірә, парсының *жан* сөзімен қатар осы мағынада *шыбын* сөзі қолданылған тәрізді. Өйткені *шыбын* сөзі *жан* сөзін қосарламай да «*жан*» мағынасында қолданылып келген. Мысалы, «Қобыланды» жырында Құртқа Қобыландыға:

*Шыбыныңды тапсырдым  
Бір жаратқан құдага,—*

дейді.

Жалғыз ауыз әдебиеті тілінде емес, жазушылардың қолданысында да «жан» мағынасында шыбын сөзі кездеседі. Мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қамар сұлу» романында науқас Қамар туралы: «Құр шыбыны бар» деген суреттейді.

«Жан ұшырып» мағынасында, соның синонимі ретінде шыбын болып деген тіркес те кездеседі. Мысалы, Шоқан Ұәлиханов жазып алған «Қозы Қөрнеш» жырында:

Карабай, Сарыбаймен аңға желген,  
Бір адам шыбын болып үйден келген,—

деген жолдарды оқымыз.

Шыбын жан тіркесі жөнінде бұл қүнге дейін «діни ұғым бойынша кісі өлгенде жаңы шыбын тәрізді ұшып кетеді-мыс» деген пікір айтылып келеді (Кеңесбаев, 569). Бірақ біздің бір топшылауымыз және бар. Махмұт Қашғаридың көрсетуі бойынша көне түркі тілдерінде ҹывы (ҹыбы) сөзі діни ұғымды берген, ол «дух, покровитель племени» (ДС, 151). Мүмкін ҹыбы (н) сөзімен ру-тайпаны жебел-корғап жүретін ғана емес, адамдарды да қолдап-жебейтін күшті де, яғни адамның жаңын да білдірген болу керек. Бірақ бұл пікіріміз — әзірge жорамал ғана. Біз бұл жерде бір нәрсені кесіп айта аламыз. Ол қазақ тілінде «жан» — мағынасында шыбын сөзінің жеке түрүп та қолданылғандығы. Мұны жоғарыдағы мысалдардан басқа да фактілер дәлелдейді. Мысалы, халық өлецінің қайырмасында келетін: «шыбыным, шыбыным, айдарлым» деген сөздерде де шыбыным — жаным деген сөздің баламасы.

Ал шыбындай жаңы деген тіркестегі -дай жүрнағының жалғануы, біздіңше, нақты теңеу үшін болып тұрманған тәрізді. Бұл жүрнақ түп-төркіні бейтансыс сөздерге жалғануға бейім екенін тіл мамандары әрдайым көрсетіп келеді (еңгезердай, өндірдай, алпамсадай, зымырандай т. т.), шыбындай жан дегенде де -дай жүрнағы теңеуден гөрі, екінші сөздің дәлме-дәл эквивалентін білдіру қызметін атқарып тұрған тәрізді.

### Қысқартылып көрсетілген әдебиет

- Абай I, II — Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I—II томдар. Алматы, 1957.
- Аманжолов — С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.
- Боровков, Тефсир — А. К. Боровков. Лексика среднеазиатского тефсира XII—XIII вв. Москва, 1963.
- Будагов, I—Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. т. I, СПб., 1869.
- Валиханов, I—Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961.
- Вельяминов-Зернов — Исследование о Касимовских царях и царевичах В. В. Вельяминова-Зернова, Часть 2, СПб., 1864.
- Диал. сөздік — Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.
- Доскараев Н.— Ж. Доскараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Лексика. II бөлім. Алматы, 1955.
- ДС — Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.
- Ерт. ад. нұск.— Ертедегі әдебиет нұскалары. Алматы, 1967.
- Жамбыл.— Жамбыл Жабасев. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 1946.
- Жаппейісов.— Е. Жаппейісов. М. Эуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тізі. Алматы, 1976.
- Ильминский.— Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия с казахско-русским словарем, Каинан, 1861.
- Кайдаров.— А. Т. Кайдаров. Доспехи и вооружение воина-баталиста в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение.— Известия АН КазССР. Серия общественная. 1973, № 6.
- Кенесбаев, I. Кенесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.
- Кирг.-руск. сл. 1897 — Киргизско (казахско)-русский словарь. Оренбург, 1897.

- Касиманов** — С. Касиманов. Қазақ халқының колөнері. Алматы, 1969.
- КСЭ** — Қазақ совет энциклопедиясы. I—X томдар. Алматы, 1972—1977.
- КТТС**, I — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, I том. Алматы, 1959.
- КТТС**, II — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, II том. Алматы, 1961.
- КТТС**, 1974, I — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974.
- КТТС**, 1974, II — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, II том. Алматы, 1974.
- КТТС**, 1978, III — Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, III том. Алматы, 1978.
- Құрышжанов** — А. Қ. Құрышжанов. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». Алма-Ата, 1970.
- Монг.-русс. сл.** — Монгольско-русский словарь. Москва, 1957.
- Наджип. Архаизмы...** — Э. Н. Наджип. Архаизмы в лексике «Гулистана» Сейфа Сараи. — Кр. сообщения Института народов Азии. Монголоведения и тюркология. М. 1964, № 83.
- Омарбеков** — С. Омарбеков. Қазақтың аудызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965.
- XVIII—XIX ғ. қазақ ақындары** — XVIII—XIX ғасырлардагы қазак ақындарының шыгармалары. Алматы, 1962.
- Перс.-русск. сл.** — М. А. Гафаров. Персидско-русский словарь. Т. т. I—II. Москва, 1976.
- Радлов. VII** — В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть VII. Наречия Крымского полуострова, СПб., 1896.
- Радлов** — В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. I тома, СПб., 1888—1905.
- Сейфуллин. VI** — С. Сейфуллин. Шыгармалар, VI том. Алматы, 1964.
- Снесарев** — Г. П. Снесарев. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. М. 1969.
- Старчевский. Спутник...** — А. Старчевский. Спутник русского человека в Средней Азии, заключающий в себе словари языков... II киргизского (казахского)... СПб., 1878.
- Турец.-русск. сл.** 1977 — Турецко-русский словарь. Москва, 1977.
- Түркмен дилинин сөzlүги** — Түркмен дилинин сөzlүги. Ашхабад, 1962.
- Үйг.-русск. сл.** — Уйгурско-русский словарь. Составил Э. Н. Наджип. Москва, 1968.
- Ушаков** — Толковый словарь русского языка. Под редакцией Д. Н. Ушакова, т. т. I—II—III—IV. Москва, 1935—1940 г. г.
- Фазылов. I, II** — Э. Фазылов. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века, т. т. I, II. Ташкент, 1966.
- Шипова** — Е. Н. Шипова. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата, 1976.

Этимол. сөздік — Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы, 1966.

Юдахин — Киргизско-русский словарь. Составил К. К. Юдахин. Москва, 1965.

### Қолданылған белгілер

- > тұлғасы немесе мағынасы жағынан сөздің өзінен бүрынғы түрі.
- < тұлғасы немесе мағынасы жағынан сөздің өзінен кейінгі түрі.
- ~ Қатар қолданылатын тұлғалар, сөздер, тіркестер.
- / сөз (тұлға) варианты.
- + түбірге қосымшалардың не өзге түбірдің қосылуы.

М.А.Маметов

Мемлекеттік мәдениеттік мекемесінің



210030175451

**Сыздыкова Рабига**

**ИЗ ИСТОРИИ СЛОВ  
(на казахском языке)**

Редакторы *A. Шынбатыров, К. Назарова.*  
Худож. редактор *К. Бекенов.*  
Техн. редактор *И. Жураевлеев.*  
Корректор *К. Садвакасова.*

### **ИБ № 1514**

Сдано в набор 28.04.80. Подписано к печати 22.08.80. УГ14314. Формат 84×108 $\frac{1}{2}$ . Бумага тип. № 3. Печать высокая. Гарнитура литературная. Объем 4,0 п. л. Усл. п. л. 6,72. Уч.-изд. л. 5,922. Тираж 10.000 экз. Заказ № 3144. Цена 25 коп.

Издательство «Мектеп» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Полиграфия оперативной и билетно-бланочной продукции производственного объединения полиграфических предприятий «КИТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 15/1.



25 τ.

